

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі

Академик Е.А.Бөкетов атындағы
Қарағанды мемлекеттік университеті

З.Н.ЖУЫНТАЕВА

СӨЗ ТАПТАРЫНЫҢ МӘТІНТҮЗІМДІК СИПАТЫ

Монография

Репозиторий Қарғу

Қарағанды – 2014

*Е.А.Бөкетов атындағы ҚарМУ-дың
Ғылыми кеңесімен ұсынылған*

ӘОЖ 821.512.122.09

ББК 83.Каз

Жуынтаева З.Н.

Сөз таптарының мәтінтүзімдік сипаты:

Монография. – Қарағанды: ҚарМУ баспасы, 2013. – 149 бет.

Монографияда қазақ тіл біліміндегі сөз таптарының мәтінтүзімдік сипаты қарастырылған. Сөз таптарының, оның ішінде, есімдіктердің, шылаулардың, сан есімдер мен үстеулердің мәтін байланыстырудағы қасиеттері сөз болады. Монография филологтарға, магистранттар мен жоғары оқу орындарының студенттеріне арналған.

ӘОЖ 821.512.122.09

ББК 83.Каз

Пікір жазғандар: А.С.Адилова, филология ғылымдарының докторы, профессор;
Қ.З.Сембиев, филология ғылымдарының кандидаты, профессор

Жуынтаева З.Н., 2014

М А З М Ұ Н Ы

| | |
|--|------------|
| Кіріспе..... | 4 |
| 1 ТІЛ БІЛІМІНДЕГІ СӨЗ ТАПТАРЫ ЖӘНЕ МӘТІН МӘСЕЛЕСІ | |
| 1.1 Сөз таптарын таптастыру принципі және сөз таптарының зерттелуі | 6 |
| 1.2 Тіл біліміндегі мәтіннің зерттелу жайы | 13 |
| 2 СӨЗ ТАПТАРЫНЫҢ МӘТІН БАЙЛАНЫСТЫРУШЫЛЫҚ СИПАТЫ..... | 42 |
| 2.1 Есімдіктердің мәтінтүзімдік қасиеті..... | 42 |
| 2.2 Шылаулар және олардың мәтінтүзімі..... | 81 |
| 2.3 Сан есімдер мен үстеудің мәтін түзудегі ерекшеліктері..... | 119 |
| ҚОРЫТЫНДЫ..... | 141 |
| Пайдаланылған әдебиеттер тізімі | 143 |

К І Р І С П Е (АЛҒЫ СӨЗ)

Грамматика – тіл білімінің бір саласы. Оның морфология және синтаксис салалары құрылымдық деңгейде жан-жақты зерттелген. Морфологияның зерттеу нысанында сөз құрамы, сөз таптары қарастырылса, синтаксисте сөз тіркесі, сөйлем мүшелері, жай сөйлемнің құрылымдық типтері, сөйлемнің түрлері зерттеліп келді.

Тіл білімінде соңғы зерттеу жұмыстарының бағыты дәстүрлі құрылымдық жүйе деңгейінен асып, тілді қатысым, білім беру, таным құралы ретінде зерттеу деңгейіне көтерілді. Осымен байланысты ерекше назар аударылып зерттеле бастаған тілдік қатысым құралы – мәтін.

«Синтаксис – мәтіннің тілдік коммуникацияны қамтамасыз етудегі ең пәрменді түрі. Сөйлем айтушының ойын жеткізудің басты формасы ретінде танылады. Мәтін құрайтын сөз тіркесі, оның құрылысы, сөйлемнің түрлері, оның жасалу жолдары, сөйлемдегі сөз таптары мен оқшау сөздер, олардың мәтін құраудағы қызметі синтаксистік заңдылықтарды білу қажеттігін міндеттейді» [1,7] дегендей, синтаксистің бір нысаны мәтін синтаксисінде мәтіннің теориясы мәселелері қарастырылады.

Мәтін – тұтасқан, аяқталған құрылым. Оны құраушы элементтер бір-бірімен жымдасып, іштей ұйымдасып жатады. Бұл бөлшектердің мәтін құрамында атқарар қызметі зор. Бір бөлшектің өзгеріске ұшырауы, бүтін мәтін құрылымы мен мағынасының өзгеруіне әкеп соғады. Өйткені барлығы бірлесе келіп, бір идеяны жасауға атсалысады. Сөйтіп, мәтіннің басты сипаты тұтастығы және оның мүшеленуі болып табылады.

Мәтін, ең алдымен, коммуникативтік дербестікке ие болады. Мәтіннің пайда болу фактісі оның түгелімен біреуге бағытталғанында. Осы тұрғыдан мәтін – адамдар арасындағы қарым-қатынас жасаудың құралы ретінде адамдардың оны қоршаған нақты бейнесі туралы хабар алуын, танымдық ой-өрісін білдіру амалы. Соған байланысты мәтіннің коммуникативтік-прагматикалық аспектілерін ескеру қажет.

Мәтін синтаксисі оның байланысуында құрылымдық-мағыналық бірлігін айрықша көрсету мәселесімен шұғылданады.

Мәтін – сөйлеу процесінің жемісі. Ол тілді жүйелі қолданудың барысында ғана пайда болады. Сөйлеу процесі сырт қарағанда игерілмеген құбылыс сияқты көрінгенмен, шындығында, тіл жүйесі оған әсерін тигізіп отырады. Мәтін – жазудың шығуымен байланысты қалыптасып жетілген және әрі қарай дамып отыратын тілдік құрылым [1, 7].

Грамматика сөздердің бір-бірімен қатынасын білдіреді. Қатынас жасау, пікір алысу сөйлемдегі сөздер мен сөз тіркестеріне негізделеді. Грамматика тілде ұйымдастырушы қызмет атқарады.

Сөз таптарын таптастыруда оның лексика-семантикалық, морфологиялық, синтаксистік қызметтеріне көңіл бөлініп келеді. Сөз таптарының тағы бір қыры, яғни сөйлемдердің арасын байланыстырушылық қасиеті бар екендігі ғылымда дәлелденіп отыр. Біздің еңбегімізде мәтіннің сөз таптарына қатысы, оның ішінде есімдіктердің, шылаулардың, сан есім мен үстеудің мәтінмен байланысы сөз болмақ. Тілімізде сөз таптарының морфологиялық тұрғыдан жан-жақты зерттелгені белгілі. Ал олардың мәтін түзудегі қасиеті әлі де зерттелу үстінде. Біз еңбегімізде осы аталған мәселелерді қарастырмақпыз.

Бұл еңбек ҚР МЖМБС 11.05.289 – 2007 жалпығы бірдей білім беру Мемлекеттік стандартына сәйкес

5B020500 – филология мамандығына арналған «Қазіргі қазақ тілінің құрмалас сөйлемі» пәніне және ҚР МЖМБС 3.08.267 – 2006 жалпығы бірдей білім беру Мемлекеттік стандартына бойынша құрастырылған 5B011700 – «Қазақ тілі мен әдебиеті», 5B012100 – «Қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі қазақ тілі мен әдебиеті» мамандықтарындағы «Қазіргі қазақ тілінің синтаксисі» пәндеріне қосымша құрал бола алады. Сондай-ақ магистратурада «Мәтін интерпретациясы», «Тіл білімінің өзекті мәселелері», «Тіл біліміндегі жаңа бағыттар» курстарына да көмекші құрал ретінде қолдануға болады.

1 ТІЛ БІЛІМІНДЕГІ СӨЗ ТАПТАРЫ ЖӘНЕ МӘТІН МӘСЕЛЕСІ (Тіл біліміндегі сөз таптары мен мәтіннің зерттелу жайы???)

1.1 Сөздерді таптастыру принципі және сөз таптарының зерттелуі

Грамматика морфология мен синтаксис салаларынан құралатыны белгілі. Морфология сөздердің морфологиялық құрылымы, қосымшалардың түрлері, сөз формаларын зерттейді. Синтаксис сөз тіркесі, сөйлем, мәтін туралы қарастырады. Мәтін синтаксисі тіл білімінде кейінгі жылдары қарастырылып жүр. «Қазіргі қазақ тілі» (2005) авторлары синтаксистің зерттеу нысанының бірі мәтін синтаксисі екендігін айта келіп, «Мәтін – құрылымдық синтаксис пен қатысым синтаксисінің негізгі тұлға бірлігі. Оның белгілері, құрылымдық ерекшелігі, түрлері, ол жайында ғалымдардың көзқарастары, сөйлеммен арақатынасы, күрделі синтаксистік тұтастық-мәтін негізгі тұлға бірлігі екендігі қарастырылады» [2, 416] деген. Сондықтан мәтін түзуші құралдардың өзіндік ерекшеліктерін

біз де сөз етпекпіз. Алдымен сөз таптары мен мәтіннің арасында қандай байланыс бар екендігін, олардың мәтінтүзімдік қасиетін қарастырмас бұрын сөз таптарының зерттелу тарихына, сөздерді топтастыру мәселесіне тоқталып өтейік.

Сөздерді таптарға бөлу ерте заманнан басталған. Орыс ғалымдары, орыс түркологтары зерттеулерінде сөздерді таптастырудың принциптерін көрсетеді. С.Мұхтаровтың «Қазақ тіл біліміндегі сөздерді таптастыру мәселесі» атты оқу құралында сөздерді семантикалық-құрылымдық топтарға (сөз таптарына) жіктеу теориясының қазақ тіл біліміндегі даму барысы, сөз таптастыру шарттарының өзіндік сипаттары мен олардың қазіргі жайы сөз болады. Еңбекте сөз таптастырудың семантикалық, морфологиялық, синтаксистік принципі туралы мәселелерге тоқталады [3].

Н.И.Ильминскийдің XIX ғасырдың 60-жылы жарық көрген «Материалы к изучению киргизского наречия» атты еңбегінен басталып, М.Терентьев, П.М.Мелиоранский, В.В.Катаринский секілді, тағы басқа орыс түркологтарының миссионерлік мақсатта жазылған еңбектерінде жалғасын тапқан қазақ тілі сөздерін түрлі тапқа бөлу ісі ғұлама ғалым, біртуар тұлға А.Байтұрсынов есімімен тығыз байланысты болды. Бүкіл саналы ғұмыры ғасырлар тоғысына сәйкес келген А.Байтұрсыновтың XX ғасырдың алғашқы ширегінде қазақ халқының саяси-әлеуметтік, қоғамдық өміріндегі орны ерекше еді [3,18]. ...Сөз таптастырудың синтаксистік принципі дегенде, көп зерттеулерде айтылатындай, белгілі сөз табына тән сөздердің сөйлемде сөйлем мүшесі қызметін атқаруын ғана емес, оның алдында сөздердің тіркесімділік қабілеті тұратынын әрдайым есте ұстау керек. Себебі, тілдегі сөздер ешқашан жеке-дара өмір сүрмейді, тек сөйлем құрамында ғана басқа сөздермен байланысқа түсіп, өзінің толыққанды қызметін өтейді, яғни адамдар арасындағы қарым-қатынасқа қызмет етеді. Ал, сөздер арасындағы

байланыс, қарым-қатынас сол сөздердің өздерінің семантикасына тікелей байланысты [3, 61] деген пікірден сөз таптарының күрделі синтаксистік тұтастық арасын байланыстыру қасиеті байқалады. Оны мысалдардан байқауға болады: 1. *Әбділда, Бейсенбілердің енді өздері де, орайы келсе бұғып қалып, бас сауғалап отырғанын Базаралы оңай таныды.* 2. *Ол өз сөзін іркілместен, шапшаң айтты.* 3. *Ерлік тәуекеліне бекініп алған, қайратты жүзбен қысқа гана қайырды (М.Ә.).* 1-сөйлемдегі Базаралы сөзінің орнына 2-сөйлемде *ол* жіктеу есімдігі қолданылып, сөйлемдер арасындағы қарым-қатынасты нығайтып, әрі бірінші сөйлемдегі Базаралы сөзін қайталай бермеу мақсатында жұмсалып тұр. Немесе: 1. *Үсті-басының қарын қағып, суық қапқан киімдері сықырлап екі адам кіре берді.* 2. *Бірі – төртпақ, жатаған.* 3. *Екіншісі – жұқа, қазілез.* 4. *Екеуінің қасы, кірпігі қырау.* 5. *Жұқа өңді жігіт қала үлгісімен тіккен қара драп пальтоның сыртынан қасқыр ішік киген (Ә.Нұрп.).* 1-сөйлемдегі екі адам сөз тіркесінің орнына 2-сөйлемде *бірі*, 3-сөйлемде *екіншісі* сөздері, ал 4-сөйлемдегі *екеуінің* сөзі 2, 3-сөйлемдердегі сан есімдердің орнына жұмсалған. Бұдан шығатын қорытынды: сөз таптарының, оның ішінде, сан есімнің де сөйлемдердің арасын байланыстырып тұрғандығын көреміз.

А.Байтұрсынов «Тіл тағылымында»: «Халық өмірі бір жылдап, он жылдап, хәттә жүз жылдап та емес, мың жылдап саналады. Сондай ұзақ өмірінің ішінде һәр халықтың дағдылы тұтынып келе жатқан сөздері, ол сөздерінің біріне-бірі жалғасып тізілетін дағдылы жолы, жүйесі, қисыны болады» [4, 10] деп, сөздердің, яғни сөз таптарының да даму, қалыптасу тарихы, олардың белгілі бір мағынасы, морфологиялық түрленуі, мүшелік қызметі бар екендігін көрсетеді.

Тіл білімінде сөз таптарының табиғаты жайында әртүрлі көзқарастар мен байымдаулар бар. Олардың бірі бойынша,

сөз таптары сөздердің лексика-грамматикалық категориялары болып саналса, екіншілері бойынша, сөз таптары сөздердің формальды-грамматикалық категориялары, үшіншілері бойынша, сөздердің таза грамматикалық топтары болып саналады [5, 356].

Зерттеушілер сөз таптарының сөйлем мүшелері қызметінде жұмсалу барысында біртіндеп жасалып қалыптасқанын көрсетеді. Сөз таптарының бірден емес, біртіндеп қалыптасқанын, олардың жігінің ажырап, әр басқа сөз таптарының тілдің тарихи даму барысында жасалғандығын түркі тілдерінің деректері де дәлелдей түседі. ...Тілдің ғасырлар бойындағы тарихи даму барысында оның сөздік құрамы мен грамматикалық құрылысы өзгеріссіз қала алмайды. Сөздердің лексикалық табиғатында да, грамматикалық табиғатында да алуан түрлі өзгерістер болады, олар қолданылу ыңғайына, атқаратын қызметіне қарай сараланады, топтасады. Осылайша дамудың барысында сөздердің топтары сараланып, сөз таптары жасалады да, олардың әрқайсысы өзіндік жалпы **категориялыды** мағынаға ие болады, морфологиялық жағынан тұлғаланады, сөз тудырушы және сөз түрлендіруші арнайы формаларға ие болып, сөйлемде белгілі бір синтаксистік қызмет атқаруға икемделеді [5, 368] деген ғалым пікірін орынды деп санаймыз. Мысалы, *Тәңірберген ертеңіне қадірлі қонақтарына мал сойғызып, ас-суын беріп жайлап отырып, ұзақ сонар әңгіме бастады.* (Ә.Нұрп.) сөйлемдегі сөз таптарының өздеріне тән белгілі бір мағыналары бар. Мәселен, *Тәңірберген, қонақтарына, мал, ас-суын, әңгіме* сөздері заттың атын, *қадірлі, ұзақ сонар* сынын, *ертеңіне* сөзі мезгілін, *сойғызып, беріп жайлап отырып, бастады* сөздері қимыл-әрекетті білдіріп тұр. Олардың түрленіп тұрғандығы, сөйлемде мүшелік қызмет атқарып тұрғандығы көрінеді.

Сөздердің белгілі бір тобы сөз табы ретінде қарастырылғанда, ең алдымен, оның білдіретін мағынасы есепке алынады да, зат есімдер тобына тән мағына – заттық мағына, сын есімдер тобына тән мағына – атрибутивтік мағына, етістіктер тобына тән мағына – процессуальдық мағына ретінде қаралып, аталған мағыналарды лингвистердің бірі лексикалық мағынаның (А.А.Шахматов) немесе лексика-семантикалық мағынаның қатарына жатқызса (В.М.Жирмунский), екіншілері категорияльды мағынаның немесе классификациялаушы мағынаның қатарына (А.Н.Савченко, А.Н.Тихонов, А.Ы.Ысқақов т.б.), үшіншілері грамматикалық мағынаның қатарына жатқызады (Н.С.Поспелов, М.И.Стеблин-Каменский, О.П.Суник, Э.В.Севортян т.б.) [5, 359] .

Сөз таптарын таптастыруда басшылыққа алынатын басты принциптің бірі сөздің семантикасы болып табылатындығы.

Әрине, сөздерді тек мағынасы арқылы таптастырудың жеткіліксіздігі байқалады. Сондықтан олардың морфологиялық түрлену ерекшеліктері де айрықша қызмет атқарады.

Сөз табының лексикалық (семантикалық), грамматикалық (морфологиялық және синтаксистік) белгілерін дұрыс ашу үшін, осы аталған семантикалық, морфологиялық және синтаксистік белгілердің үшеуін де бірдей түгел қамту қажет. Өйткені, егер осы үш белгінің үшеуі де тегіс қамтылса, сөздің мазмұны да, материалдық (морфологиялық) формасы да, синтаксистік функциясы да түгел ескеріледі [6,131].

Ғылым, оның ішінде тіл білімі де үнемі дамып отырады. Бұл сөздерді таптастыру теориясына да қатысты. Ғылым дамыған сайын сөздерді таптастыру теориясы да айқындалып, ол теорияның ғылыми негізі қаланып, сөздерді таптастыру жүзеге асады. Бұл жағдайлардың бәрі тәжірибеде сөздерді таптастырудағы өзгерістерді туғызады. Сондықтан

қазақ тілінде сөз таптарының танылуында әр кезеңде болған түрлі өзгерістердің өзіндік себебі бар. Сонымен бірге, тілдің дамуына байланысты өзгерістер, қолданыста қосылатын түрлі өзгерістер сөздерді таптастыру мәселесін қиындата түседі, пікір алалығын туғызып, таластар да туып жатады [7,51].

Тіл білімінде сөздерді таптастыру белгілі бір ғылыми негізге сүйеніп, жүзеге асырылады. Ғылымда сөздерді сөз таптарына таптастыруда тірек, негіз болатын үш ұстаным қалыптасқан, олар: 1) сөз табының ортақ лексикалық мағынасы; 2) сөздердің морфологиялық, грамматикалық белгілері; 3) сөздердің синтаксистік қызметі [7, 59].

Б.Момынова: «Сөз таптарының семасиологиялық негіздерін А.А.Шахматов лексикалық немесе семантикалық мағына деп түсінеді. Сондықтан да ол сөз таптарын лексика-грамматикалық категория деп таниды, себебі сөздерді сөз таптарына біріктіретін сөздердің лексикалық негізгі мағыналары болып табылады» [8,121] деп көрсетеді.

О.П.Суник сөз таптары ұғымының сөз ұғымына қарағанда мәні тар деп санайды. Өйткені сөз таптары грамматикалық құрылыстың бір бірлігі ғана, яки сөзді грамматикалық құрылыстың бірлігі деп қарауға мүмкіндік туғызатын бір аспектісі ғана. Кез келген сөз табы сөздерді жалпы грамматикалық мағынасына қарай ғана сөз табы деген ұғымға біріктіреді. Тіпті жалпы алғандағы сөз таптары деген ұғымның өзі сөздің бүкіл құрылымдық-семантикалық және функционалды қатарын бірден көрсете алмайды, сондықтан сөз бен сөз таптары тепе-тең болмайды. Әртүрлі сөздер бір сөз табына топтастырылғанмен де, әртүрлі сөздер күйінде қала береді [9, 44].

Сөз таптары сөздердің белгілі жүйе негізінде қалыптасқан грамматикалық топтары болып табылады, сөз таптары мен сөздерді олардың түрлеріне бөлуге ол сөздердің грамматикалық сипаттары мен белгілері негіз болады.

Сөздерді сөз таптарына бөліп қарау әр сөзге байланысты әртүрлі белгілер арқылы айқындалмай, сөз таптарына қатысты тұрақты белгілерінің негізінде жан-жақты жіктеу үшін жүйелі принциптер негізге алынуы керек. Ол принциптер сөздердің грамматикалық сипаттарына негізделуі тиіс [10, 438]. Осы пікірді қазақ тіл білімінде ғалымдардың көпшілігі ұстанады. Сондықтан сөздерді топтастыруда семантикалық, морфологиялық, синтаксистік принциптер басшылыққа алына отырып таптастырылады.

А.Салқынбай сөз таптарының күрделі құрылым екендігін айта келе, олардың мынадай грамматикалық белгілерін атап көрсетеді: «Сөздерге тән жалпы абстрактілік мағына, белгілі морфологиялық категориялардың болуы, морфологиялық бірдей парадигмалардың ұйымдастырылуы мен грамматикалық өзгерудің немесе өзгермеудің типтік көрінісі, негізгі синтаксистік қызметінің жалпылығы» [11, 192]. Мәселен, *Әскерден қайтқан адамға дәм татқызатын салт бойынша шамасы келгендер Көбегенді күнделікті кезекпен қонаққа шақыратын* (С.Мұратбеков). Сөйлемдегі әрбір сөздің өзіне тән лексикалық мағынасы бар екендігі, олардың морфологиялық жағынан түрленіп тұрғандығы (келген есімше формасындағы сөздің көптік жалғауын жалғау арқылы грамматикалық мағынаға ие болғандығы), соның нәтижесінде лексикалық мағыналарының негізінде грамматикалық мағыналардың пайда болуынан белгілі бір сөйлем мүшелерінің қызмет атқарып тұрғандығы байқалады.

Сөйлем құрамындағы сөздер өзара тіркесу арқылы белгілі қызметте жұмсалады. Мысалы, бастауышты баяндауышпен байланысына қарап, анықтауышты анықталатын сөзінің қатысына қарап сөйлем мүшесі деп танымыз [12, 104].

«Қазақ грамматикасында» сөз таптарының қалыптасуына байланысты мынадай көзқарас білдіреді: «Сөз таптарының шығуын, қалыптасуын бірсыпыра

ғалымдар сөйлем мүшелерімен байланыстырады. Негізгі сөз таптары сөйлеу процесінде сөздердің белгілі сөйлем мүшелері қызметінде жұмсалуды барысында біртіндеп жасалып қалыптасқанын көрсетеді. Әрине, бұл процесте сөйлем ішіндегі сөздердің орын тәртібі, орналасу тұрғысының да әсері бар. Өйткені сөздер, бір жағынан, сөйлемдегі орын тәртібі арқылы (бұл сөздердің белгілі тәртіппен орналасуының қолданыла келіп тұрақталуы негізінде қалыптасады), екінші жағынан, белгілі сөздермен тұрақты синтаксистік қатынас жасап, грамматикалық сипаты айқындала бастау арқылы белгілі грамматикалық мағыналарға ие болады. Сол жалпы грамматикалық мағыналарының негізінде сөздер жеке-жеке грамматикалық топтарға, яғни сөз таптарына жіктеле бастайды» [10, 440]. Бұған қарағанда сөз таптарының пайда болу жолы синтаксис саласымен тығыз байланыста болғандығы байқалады. Сонда грамматиканың морфология мен синтаксис салаларының өзара байланыста болуынан тек сөз таптарының лексика-грамматикалық ерекшеліктері ғана көрінбейді, сонымен қатар олардың мәтін түзудегі қызметі де ашыла түседі.

1.2 Тіл біліміндегі мәтіннің зерттелу жайы

Тіл білімінде сөйлеммен тұтас ойдың аяқталмайтыны белгілі. Тиянақталған ойды беретін мәтін болып табылады.

«Сөйлем дегеніміз – сөздердің басын құрастырып, біреу айтқан ой. Сөйлегенде, жазғанда кім де болса ойын айтады. Ойын айтуға тиісті сөздерді алады да, олардың басын құрап, біріне бірінің қырын келтіріп, қиындастырады. Қыры келетін сөздер тұрған күйінде алса да, қиындаса алады. Қыры келмейтін сөздерді қиындастыру үшін қырларын өзгертіп қиюын келтіреміз» [13, 124] деп А.Байтұрсынов айтқандай, ауыздан шыққан сөздің бәрі сөйлем болмайтындығы белгілі.

Сөйлем болу үшін сөздер мен сөз тіркестері өзара байланысып, мағыналы болу керек.

А.Байтұрсынов шығарманың (мәтіннің) тақырыптан, мәтін мазмұнын аңдатудан, мазмұндаудан, қорытудан тұратындығын көрсетеді [4, 345].

А.М.Пешковский тілде екі немесе бірнеше сөйлемдерден құралатын сөз тіркестері бар екендігін, олардың күрделі тұтастық деп аталатындығын айтады. Күрделі тұтастықтағы сөйлемдердің байланысы көмекші сөздер, яғни шылаулар арқылы жүзеге асады. Олардың тілде үлкен қызмет атқаратын өзіндік ритмі мен интонациясы бар екендігін көрсетеді [14, 407].

Толассыз сөйлеуде грамматикалық жеке жай немесе құрмалас сөйлемдер фразадан тыс бірлік деп аталатын (СФЕ – сверхфразовое единство) ерекше синтаксистік бірлік қалыптастыратын тақырыптық, құрылымдық және интонациялық жағынан топтасады. Демек, жоғары фразалық бірлік тіл мен ойлаудың бірлігін растайтын синтаксистік-стилистикалық құбылысты ұсынады. Фразадан тыс бірлік құрылымында баяндаудың тақырыбын анықтайтын және күрделі тұтастықтың мағыналық орталығы болып табылатын бірінші сөйлем басты роль атқаратындығын А.Мамажанов та ашып көрсетеді [15, 53]. Осы айтылған көзқарасқа төмендегі мысал дәлел бола алады: *1.Базаралы елге келгелі айдай уақыт өтті. 2.Бұл кездерде оған амандаса келіп, қуаныш білдірген ағайын көп. 3.Аталас жақын ауылдар той істемек болған. 4.Бірақ үйінің, жақын туысының жүдеулігін көрген Базаралы той-топыр жасатқан жоқ. 5. Алғашқы он күн бойында оны Жігітек ішіндегі туыстары ертелі-кеш ауылдан-ауылға шақырып, қонақ етісті. 6. Бір жігітек емес, қонақ етіп, қуанысқан Бөкенші, Көтібақ, Көкше де аз болған жоқ* (М.Ә.). Үзіндідегі бірінші сөйлем тұтастықты байланыстырып тұрған негізгі қазық болып, кейінгі сөйлемдегі ойлар бірінші сөйлеммен тығыз байланысты

айтылып тұр. 1-сөйлемдегі Базаралы туралы ой қалған сөйлемдерде анықталған.

Тіл білімінде синтаксистің зерттеу нысанының бірі мәтін екендігі белгілі. Бұған дейінгі көзқарастар бойынша, сөйлем тиянақталған, аяқталған ойды білдірсе, соңғы зерттеулердің нәтижесі сөйлемнің аяқталған ойды білдіре алмайтындығы, тиянақталған ойды білдіретін мәтін екендігі анықталды.

Адамдардың өзара қарым-қатынасы мәтінді түсіну қабілетіне байланысты «Мәтін жоқ жерде ойлау мен зерттеудің нысаны да жоқ» деген М.Бахтиннің сөзі бар [16, 5]. Мәтін туралы Н.И.Жинкин: «Сөйлемді басқаратын мәтін. Адам жеке сөйлемдермен емес, біртұтас ойластырылған мәтінмен ойын жарыққа шығарады» [17,27] десе, Х.Вайнрайх «Біз сөздердің құлы емеспіз, себебі біз мәтіннің иесіміз» дейді [18, 59]. Осы пікірлерді ұстана отырып, мәтіннің сөйлемдердің арасын байланыстыратын да қасиеті бар екендігін аңғарамыз.

Мәтінді зерттеу жан-жақты қолға алынғаннан бері, ол қай қырынан зерттелгеніне орай мәтін ұғымына тілші-мамандар әр қилы анықтамалар беріп жүр.

Ғылыми еңбектердің бірінде мәтін деп кез-келген форма түріндегі ауызша немесе жазбаша айтылымдарды айтып жүрсе, екінші біреулерінде, мәтінге тек жазбаша айтылымдарды жатқызып жүрді. Бастапқыда зерттеушілердің көпшілігі осы соңғы анықтаманы ұстанып, мәтінді тек жазбаша тілге тән бір ғана формада, яғни жазба тілге тән деп түсінді.

Орыс тіл білімінде лингвистикалық зерттеудің негізгі нысаны ретінде мәтінді жан-жақты зерттеп, оның категорияларын сипаттап берген – И.Р.Гальперин. Ғалым мәтінге мынадай анықтама береді: “Текст – это произведение речетворческого процесса, обладающее завершенностью, объективированное в виде письменного документа, литературно обработанное в соответствии с типом этого

документа, произведение, состоящее из названия (заголовка) и ряда особых единиц (сверхфразовых единств), объединенных разными типами лексической, грамматической, логической, стилистической связи, имеющие определенную **целеносправленность** и прагматическую установку” [19]. И.Р.Гальперин “Текст как объект лингвистического исследования” (1981) зерттеуінде мәтін лингвистикасының негізгі мәселелері және оны шешудің жолдары, мәтіндегі информация түрлері, мәтіннің мүшеленуі, мәтін бөліктерінің автосемантикасы, когезия, мәтіндегі ретроспекция мен проспекция, мәтін модальдылығы т.б. мәселелерге назар аударып, бұлардың мәтін үшін өте қажетті құбылыстар екендігіне тоқталады [19].

Л.Г.Бабенко мен Ю.В.Казарин «Лингвистический анализ художественного текста» зерттеуінде мәтін лингвистикалық талдаудың нысаны екендігін көрсете отырып, мәтіннің құрылымы, мәтіннің коммуникативтік ұйымдасуы, т.б. мәселелерді қарастырады. «Текст – явление многослойное, что отражается и в наборе внутритекстовых связей, которые соответствуют основным уровням текста: семантическому, лексико-грамматическому, образному, прагматическому. Текст – очень сложный знак, поэтому он имеет гибкую систему внутритекстовых связей, ведь известно, что чем ниже уровень языковой системы, тем жестче правила комбинации составляющих ее единиц, и наоборот, чем выше уровень языковой системы, тем более мягкими являются правила соединения ее единиц» [20,182] деп, мәтіннің күрделі құбылыс екендігін атап өтеді. Авторлар мәтіншілік байланыстың семантикалық, грамматикалық, прагматикалық деңгейде жүзеге асатындығын қарастырады. Мәтіннің грамматикалық деңгейінде олар тілдік синтагматикалық заңдылықтармен дәйектелген грамматикалық қиысу мен

грамматикалық тәуелділік заңдылықтарымен жүзеге асырылады.

Тіл білімінде жинақталған тәжірибелерге сүйене отырып, қазақ тіл білімінде де мәтінді зерттеу әр қырынан жан-жақты жүргізілуде.

А.Байтұрсынұлы «Сөйлегенде ойды тақ-тұқ қысқа айтып, білдіретін орын да болады. Ойды ұзын айтып, орағытып келіп білдіретін орын да болады. Ұзын айтқанда ой дәуірлеген бетімен барып, қайтатын түрі болады. Сөйлеудің сондай түрлері орамды деп аталады» [13, 173] деген пікірінен мәтін жөнінде айтып тұрғандығы көрінеді.

А.Жұбановтың “Текст лингвистикасы жайында” атты мақаласынан Хартманнның “текстің” басты белгісі ретінде сызықтық тізбе құрайтын сөйлемдерден тұратындығы, сол жақтық және оң жақтық шекарасы болатындығы, одан соң салыстырмалы толықтық пен байланыстық шарттарының орындалуы тәрізді ерекшеліктер негізге алынады деген тұжырымын және мәтінге семиотикалық тұрғыдан берілген “Текст – тұтас бір мағыналы кез-келген белгілер құрылымы” (знаковая структура) немесе “Текст – семантикалық жағынан ұйымдасқан белгілер жүйесі” деген анықтамаларын келтіруге болады [21].

А.Жұбанов мәтінге берілген көптеген анықтамаларды талдай келе, өзі мынадай түйін жасайды: “Ғалымдардың “текст” ұғымы бойынша келтіріп жүрген әр түрлі анықтамаларын қорыта келе, текстің мынадай негізгі қасиеттерін атап кетуге болады. Ол – текстің бір мазмұнды болуы және оның единицаларының өзара грамматикалық, семантикалық әрі логикалық байланысқа түсуі” [21].

Б.Шалабай мәтін ұғымына анықтаманы былайша береді: Мәтін (текст) латынша – байланысу, бірігу – тілдік таңбалардың мағыналық және тұлғалық байланыстығы негізінде түзілген ізбе-ізділігі. Мәтіннің құрылымы мына талаптарға жауап бергенде ғана жүзеге асады: сыртқы

тұлғалық байланыстарға, белгілі бір ішкі мағынаға (мазмұнға) және дер кезінде қабылдана алу мүмкіншіліктеріне ие болуы, қарым-қатынас жасауды іске асыру т.б. Мәтіндегі тілдік тұлғаларды байланыстырушы құралдарға қосымшалар, қыстырмалар, қайталаулар, сөздердің орын тәртібі, интонация, есімдіктер т.б. жатады [22, 270].

Мысалы: *Тәкежан Абайға қарап мақтана күлді. Өзінің жігіт болып қаршығаға құс ілдіретінін Абайға әрқашан бұлдаушы еді. Оны әлі де өзінің шерігіне де татымайтын: бос, болбыр бала көретін. Үйткені, Тәкежан осы жазда қайнына да барып келді. Өзінің жігіт – желең жолдастары да бар. Қазірде, түн сайын қыз аңдып, ауыл-ауылды шулатып та жүреді. Абай ондайдың біріне де жараған жоқ* (М.Ә.). Осы мәтіннен іс-әрекеттің Тәкежанға ғана қатысы оны біртұтас етіп, бір уақытта болған оқиғаны суреттеп хабарлауы аңғарылады. Мұндағы ойлар тізбектеліп, оларды есімдіктер (өзінің) және қайталаулар (Абайға) байланыстырған.

Тағы бір мысал келтіріп көрейік. *Бүлдірген исі аңқыған, көк майса шалғыны бар, жасыл беткейде балалар жеміс теріп жатқалы көп болып еді. Күн екіндіге қарай жақындап, адыр-адырдың көлеңкесі молайып, сай-сайларда қоңыр салқын самал соға бастаған.*

Аттарын тұсап-тұсап тастаған балалар бүлдіргеннің қызығына әлі қанған жоқ. Алғаш кеп түскен бір беттен жылжымаса да, сол алаңның өзінің жемісін де мойыта алған жоқ. Жегеннен асқанды тақия, тымақ, дорба, қалталарға да салып жатыр.

Бір мезгілде бар баланың құлағына ап-айқын боп дүрілдеген қалың үн келді. Қаулаған өрт, қаптаған қолдың шабысы сияқты.

Балалар елең-елең етісті. Араларындағы үлкені Тәкежан мен Абайға қарасты (М.Ә.). Мәтін төрт абзацтан

тұрады. Мұндағы екі абзацтағы ой “бүлдірген” жайында, яғни бір күрделі синтаксистік тұтастық. Келесі мәтіндегі ой “үн” жайында. Сонда бірінші контекстен мәтіннің тақырыбын айқындауға болады. Ол – балалардың бүлдірген тере баруы. Осы жерден мәтін аяқталып, келесі ой басталған, яғни мәтін бөлектігі көрініс береді. Келесі мәтіннің тақырыбы – балалардың кенеттен шыққан үнге алаңдауы.

Сонда біз мәтін шекарасын белгілі бір мазмұнға қарай бөлеміз.

Әрине, бұл анықтамаларға қарап мәтінді тек жазба туынды деп тануға болмайды. Мысалы, хатқа түспей-ақ, ұрпақтан-ұрпаққа мұра боп келе жатқан қазақтың аңыз, жыр, ертегілері бұған айқын дәлел бола алады. Демек, мәтін ыңғайына қарай ауызша және жазбаша түрде көрініс береді.

Сол сияқты мәтіндер өзінің көлемі жағынан да шағын мәтіндер (анықтама, қолхат, аңдатпа т.б.), көлемді мәтіндер (роман), монография, диссертация болып бөлінеді.

Кез-келген мәтін екі үлкен құрылымдық бірліктен тұрады. Микромәтін – мәтіннің шағын бөлімдерге бөлінгендегі құрылымдық бірлігі. Микромәтіндердің жиынтығы макромәтін немесе мәтін ұғымы болып табылады. Макромәтін деп көркем шығарманың көлемді бөлігін, үлкен үзінділерін, тарауларын т.б. бөлімдерін атайды.

Мәтінді прагматикалық аспектіде қарастырған З.Ерназарова оған мынадай анықтама береді: “Мәтін деп сөйлеуші мақсатына сай аяқталған ойды білдіретін бір немесе бірнеше сөйлесімдер тізбегін” айтамыз. Тілдің иерархиялық құрылымында мәтін – семантика-синтаксистік құрылым ретінде жоғары деңгей болып есептеледі. Ал сөйлеу бірлігі ретінде мәтін сөйлесіммен салыстырғанда, бүтіндік сипатқа ие. Ол ортақ мақсаттағы бірнеше сөйлесім тізбегі болуы мүмкін [23, 176].

Ж.Қайшығұлова мәтінді сөзжұмсам тұрғысынан қарастырады: “Мәтін, біріншіден, кез келген сөйлемдердің

кездейсоқ жиынтығы емес. Мәтін – мағыналық-логикалық, формальдық-грамматикалық жақтан ұйымдасқан сөзжұмсам бірлігі”. Сонымен, жоғарыда анықтамаларды тұжырымдай келе, мәтінге мынадай анықтама беруге болады: Мәтін дегеніміз – құрылымы және білдіретін мазмұны тұрғысынан алғанда тұтас, ауызша немесе жазбаша түрдегі кез келген сөзжұмсам бірлігі [24, 12].

Мәтіндер өз қолданыс аясына, тақырыбына орай белгілі бір стильге жатады. Әрбір мәтін функционалдық стиль түрлерінің белгілерін көрсете алады. Функционалдық стиль – қарым-қатынас қызметін өтейтін әдеби тілдің бір бөлігі. Сондықтан да стильді функционалдық тұрғыда сөйлеу стилі, ғылыми, ресми стиль, публицистикалық, көркем әдебиет стилі деп бөледі.

Стилистиканы зерттеуші О.Бүркітов мәтін құрылымына тән төмендегідей ерекшеліктерді көрсетеді:

- мәтіннің бір бүтіндігі;
- мәтіннің байланыстылығы;
- мәтіннің бөлектігі;
- мәтіннің метареференттілігі [25, 33-34].

Жоғарыдағы шолуларды қарастыра келгенде, біз О.Бүркітов жіктеуінен өз нысанымызға байланысты жақындықты байқаймыз.

Мысалы: *Абай Бізгұттыға осы қағазын беріп жатқанда, Құнанбай жолдағы үлкен шаһарлардың атын тағы бір рет қайта сұрады. Абай қазақ даласындағы құм, шөлді Қарқаралыдан қосылатын Өндірбай қалпенің өзі біледі деп, жолдың бер жағын сөз қылған жоқ. Тәшкенге дейін қазақ ішімен барысады. Одан арғы қалалардан анықтап атап, көп қайырып айтып бергені – Самарқан, Мәру, Мешһед, Асфаһан, Абадан еді. Осыдан ары жол не Арабстанның сахарасымен өтпек. Болмаса тіпті жайлысы, кемемен айналып жүріп отырып, Мекенің өз тұсынан апарып түсірмек. Қысқасы, бұл жерден ең төтесін*

атағанда, көп кітаптан Абай байлаған жол сорабы осы еді. Әкесіне күнбе-күн оқып берген дерегін бүгін ғана емес, бұдан бұрын да айтқан-ды. Жолдағы елдердің өзгеше тірліктерін, географиялық жағдайларын, кәсіп, шаруа салттарын көп-көп әңгімелеген болатын (М.Ә.).

Үзіндіде Абай туралы, оның әкесіне жолдағы елдер жайында айтқан әңгімесі сипатталады. Мәтінде ойдың бір бүтіндігі, байланыстылығы байқалады. Мәтіннің метареференттілігі оқиғаның уақытын, болған жерін көрсетеді. Келесі абзацта ойдың басқа жайға қатысы айтылады.

Мәтіннің метареференттілігі деп көркем шығармадағы автор мен оқырманның ара қатынасы, оқиғаның болған жері мен уақыты, ол ұғымдардың авторлық позициясы, автордың сюжет желісіне көзқарасы саналады, – дейді ғалым осы еңбегінде [25, 36].

Мәтін өзінің коммуникативтік, функционалдық, прагматикалық, ақпараттық, кумулятивтік сипатына сай қоғам, мәдениеттен тыс қарастырыла алмайды, сол себептен оны жазба тіл мен сөйлеу актісі деп қарастыру жеткіліксіз. Мәтін – функционалды-коммуникативті тұрғыдан сол тілдік-мәдени кеңістікте өмір сүріп, шығармашылықпен айналысып отырған тілдік тұлғаның шығармасы мен ондағы басқа адамдар тұтынатын туынды [24, 5-6]. Автор зерттеуінде интертекстуалдылық теориясының шығу негіздері мен мәтінаралық байланыс түрлерін, тілдік тұлға және прецеденттілік феномендерін, интертекстердің қызметтерін қарастырады.

Ж.Т.Қайшығұлова “Қазақ мәтінінің күрделі тұтасым //абзац деңгейінде мүшеленуі” атты кандидаттық диссертациясында (2001) О.И.Москальскаяның мәтінге берген белгілерін көрсетеді. Автордың көрсетуінше, мәтіннің мағыналық тұтасымы сияқты сипаттарынан төмендегідей белгілері туындайды;

– мәтін – бұл белгілі бір тақырыпқа байланысты айтылым;

– мәтінде айтушының ойы ашылады;

– кез келген көлемдегі мәтін – бұл біршама автономды аяқталған айтылым;

– мәтінге айтылымның негізгі ойын не тақырыбын білдіре алатындай ат таңдауға болады;

– дұрыс құрастырылған мәтіннің, әдетте, басы мен аяғы болады [24, 14]. Еңбекте есімдіктердің, шегендеуіштердің мәтінтүзімдік қызметтері айтылады. Ғалым қыстырма сөздерді “шегендеуіштер” деп атайды. Қыстырма сөздердің түрлі мағыналарды білдіретіні белгілі. Мәселен, ойдың айтылу амалын, тәсілін білдіретін қыстырма сөздер, айтылған ойға нануды, жорамалдауды білдіретін қыстырмалар, кісінің көңіл күйін, сезімін білдіретін қыстырмалар, айтылған ойлардың өзара қатынасын білдіретін қыстырмалар, айтылған ойға басқаның не айтушының пікірі тұрғысынан қарағандықты білдіретін қыстырмалар. Сондай-ақ қыстырма сөздердің тағы бір қасиеті бар. Ол – сөйлемді мәтінмен байланыстырудың амалдарының бірі екендігі. *Әскерлік қызмет ретінен Алматыға барып іске кірісу жайы Ташкенттен тың бұйрық, анық, нақтылы бұйрық боп тағы жетті Семейге. Әбіш ойлаған мезгілден бұрын жүретін болды. Сөйтіп, ол Алматыға сентябрьдің аяғында аттанған еді* (М.Ә.). Мәтіндегі сөйтіп қыстырма сөзі алдыңғы ойды тиянақтау үшін жұмсалған.

Мәтіннің негізгі белгілерінің бірі – оның байласымы. Тіл білімінде оны когезия терминімен қолданады. Мәтін байласымының екі түрінде осындай іліктестік, жалғастылық қарым-қатынас орын алатын жағы бар: біріншіден, ол мәтіннің маңызды белгілерінің бірі болып табылады, екіншіден, мәтіннің тұтас шығарма ретінде тууына маңызды

шарт болып табылады. Осы айтылғандарды төмендегі үзіндіден байқауға болады:

Таң алдында ғана бір сағат мызгығаны болмаса, Абай бұл түнді ұйқысыз өткізді. Бірақ әлі талған жоқ. Әлі де кітап бетіне үңілуде. Әр алуан тілдерде туған бұл кітаптар бүгін осы жерге оқыс келіп, қызық бас қосқан. Абай жақсы ұғынатын шағатай, түркі кітаптарымен қатар, тілін Абай қиналып түсінетін араб, парсы және олардан гөрі де әлі ауырырақ тиетін орыс тіліндегі кітаптар.

Абайдың жайшылықтағы оқуынан бүгінгі оқуының мақсаты да басқа. Кітаптан алатын білім нұсқаның бүгін тіршіліктің қолма-қол керегі үшін асығыс қажет болған шағы еді. Абай соңғы күндерде, әсіресе осы соңғы күнде, өзіне бұрын дағдылы болмаған бір халде. Ол бір ескі “ғалымдар” ма, “рауашлар” ма, сондай бір күйде отыр. Осы жайына өзі таңырқай түсіп, қызығып та қарайды (М.Ә.). Бұл жердегі ойдың байласымы – Абайдың кітаптарға қызығушылығы.

Г.Я.Солганик “Синтаксическая стилистика” атты еңбегінде күрделі синтаксистік бірліктерді “прозаическая строфа” деп атайды. Оның шығуы ұлы орыс ғалымы М.В.Ломоносовтың атымен байланысты екендігін айтады. Әрі қарай орыс тіл біліміндегі Н.С.Поспеловтың, Ф.И.Буслаевтың, А.А.Потебняның пікірлеріне тоқталады [27,17]. Ғалым осы зерттеуінде грамматикалық тұрғыдан сөйлемдер арасындағы тізбекті, параллельдік байланыстарды, олардың түрлерін, байланысу құралдарын жан-жақты қарастырған.

Г.Я.Солганик ізімен Ж.Жақыпов та күрделі синтаксистік тұтастықты “строфа” деп атайды [28].

Л.М.Лосева “Күрделі синтаксистік тұтастық – бұл жазушының суреттейтін құбылыстарының қандай да бір жағын белгілі бір кезеңде оның дамуы мен көрінісін сипаттайтын сөйлемдердің мағыналық және құрылымдық-

интонациялық қатынасының үйлесімі” дей келе, оның шегін ажыратуды былайша сипаттайды: 1) күрделі синтаксистік тұтастықтың бірінші сөйлемі мағына жағынан әрқашан жаңа микротеманы сипаттаумен басталады; 2) барлық сөйлем мүшелері лексика-синтаксистік жағынан лексикалық толық мағыналы сөздер болып табылады. Оның құрамында мағынасы өзінен бұрынғы мәтін бөлігін анықтайтын сөздер бөлігі болмайды; 3) күрделі синтаксистік тұтастықтың бірінші сөйлемі синтаксистік жағынан толымды болады. Оған өзінен бұрынғы сөйлемдерден еш нәрсе қосудың қажеті жоқ. Бірінші сөйлемде жалпы микротеманы біріктіретін өзімен қатар келген келесі сөйлемде не болатынын түсіндіретін негіз беріледі” [29, 64-65].

И.А.Фигуровский “Синтаксис целого текста и ученические письменные работы” деп аталатын 1961 жылы жарық көрген еңбегінде тұтас мәтінге, оның ерекшеліктеріне тоқталады. Онда мазмұн бірлігі, мазмұн тұйықтылығы, тақырып ортақтығы мәтіннің басты белгілері екендігіне назар аударады [30, 30-31].

О.И.Москальская мәтінді кең және тар ұғымда қолданады, кең ұғымдағысын макротекст, тар ұғымдағысын жоғары синтаксистік бірлік (күрделі синтаксистік тұтастық) немесе микротекст деп атайды. Фразадан тыс бірліктерге анықтама беріп, тұтас сөйлеу шығармаларының жоғары синтаксистік бірліктерден айырмашылығын көрсетеді [31, 13-14].

«Синтаксис современного русского языка» атты оқулықта (2008) күрделі синтаксистік тұтастықтың зерттелуіне, мәтіннің негізгі белгілеріне, категорияларына тоқталады [32].

Т.Қордабаев: “Сонымен, жай сөйлемдердің де, құрмалас сөйлемдердің де тобына қосуға болмайтын синтаксистік күрделі категориялардың тілдерде, соның ішінде, қазақ тілінде де барлығы және оны зерттеудің қажеттігі ешқандай

талас туғызбайтын шындық [33, 194]” дей келе, күрделі синтаксистік бірліктердің құрмалас сөйлемдерден ерекшеліктерін, олардың арасындағы байланыстарға тоқталады. Міне, алғашқы күрделі синтаксистік бірлік туралы айтылған пікір жалғасын тауып, қазақ тіл білімінде бұл мәселе біршама зерттелді деп айтуымызға болады.

М.Серғалиев: «Мағыналық тұтастыққа синтаксистік бірлік сай келеді. Күрделі синтаксистік тұтастық дегеніміздің өзі құрылымдық жағынан алғанда жеке сөйлемдердің байланысу тәсілдері болып табылады. Олай болса, күрделі синтаксистік тұтастықтың құрамына кіретін сөйлемдерді, демек, оның құрамды бөліктерін байланыстыратын арнайы, өзіндік тәсілдері болады. Ондай тәсілдерге жалғаулықтар, есімдіктер, үстеу сөздер, модаль сөздер, сөздердің орын тәртібі, қайталанған сөздер, етістік баяндауыштардың жақтық-шақтық тұлғаларының біркелкілігі т.б. жатады» [34, 313-314], деп көрсетеді. Ғалымның пікірінен сөз таптарының, оның ішінде шылаулардың, есімдіктердің, үстеулердің мәтін байланыстырушылық қызмет атқара алатындығы көрінеді.

С.С.Мустафина “Текстообразующие средства казахского языка”(1989) атты кандидаттық диссертациясында мәтінді қалыптастыратын негізгі элементтерге интонация, сөздердің орын тәртібі, қайталаулар, дейксистік және синтаксистік құралдарды жатқызады [35, 7-8].

«Қазіргі қазақ тілі» оқу құралының авторлары: «Тіл білімінің кейінгі даму кезеңдерінің нәтижесінде мәтін синтаксисі өмірге келді. Көптеген күрделі жаңа мәселелер қолға алынды. Осы мәтін синтаксисіне қатысты маңызды мәселенің бірі – күрделі синтаксистік тұтастық» [36, 518], – дейді.

Т.Қордабаев «Қазақ тілінің сөйлеу жүйесінде жай сөйлемге де, құрмалас сөйлемге де ұқсамайтын, олардан әлдеқайда күрделі болып келетін сөйлеу түрі бар» [37, 142] деп күрделі синтаксистік бірлік жайында айтады.

Синтаксистік күрделі бірлік – құрамына енген компоненттері мағыналық, құрылымдық жағынан бір бүтін болып тұйықталып тұратын, басқаға тәуелсіз сөйлеудің ең көлемді бөлшегі. Оның көлемі: неше сөйлемнен және қанша сөйлемдерден құралатыны баяндалатын немесе баяндалған біртұтас ойдың шамасына, мөлшеріне байланысты [37, 145] деп, оған тән белгілер мен ерекшеліктерді қарастырады.

Сөз тіркестерін сөйлемді құрайтын құрылымдық материал ретінде алып қарайтын болсақ, сөйлемдерден бүтін бір тұтас шығарма жасалады. Әдетте, кейбір жағдайды ескермегенде, өзара қарым-қатынас жасау үдерісінде белгілі бір мазмұн, идея жеке сөйлеммен беріліп қоймайды. Олай болған жағдайда қарым-қатынас жасау үдерісі үзіліп қалған болар еді. Сондықтан ой алысу үдерісі мейлі ауызша түрде болсын, мейлі жазбаша түрде болсын жеке сөйлеммен шектелмей, ондаған, жүздеген, мыңдаған сөйлемдер тобы арқылы жүзеге асады. Ол сөйлемдер өзара байланыссыз шым-шытырық, тәртіпсіз орналаспайды, мағыналық жағынан тығыз жымдасып, жеке бір сүбелі ойлар төңірегіне топтасп тұрады. Әдетте, жеке сөйлем мағыналық не құрылымдық жағынан оқшауланып қалмай. Сондай күрделі бірліктер тобына қатысты болып келеді.

Кез келген тұтас сөйлеу өзара тығыз байланысқан сөйлемдердің топтарына жіктеледі. Ондай сөйлем топтары жеке сөйлем мен тұтас шығарманың арасын жалғастырушы бірліктер қызметін атқарып тұрады. Міне, осы бірліктерді күрделі синтаксистік тұтастықтар дейміз [38, 172].

Күрделі синтаксистік тұтастық – жеке сөйлемдерге қарағанда, ойдың дамуын толық бере алатын, мағыналық және синтаксистік жағынан өзара тығыз байланысқан сөйлемдердің тобы. Сөйлем сөздердің тіркесуі арқылы біршама аяқталған ойды білдірсе, күрделі синтаксистік тұтастық сөйлемдердің тіркесуі арқылы аяқталған ойды білдіреді [10,735]. «Қазақ грамматикасында» күрделі

синтаксистік тұтастықтың белгілерін атап көрсетеді. Ен алдымен, ол – мағыналық бірлікке ие. Оны құрайтын сөйлемдер негізгі бір ой төңірегіне топталады [10,735]. Мысалы: *Әбіш биыл да жазғы демалыста елге қайтқан. Бірақ бұл жаз соншалық басқа, бөтен, бала шағынан бері елге келіп жүріп, дәл қазіргідей жүдеу жүз, жадау көңіл аға-бауырын, ауылын да білген жоқ-ты.*

Бұл елдің қазіргі жайлауы да Шыңғыстың сырты емес. Салқын белдер, ұзын аққан бұлақтар, көкорай шалғындар да жоқ.

Ауылдар алыс жайлауға шықпай бауырда, Ералыда қалыпты. Әбіштің келген кезі июльдің басы, жаз ортасы болғандықтан, кең жазықтың тықыр көгалдары тапталып қалған. Айнала атырапқа көз салсаң сарғыш көде, бетеге басқан реңсіз дүние мол жатыр.

Сол көрініс те, осы өлкеде отырған көп ауылдың мынау жаздағы жабырқау ажарына сай келгендей (М.Ә.). Берілген тұтастықтағы негізгі тақырып – Әбіш аулының көрінісі. Төрт абзацтан тұратын күрделі синтаксистік тұтастық өзара мағыналық бірлікке ие болып, әр абзацтағы ой ауыл жайында болып тұр.

Екінші белгісі – оны құрап тұрған сөйлемдердің өзара тығыз байланысқан синтаксистік бірлігі. Күрделі синтаксистік тұтастық дегеніміздің өзі құрылымдық жағынан алғанда жеке сөйлемдердің байланысу тәсілдері болып табылады. Олай болса, күрделі синтаксистік тұтастықтың құрамына кіретін сөйлемдерді, демек, оның құрамды бөліктерін байланыстыратын арнайы, өзіндік тәсілдері болады. Ондай тәсілдерге жалғаулықтар, есімдіктер, үстеу сөздер, модаль сөздер, сөздердің орын тәртібі, қайталанған сөздер, егістік баяндауыштардың жақтық-шақтық тұлғаларының біркелкілігі т.б. жатады [10,735].

Шәке – ағайын ішінде Абайдың өсиетінен, мінездерінен көп үлгі алам дейтін жақынының бірі. Қазір ол ешкімге

алдын ала ақылдаспаса да, өз көңілімен Тәкежандар ниетінде зорлық пен надан әдеттер барын аңғарған. Екі-үш күннің сөзінде үнсіз тыңдаушы боп келіп, өзі араласатын сөзді дәл осы кезең деп білді.

Бұның соңғы сөзін елемей кетуге болмайды. Иітерінен оны жақтырмаса да, Тәкежан, Ысқақ, Шұбар бәрі де үндей алмай, күмілжіп, бөгеліп қалды. Абай бұлардың түстеріне жағалай қарап, әлі де өз ішін ашпай, барлаумен отырған (М.Ә.). Мысалдан байқағанымыз: Екінші абзацтағы бұның, оны есімдіктері бірінші абзацтағы Шәке сөзінің орнына, ал бұлардың сөзі өзінен бұрынғы сөйлемдегі Тәкежан, Ысқақ, Шұбар сөздерінің орнына жұмсалып, сөйлемдер өзара тығыз бірлікте топтасқан. Ойдың бір-бірімен жалғасып жатқандығы көрінеді.

Күрделі синтаксистік бірліктер компоненттерінің құрылымдық жағынан тепе-теңдігі, сөйлемдегі сөздердің орын тәртібінің бірдей болуы шарт. Сонымен қатар сөйлемдердің жақтық, шактық жағынан біркелкі болуы да қажет.

Құдайменде қолына тиген болыстықты қастасқан кісіден кек алатын күштей көрді. Қолына болыстық тигелі ертеректе еңсесі кетіп жүрген кісілерден кек ала бастады. Құрығы әуелі Еламанға түсті. Енді бүгінгі күні бұл құрығын Кәленге сілтеп еді. Бұл араға кіші інісі араласып бітіп тұрған істің бетін қайырып тастапты. Осы хабар жеткен бойда Құдайменде Түбектегі бар шаруасын тастай салып аулына шапты (Ә.Нұрпейісов). Келтірілген мысалдағы әрбір сөйлемнің баяндауыштарды жедел өткен шақ формасында берілген, құрылымдық жағынан тепе-тең.

Күрделі синтаксистік тұтастықтың үшінші белгісі – ол біртұтас интонациялық-ырғақтық бірлікке ие болатындығы. Күрделі синтаксистік тұтастыққа бірігуші сөйлемдердің арасы біркелкі дауыс ырғағымен, араларына сәл кідіріс түсіріліп айтылса, көршілес екі күрделі синтаксистік

тұтастықтар арасында сәл ғана пауза болады [10,735]. Бірінші күрделі синтаксистік тұтастық: *Төлеу екі әйелін ертіп, сыртқа шығып кетті. Айғанша анасының үлкен, кесек бітіміне сүйсіне қарады. Әлі күнге анасының сырына түсініп болмай жүр. Анасын іші тар сараң көретін. Келіндерінің қазан-аяқ ұстағанына ырза болмай, үнемі үй ішін қырына алып, жыландай ысқырып отыратын қытымыр анасының кейде дәл осылай кісінің кісілігі сыналатын жерде қолы ашылып кететіні бар. Ондайда азғана дәулетті лақ еткізіп төге салатын жомарт.*

Екінші күрделі синтаксистік тұтастық: *Ебейсін қалғып отырған-ды. Мал сойылатын болғасын көңілденіп сала берді...*(Ә.Н.). дегендегі екі тұтастық арасында кідіріс болатындығын оқу барысында байқауға болады. Жаңа ойдың басталғандығы интонация, яғни дауыс ырғағы арқылы аңғарылады.

Сөйлемде актуалды мүшеленуді жасайтын құралдар сөздердің орын тәртібі мен интонациясы болып табылады.

«Қазіргі қазақ тіліндегі сөйлемнің актуалды мүшеленуі» (1995) атты кандидаттық диссертациясында С.М.Аташев «көбінесе адресатқа, тыңдаушыға немесе контекстен белгілі болып келетін сөйлемдердің, ойдың не туралы екендігін көрсететін бөлігін оның темасы, оған сол жайында ойды, сөйлемнің ең негізгі, фразаны айтуға себеп болған бөлігін ремасы деп атайды» деген [39, 20].

Темада алдыңғы сөйлемдегі ақпараттың бөлігі қайталанады және бұл қайталану байласым қызметін атқарады. Рема айтылым мағынасын дамытатын, байытатын, ойды ілгері қарай жылжытатын жаңа ақпараттан тұрады. Осы ретте құрылатын тема-ремалық тізбектер бірнеше модельдер арқылы беріле алады [39, 18]. Н.И.Серкова фразадан тыс бірліктің төмендегідей белгілері бар екендігін айтады: ол табиғи және заңды түрде ауызша, жазбаша сөйлеу тілі оралымына мүшеленеді, синтаксистік тұрғысынан

бірігуімен, коммуникативтік тұтастығымен ерекшеленеді [40, 2-б.]. Оны төмендегі мысал арқылы дәлелдеп көрейік.

1. Құнанбайдың үлкен шаңырағында, Ұлжан қолында малға ие боп қалған Оспан еді. 2. Ол Абайдан түк аямайтын. 3. Әйгерім үшін шығатын малды оп-оңай тізіп, топырлатып бір-ақ жөнелтті (М.Ә.). Мұнда бірінші сөйлемдегі асты сызылған бөлік тема, бірінші сөйлемнің ремасы екінші сөйлемнің темасы болып тұр. Сөйлем актуалды мүшеленгенде ой бір-бірімен тығыз байланыста болады.

Ж.Г.Амирова: «Күрделі синтаксистік тұтастық – тілдік жүйенің белгілі бір типологиялық жүйесіне ие фразадан тыс (жоғары) деңгейдің ерекше бірлігі. Күрделі синтаксистік тұтастықтың формалық-грамматикалық бірлігі оның құрамына енетін сөйлемдердің лексика-морфологиялық пішінделуімен, синтаксистік тұрғыдан байланыссыз санаттардың айнымалылығынан (тұрақсыздығынан) түзіледі» деген [41, 13].

Л.М.Лосева «Как строится текст» деген еңбегінде мәтінге тән мынадай белгілерді көрсетеді:

1. Мәтін – жазбаша түрдегі хабарлама;

2. Мәтін мазмұндық және құрылымдық аяқталуымен сипатталады;

3. Мәтінде автордың хабарлауға қатысы көрінеді.

Автор синтаксистік қатынаста мәтін мағыналық және лексика-грамматикалық құралдардың көмегімен байланысқан сөйлемдер жиынтығы болып табылады дей келе, сөйлеу тілінде сөйлемдер тақырыптық, құрылымдық және интонациялық жағынан бірігеді де, ерекше синтаксистік бірлікті қалыптастыратындығын айтады [42, 4]. *Түнімен ой қажытқан қарт балықшы таң алдында ғана көзі ілініп бара жатқан-ды. Оқыс шыққан дауыстан шошып оянды. Илешала Элиза мен Балкүміс оянып, көздерін сипалып сыртқа жүгіре-жүгіре шықты. Ай қызарып батыпты. Таң алдындағы түн қайта тұтасып қоюланып келе жатты.*

Бұлардың аулы жым-жырт, тыныш. Тек іргелес отырған Дос аулына бір бөлек әбігер тап болған. Таң алдындағы тәтті тыныштықтың шырқы бұзылып, үлкен ауылдың бар кісісі сыртта жүр. Арлы-берлі жүгіріп, құйқылжып, у-шу, азан-қазан (Ә.Н.). Мәтіндегі негізгі ой – қарт балықшының оқыс дауыстан шошып оянуы. Сол уақытта болған іс-әрекеттер сипатталып, сөйлемдер мағыналық жағынан бір-бірімен өзара тығыз байланыста болып тұр.

С.Г.Ильенко «Синтаксические единицы в тексте» (1989) атты зерттеуінде мәтін құрамындағы сөйлемдердің **актуалды** мүшеленуіне, күрделі синтаксистік тұтастықты байланыстырушы құралдарға тоқталған [43, 5].

А.М.Джавадов: «Сөйлемдегі сөз тәртібі сөйлемдерді байланыстыратын буын ретінде қызмет етеді. Мұндайда сөйлемнің байланыстырушы элемент ретінде қолданылатын мүшесі а) нысандық, ә) себептік, б) мезгілдік, в) кеңістік (мекендік) қатынастарды білдіре отырып, бірінші орында тұрады» [44,14-б] деген. Әзірбайжан тілі зерттеушісінің бұл пікірінің біздің зерттеу нысанымызға қатысы бар. Өйткені бұл қасиет қазіргі қазақ жазба тіліне де тән.

Актуалды мүшелену категориясы – тема мен рема – мәтін байланысында, **сөйлеммен сөйлемге ой қозғауда** басты ұйымдастырушылардың бірі деп Г.А.Золотова да айтқан болатын [45, 118]. Жоғарыдағы пікірлер түйіні И.В.Ковтунова пікіріне саяды. И.В.Ковтунова «тема мен ремаға мүшелену актуалды мүшелену деп аталады, оның актуалдылығы берілген контексте немесе сөйлеуші мен жазушы үшін берілген нақты ситуацияға тән екендігін көрсетеді. Тема хабарлаудың мәні болса, рема хабарлаудың негізгі мазмұны және айтылымның коммуникативтік орталығы болып табылады» [46,7] деп көрсетеді. Сондай-ақ заттық мағынадағы сөздер *тема*, ал белгі, қимыл мағынасындағы сөздер *рема* болуға бейім екендігін айтады [47, 9-б.]. Етістік-баяндауыштардың контекст пен ситуацияға

байланысты тема болатын жағдайлары ұшырасады. Мысалы: *Ауылға жеткенше қатты жүрістерін де бәсеңдетпеген. Әдейі бұл елді басынып, айбын көрсетіп, жасқантқа жетпек. Шеткі ауылға іліне бере Әзімбай ат үстінен ақырып әмір етті:*

– *Әй, жатақ! Кімнің бар? Шық алдыма!* – деді.

Бұл ауылда Абылғазы, Дәркембай мен Қаңбақ, Тоқсандар бар-ды. Солардың басы көріне бере Әзімбай тілге, сәлемге келмей жатып айғайлап бұйрық етті

– *Босат! Тегіс босат жылқымды!* – деп зіркілдеп тұр (М.Ә.). Берілген мысалдың соңғы абзацындағы *босат* етістік баяндауышы сөйлемнің басында келіп тема қызметін атқарып тұр. Әдеби тіл тұрғысынан қарастырушылар мұны синтаксистік норма қалыптаспай тұрғандағы реттілікке дейінгі құбылысқа жатқызады. Ал, шын мәнінде, функционалдық-коммуникативтік тұрғыдан, мәтін синтаксисі тұрғысынан қарасақ, бұл – орын тәртібінің өзгеруі жүйесіздік емес, актуалдандыру.

Күрделі синтаксистік бірлік жайында айтқанда, сөйлемнің актуалды мүшеленуі жайындағы мәселе де назардан тыс қалмауы керек. Тема-рема мәселесі – сөйлем құраудың ең басты амалдары. Сөйлемде айтылатын негізгі ой, түптеп келгенде, осы екеуінің айналасына құрылады. Айтушы адамның әр түрлі мақсат, тілегіне сай кейде олардың орны алмасып отырады [47, 41]. Бұл пікірдің орынды екендігін жоғарыда келтірілген мысалдан байқаймыз.

«Қазіргі қазақ тіліндегі сөйлемнің актуалды мүшеленуі» (1995) атты кандидаттық диссертациясында С.М.Аташев «көбінесе адресатқа, тыңдаушыға немесе контекстен белгілі болып келетін сөйлемдердің, ойдың не туралы екендігін көрсететін бөлігін оның темасы, оған сол жайында ойды, сөйлемнің ең негізгі, фразаны айтуға себеп болған бөлігін ремасы деп атайды» [39, 20] деген.

А.Н.Новиковтің зерттеуінде де фразадан тыс бірлік мәселесі қарастырылады. Мәтіннің негізгі белгілеріне мәтіннің дамуын, мәтіннің байланыстылығын, мәтіннің аяқталуын жатқызып, олардың өзіндік ерекшеліктеріне тоқталады. Зерттеуші мәтінді сөйлеу единицасы ретінде қарастырған [48, 26].

Жоғарыда келтірілген пікірлерден мәтінге тән негізгі белгілерді айқын көруге болады.

В.И.Ставский «Семантико-синтаксические связи предложений в речи» (1978) еңбегінде күрделі синтаксистік тұтастық компоненттерінің арасын байланыстыратын құралдарға есімдіктерді, синонимдік ауыстыруларды, қайталауларды, шылауларды жатқызады [49, 9]. **Ғалымның осы пікірін дәлелдеп көрейік.**

1.Ақбаланың бір әдеті: қанша қиындық көрсе де кісіге шағынбайтын. 2.Өзінің жоқ-жітік жайын ол қазір де тілінің ұшына алмады. 3.“Жағдайың қалай”? – деп Рай да сұрамады. 4.Онсыз да жеңгесінің жұпыны, жүдеу түрін көріп көңілі жабырқап отыр (Ә.Н.). 1-сөйлемдегі Ақбала сөзінің орнына 4-сөйлемде жеңгесінің сөзі контекст арқылы синоним болып тұр.

Біздің ұғымымызда синтаксистік синоним дегеніміз – екі немесе одан да көп синтаксистік конструкцияның лексикалық құрамы бірдей, мазмұны бір, бірыңғай синтаксистік қатынаста келіп, құрылымы әр түрлі болып, соған сай нәзік мағыналық айырмашылығы болатын синтаксистік параллелизмнің түрі. Синонимдес конструкциялардың арасындағы айырмашылық олардың қолданысындағы жиілік, сиректіктен және стилистикалық жағынан аңғарылуға тиіс [34, 27].

Ал контекстік синоним өзінің аталуына қарай белгілі бір контекстке байланысты жасалатын синонимдер екенін ұғамыз. Мұндайда контекстің ықпалын, контекстің белгілі бір шарттарын байқаймыз [34, 11].

Контекстік синонимдер автордың сөз қолдану ерекшелігін, ауызекі сөйлеу тіліндегі жұмсалатын өзгешеліктерді танытып отырады.

«Синонимдік лексиканы пайдалану тек тікелей синтаксистік мағынаны білдірмейді, ол сөйлемнің құрылымдық үйлесімділігінің сыртқы көрінісі ғана болып табылмайды, сонымен бірге сөйлемдер арасындағы әр түрлі мағыналық қатынасты, олардың экспрессивті-модальдық реңктерін білдіру үшін де қолданылады. Тізбекті синонимдік байланыстың мәні лексикалық қайталау арқылы тізбекті байланыс тәрізді сөйлемнің құрылымдық үйлесімділігінен болады және сөйлем мүшелерінің сәйкестілігін білдіреді» [27, 65] деген Г.Я.Солганик.

1.Казанцев мұны да аңғармай қалған жоқ. 2. Ояз начальнигі енді анық танып отыр. 3.Мынау кесек, қырлы мұрынды, ашулы өткір қара көзді қара сақал қайсар қазақ, Ибрагим Құнанбаев сияқты кісіні айыптау керек болса, қандай жаманшылық, жаланың бәрінен де тартынатын емес. 4.Бірақ уезд бұрынғы кездесулер мен бүгінгі соңғы сөйлеуінде де Оразбайға нық байлаулы жауап берген жоқ. 5.Ол әзірше Абайдың үстінен елдің наразы адамдары, осы Оразбай сияқты бай, абырой иесі адамдары арыз беруге бола беретінін сездірді (М.Ә.). 1-сөйлемдегі Казанцевтің орнына 2-сөйлемде ояз начальнигі, 3-сөйлемдегі Ибрагим Құнанбаевтың орнына 5-сөйлемде Абай сөзі қолданылып, сөздерді қайталай бермеу мақсатында жұмсалған.

«Қатар келген сөйлемдерді параллель конструкцияға сыйғызып, оларды логикалық ой-желісі жағынан тығыз жақындастырып тұратын амалдардың біріне сөйлемдердің біреуіндегі бір сөзді екіншісінде қайталап келтіру жатады» [50, 43] дегендей, қайталаудың да мәтін байланыстыру құралы екендігін байқауға болады. *Ұзыннан ұзын шұбатылған көш ауылды жанай дабырлап өте берді. Адам да, мал да аралас. Кісінеген жылқы, маңыраған қой. Көш*

алдында биік атанды бұйдасынан жетектеген мес биенің үстіндегі кемпірдің ақ шағаладай күндігі бұлғақтап барады. Қаздай тізілген он шақты түйенің қомына артқан жүк адам айтқысыз. Ішін жүнмен тығындаған аттың желдігі сияқты екі өркешке кигізген жадыны айналдыра салған текемет ортасында мойны қылқиып шулаған балалар, кейбірінде бесік, екі жағына теңдеп артқан абдыра, кебеже, ораулы текемет, алаша, кілемдер теңселіп, маң-маң басқан түйе ырғағымен бірге ырғалып, тербеліп барады. Көш айналасында ат үстінде бірін-бірі қуып, ойнап жүрген жастар, құнан мінген бозбалалар, тай жарыстырған жас балалар. Бәрі үлде мен бүлдеге оранған. Айыл-тұрман күнге шағылысып жарқ-жұрқ етеді. Көштің дәл орта тұсында екі жағына ерттеулі екі бос ат жетектеген су жаңа қара пәуеске кетіп барады.

Көш соңында радуанға, екі аяқты шиқылдауық ағаш арбаға жеккен аттың басында мәсілі аяқтары салбыраған әйелдер отыр (С.Жүнісов). Күрделі синтаксистік тұтастықтың негізгі тақырыбы көш туралы. Мұндағы көш алдында, көш айналасында, көштің дәл орта тұсында, көш соңында тіркестерінің көш сөзімен тіркесе, қайталанып қолданылуы мәтін бөліктерін байланыстырып тұрғаны даусыз.

Ғылыми еңбектердің бірінде мәтін деп кез-келген форма түріндегі ауызша немесе жазбаша айтылымдарды айтып жүрсе, екінші біреулерінде мәтінге тек жазбаша айтылымдарды жатқызып жүрді. Бастапқыда зерттеушілердің көпшілігі осы соңғы анықтаманы ұстанып, мәтінді тек жазбаша тілге тән бір ғана формада болады, яғни жазба тілге тән деп түсінді.

Сөйлем басында бір сөздің немесе сөз тіркестерінің қайталанып келуі кездейсоқ құбылыс емес. Олар бірнеше рет қайталанып келсе де, тиісті стилистикалық қызмет атқарады. Осындай қайталаудағы сөздердің әрқайсысының

стилистикалық жүгінің салмағы біркелкі болып келе бермейді, әрқайсысының өзіндік қолданылу ерекшеліктері танылып отырады [51, 38].

Бір микротексте сөзге стильдік қызмет үстеп, бірнеше қайталап қолдану – текст түзімінің бір саласы. Шығарма тілін көріктеуде қайталама құбылысы өте ұтымды, әсерлі тәсіл қатарынан табылады. Ол стильдік категорияға жатады. Атының өзі айтып тұрғандай, қайталама дегеніміз – бір сөздің, не тіркестің, сөйлемнің бір сөйлемде, не абзац, шумақ сияқты микротексте қайталанып келтірілу тәсілі. Қайталаманы суреткер көркем тексте әр алуан стильдік мақсат көздеп жұмсайды [52, 87].

Поэзия тілінде де қайталаудың өлең мәтінінің мағынасын, бірлігін, тұтастығын сақтауда қызметі ерекше. М.Жұмабаевтың «Жатыр...» өлеңінен осындай қасиетті байқау қиын емес. Мысалы:

Басқа да жұрт аспан-көкке асып жатыр,

Кілтін де өнер-білім ашып жатыр.

Бірі – ай, бірі – жұлдыз, бірі күн боп,

Жалтырап көктен нұрын шашып жатыр.

Таласып өнер-білім алып жатыр,

Күнбе-күн алға қарай барып жатыр. «Жатыр» сөзі өлең шумағының соңына дейін қолданылып, күрделі синтаксистік тұтастық жасап тұр.

Мәтін әрбір нақты бір жағдайда пайда болады. Екінші жағынан, мәтін коммуникативтік қарым-қатынасқа бағытталады [53, 25]. «Текст – это высшая форма системной организации, содержащая сообщение о фрагменте мира, созданная по замыслу автора, обладающая композиционным, семантическим, прагматическим единством, обработанная в соответствии со стилистическими нормами и функциями языка» [53, 27] деген көзқарастан да мәтіннің аяқталған ойды беру үшін түрлі құралдар арқылы берілетіндігі байқалады.

Б.Шалабаев күрделі синтаксистік тұтастықтарды құрылымдық жағынан екі топқа бөліп қарастырады: 1) тізбекті және 2) параллельді байланыстар [54, 113].

Параллель байланысқан күрделі синтаксистік тұтастық пен тізбектеле байланысқан күрделі синтаксистік тұтастықтың айырмашылығы – олардағы сөйлемдердің байланысу түрінде (тәсілінде). Тізбектеле байланысқан күрделі синтаксистік тұтастықты құраушы сөйлемдер алғашқы сөйлеммен (басқы бөлікпен) өзара іліктесіп барып, бірінен соң бірі тізбектеліп байланысатын болса, параллель байланысқан күрделі синтаксистік тұтастықты құраушы сөйлемдер алғашқы сөйлеммен бәрі бірдей тең дәрежеде байланысады [10, 736-737]. Мысалы, 1. *Абай, Базаралы, Ербол мен Дәрмен бұл әрекеттердің қалың ортасында өздері болып, Дәркембай қазасының бар ауыртпалығын да өз мойындарына алған. 2.Өздері қам еткен болатын. 3.Жақында отырған Ақылбай аулына Абай кісі жіберіп, ол жақтан жаназға көп адамды келтірудің үстіне, Дәркембайдың үйіне аза ретінде бір сиыр, бір түйе сауын әкелгізіп берді* (М.Ә.). Бұл жерде 1-сөйлемдегі *Абай, Базаралы, Ербол мен Дәрмен* сөздерінің орнына 2-сөйлемде өздері есімдігі арқылы тізбекті байланыс жасап тұр.

Параллельдік қолданыстар жай, құрмалас сөйлем шегінде және күрделі синтаксистік тұтастықта кездеседі. Жай сөйлемдегі параллельдік қатар жасайтын, негізінен, сөйлемнің бірыңғай мүшелері. Тіліміздегі барлық сөйлем мүшелері бірыңғайласа қолданылады. «Қазіргі қазақ тіліндегі сөйлемнің бірыңғай мүшелері – тіліміздің грамматикалық құрылысында ертеден келе жатқан синтаксистік құбылыс. Бұған көне түркі жазба ескерткіштерінде кездесетін фактілер айқын айғақ бола алады», – дейді. «Қазіргі қазақ тіліндегі сөйлемнің бірыңғай мүшелері» атты еңбегінде М.Х.Шаяхметова [55, 4].

Күрделі синтаксистік бірліктер компоненттерінің құрылымдық жағынан тепе-теңдігі, сөйлемдегі сөздердің орын тәртібінің бірдей болуы шарт. Сонымен қатар құрмалас

сөйлемдердің жақтық, шақтық жағынан біркелкі болуы да шарт. Параллельдік байланыстың бір тәсілі анафора мен эпифора болып табылады. *Бұл үй Абайды осы кешке қонаққа шақырған. Абай келсе, Дәмежанның төргі үйінде қайықшы Сейіл де бар екен. Абай қалада кездесіп жүретін еңбек адмдарының ішінде мінезімен, сөзімен және қала жайын жақсы білетін есті-бастылығымен, Абайға өте ұнайтын адам осы Сейіл еді. Абай онымен қайық үстінде ғана емес, кейде кезек қонақтасқан үй, пәтерлерінде де бірге болысатын. Не қылса да қалалық сыпайылықты өзінің жаратылысындағы ұстамды мінезділікпен үйлестірген қалпын танытады. Абай бұл үйде өзі ұнататын адамын көргенде, қазіргі ренжіп келген көңіл жайына қарамай, едәуір риза боп қалды (М.Ә.). Мұндағы Абай анафоралық қайталамасы мәтінді жалғастырушы, байланыстырушы құрал ретінде қызмет атқарып тұр. Параллельділіктің өзі қайталаманың бір түрі болып табылады.*

Төмендегі мысалдан эпифоралық қайталауды көреміз: *Рошель жалғыздықтан қорқатын. Кейде қызметтен қолы босап, оңаша үйде жалғыз қалса, түсі бұзылып тұнжырап қоя береді. Әке-шешесі есіне түседі. Бұрын қасында келіні болатын. Ал, қазір жалғыз. Қазір жұрттың бәрі жалғыз. Әкесі де жалғыз. Бұның өзі де жалғыз. Генерал Чернов та, Колчак та жалғыз. Соны ақымақтар ғана сезбейді, ал ақылды кісі сезгісі келмейді (Ә.Нұрп.).* Сөйлем соңындағы «жалғыз» қайталамасы күрделі синтаксистік тұтастықтың арасын байланыстыру үшін әрі экспрессивтік мән беру үшін қызмет атқарған.

- Бостандықта өткен күнді сағындым.
- Желдей заулап кеткен күнді сағындым.
- Жыл құсындай ұшсам, қонсам ерікті –
- Ойдағыны еткен күнді сағындым...

Ойыны бір күрдастарды сағындым.

Тілегі бір жолдастарды сағындым.

Келешекке бірге жоспар құрысқан –

Сырласатын жан достарды сағындым. (М.Жұмабаев).

Өлең шумақтарындағы параллель сөйлемдерде мағына жақындығы біркелкілікке байланысты, сондықтан олардың сыртқы (грамматикалық) құрылымы да параллель элементтер арқылы көрініс берген.

К.М.Абдуллаев синтаксистік параллелизмнің бірізді және олардың компоненттері синтаксистік құрылысы жағынан бірдей немесе өзара ұқсас болып келетіндігін айтады. «Параллель компоненттер сөйлемдерді формалық жағы тәрізді мағыналық жағынан да бір типті етеді. Формалық біркелкілік әр түрлі біртекті компоненттердің мүшелері бірдей немесе грамматикалық қатынастардың бірдей болуымен сипатталады» [56, 74].

Күрделі синтаксистік тұтастықты құрайтын сыртқы тәсілдердің және біреуі – ұйқасты морфологиялық көрсеткіштері бірдей тұлғадағы етістікке құру. Етістік болған мүшенің біркелкі тұлғада берілуі сөйлемнің синтаксистік тұтас единица болып топтасуына қатысады. [50, 45-46-б.]. *Соль-Елецкі полкі бұл жолы аттары да, адамдары да шөл қинап жеткеніне қарамастан бірден шабуылға кетті. Қызылдардың қорғаныс шебін осал тұстан орағытып өтуге тырысты. Бірақ күні бұрын бекініп алған қызылдар іргесін алдырмады. Және қорғаныс шебінің осал жеріне қойған зеңбіректер жау қарасы көрінер-көрінбестен атқылап, алдыңғы лекті әбігерге салды. Әрі-беріден кейін Соль-Елецкі полкінің беті қайтып, кешке қарай ұрыс саябырлады. Күндізгі ыстық аптап басылды* (Ө.Нұрп.). Мәтіндегі әрбір сөйлемнің баяндауыштары етістіктің жедел өткен шақ формасы арқылы жасалған. Дербес сөйлемдер арасындағы параллельдік байланыстар салыстыру, қарсы қою, санамалау, іс-әрекеттің бір мезгілде болғандығын т.б. әр түрлі мағыналарды білдіреді.

С.Г.Ильенко «күрделі синтаксистік тұтастықты сөйлеудің синтаксистік единицасы ретінде қарастырудың өзіне тән ерекшелігінің бірі – сөйлесімнің құрамына енетін тема-ремалық құрылым» екендігін айтады [43, 24].

Н.И.Серкова «Сверхфразовое единство как функционально-речевая единица» (1966) атты зерттеуінде: «Фразадан тыс бірліктің функционалдық ниеті я өзекті мүшеленуі деп сол бірлікте бейнеленген нақты мәнді, осы ахуал контекстінде айтылған хабарды талдаудан келіп шығатын мүшелеуді айтамыз» [40, 7] деген.

1.Әбіш пен Абай сан рет кеңес құрып, сахара адамы мен оның ісі туралы неше алуан ойлар толғайтын. 2.Бір кезек бұлар қырдағы қылмыс жөнінде сөз етісті. 3.Бұған бөгде бір жай себеп болған-ды. 4.Әбіш тағы бір орайда әкесінің үстіне кірсе, Абайдың қарсысында бұл ауылдың адамдарынан бөтен түсті үш кісі отыр екен. 5.Ең төменгі жұпыны киімді, жалаң бас кісіні Әбіш шырамытқандай болды. 6.Ол да мұны танып ақырын амандық айтты. 7.Қалған екі кісі жоғарырақ орналасқан. 8.Абай сәл үндемей отырып барып, мынау үш адамның жайын айтты (М.Ә.). Мәтіндегі сөз таптарының сөйлемдер арасын қалай байланыстырып тұрғанын дәлелдеп көрейік. Мұндағы алғашқы сөйлем *Әбіш пен Абайдың сахара адамы туралы ой толғауы* жайында. 2-сөйлемдегі *бұлар* есімдігі 1-сөйлемдегі *Әбіш пен Абай* сөздерінің орнын басып тұр. 3-сөйлемдегі *бұған* есімдігі 2-сөйлемдегі *қылмыс жөнін* білдіріп тұрғандығы байқалады. 4-сөйлемдегі *үш кісі* сан есімді тіркесі өзінен кейін ой жалғастығы бар екендігін аңғартады. 5-сөйлемдегі *жалаң бас кісіні* сөз тіркесін келесі сөйлемде *ол* жіктеу есімдігі қайталап тұрғандығы, 7-сөйлемдегі *екі кісі* сөз тіркесі өзінен бұрын ойдың болғандығын, соңғы сөйлемдегі *мынау үш адамның* (есімдік пен сан есім) сөздері күрделі синтаксистік тұтастықтың 3-сөйлеміндегі *үш кісі* сөздерімен тығыз байланыста болып тұрғандығын байқауға

болады. Бұдан шығатын қорытынды: сөз таптарының мәтінтүзімдік қызметінің зор екендігі, сөз таптарының мәтін байланыстыруда ерекше маңызы бар екендігі.

Қазақ тіл білімінде күрделі синтаксистік бірлік мәселесін жан-жақты қарастырып жүрген ғалымдардың бірі – Ж.Жақыпов. Ол «Сөйлеу синтаксисінің сипаттары» атты зерттеуінде контекст мәселесін қарастырған. «Контекст тіл құбылысы емес, сөйлеу құбылысы ретінде қаралады. Сондықтан кейбір тілдік единицалар (дыбыс, әріп, түбір, қосымша) мәтін құрамында тұрғанмен, мағынаны нақтылап, мәнді айқындамаса, контекст түзе алмайды» [57, 42] деп көрсетеді.

Ж.Жакуповтың кандидаттық диссертациясында қазақ тіліндегі күрделі синтаксистік бірлік жайы сөз болған. Онда күрделі синтаксистік бірлік пен сөйлем, күрделі синтаксистік бірлік пен мәтін, абзац, тізбекті байланыстар, лексикалық қайталауларды толық қарастырып өткен [58].

Ж.Жакупов «Қазақ тілі функциональдық синтаксисі (контекст проблемасы)» атты (1999) докторлық диссертациясында да контекст мәселесіне жан-жақты тоқталған [59, 42].

Тіл – «халықтың жинаған рухани қазынасының жиынтығы, соның бәрін сақтайтын қоймасы» болса, сол «қоймадағы» таңбалардың әртүрлі мақсатта жұмсалуды, сөйлеуші мен тыңдаушының арасында болатын әңгіме-дүкеннен бастап, ғылыми, көркем шығармаларда, ресми құжаттардағы қолданысы – лебізді құрайды. Лебіз – тілдегі бірліктердің сөйлеу барысында қолданысы, жұмсалуды; белгілі бір уақыт аралығында жазбаша және ауызша түрде әр алуан, әр типті ақпарат құралына айналуы...

Лебізде сөзді әркім өзінің ыңғайына сай, танымдық, біліктілік, білімдік деңгейіне қарай субъективті көзқарасын айту үшін қолданса, тілдегі бірліктердің мағынасы оны жұмсаушы үшін объективті, сөздіктегі мағынасы халықтық

таным деңгейінде жасалғандықтан ортақ ұғымды таңбалайды» [11, 8-9] деген пікір де мәтінге байланысты болса керек.

Қазақ тіл білімінде сөз таптары лексика-семантикалық, морфологиялық, синтаксистік ерекшеліктеріне қарай таптастырылып келеді. Сөз таптарының мәтінмен де байланысы бар екенін байқауға болады.

2 СӨЗ ТАПТАРЫНЫҢ МӘТІН БАЙЛАНЫСТЫРУШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТІ

2.1 Есімдіктердің мәтінтүзімдік қасиеті

Сөз таптары тарихи категориялар қатарына жатады. Тарихи категория болғандықтан, олар сан және сапа жағынан үнемі өзгерістерге түсіп отырады. Есімдіктер табиғатынан да біз осы заңдылықты көреміз [60, 63].

Есімдер тобына жататын сөз табының бірі – есімдіктер. Есімдіктер заттың атын, сынын, санын, я олардың аттарын білдірмейді, бірақ солардың орнына жұмсалады. Есімдіктер белгілі бір түсінікті я ойды жалпылама түрде мегзеу арқылы білдіреді. Есімдіктердің нақтылы мағыналары өздерінен бұрын айтылған сөйлемге немесе жалпы сөйлеу аңғарына қарай айқындалады [6, 207].

Жалпы тіл біліміндегі ғалымдардың зерттеулерінде есімдіктердің тарихы, қалыптасу жолдары, сондай-ақ олардың мағыналары мен қызметтері туралы қарастырылса, кейбір зерттеулерде олардың сөйлемдердің арасын байланыстырудағы ерекшеліктері сөз болады.

Адам өз ойын әрқашан бір сөйлеммен ғана жеткізе алмайды. Сондықтан ол мәтін кеңшілігін пайдаланады, ал мәтін, негізінен, бірнеше айтылыс-сөйлемдерден тұрады, ол сөйлемдер бір-бірімен құрылымдық-мағыналық іліктестікте

болмаса, коммуникативтік әрекет мақсатына жете алмайды. Осы тұста сөйлемді дәстүрлі синтаксистік мүшелену емес, коммуникативтік-контекстік мүшелену көмекке келеді.

Есімдіктердің әрқашан белгілі бір заттың, сан-сапа, құбылыстың, іс-әрекет және кейбір ойлардың орнына оларды қайта қайталап жатпау үшін белгілі бір ғана сөзбен ауыстыра, алмастыра ықшамдай айтылатын сөздер екені қазақ тіліндегі есімдіктердің сөйлемде қолданылу жүйесінде өте айқын көрініп отырады [60, 63]. Біздің ойымызша да, бұл сөз табы адамдардың өз ойларын тез және қысқа жеткізу, қайталай бермеу үшін қолданғандығын байқауға болады. Есімдіктердің, негізінен, бір сөздің, сөз тіркестерінің, сөйлемнің немесе күрделі синтаксистік тұтастықтың орнына жұмсалатындығын байқау қиын емес.

Есімдіктердің жалпылама мағынасы контекст аясында айқындалады, олардың мағынасы тым жалпы. Есімдіктердің дәл, нақты мағыналары өздерінен бұрын айтылған сөйлем ыңғайына қарай білінеді. Мысалы, *Жаңыл – осы өңірдегі аты шулы әйелдердің бірі. Қорамса алыс-беріс, сый-құрметке сараңдау болса, бұл қонақасыға қолы ашық, жақын-жұрағаттарын ерінің төңірегіне топтап ұстай білетін, табиғатында біреуге зекіп көрмеген, не айтса да көкейіне қондыра, зердесіне құя айтатын ақылды, көпшіл бәйбіше. Ойын-той, ырду-дырдуға жаны қас Қорамса шақырған жердің өзіне көбінесе сылтау тауып бармай қалса, Жаңыл ондай жерден тартынбайды. Барған жерін өзінің ойлы сөздерімен, ұлағатты қалпымен баурап, еркін билеп алады* (С.Жүнісов). Күрделі синтаксистің соңғы сөйлеміндегі өзінің есімдігі бірінші сөйлемдегі Жаңылдың орнына қолданылып тұрғандығы мәтіннің ыңғайынан белгілі. Бұған А.Таусоғарованың «Есімдіктер тақырып пен контекст байланысында ғана емес, контекстегі ситуациялардың, сөйлемдердің байланысында да маңызды» [61, 22] деген пікірі дәлел.

Сөйлемнің коммуникативтік мүшеленуі құрылымның нақты қатынасқа қызмет етуін көрсетеді, сондықтан да сөйлем контекстен, кеңірек алсақ, мәтіннен бөлек алып қарауға әрқашан тиімді бола бермейді. Өйткені кез келген сөйлем мәтіннің құрамдас бөлігі болады да, ол сөйлемдер тұтас мәтінді құрау үшін бір-бірімен байланысты болып тұрады. Міне, осындай бір байланыстың белсенді құралы есімдік болады [47, 46].

Күрделі синтаксистік тұтастықты құраушы сөйлемдердің бір-бірімен байланысу тәсілдері, негізінен, екі түрлі. ...Бірінші түрінде күрделі синтаксистік тұтастыққа бірігуші сөйлемдер бір-бірімен іліктестік қатынаста байланысып тұрады, яғни сөйлемдер бір-бірінен туындап, алдыңғысы соңғысына бағынып отырады. Бұл жай бірінші сөйлемнің элементі екінші сөйлемде, екінші сөйлемдікі – үшіншісінде, үшінші сөйлемдікі – төртіншісінде т.с.с. қайталанып қолданылуы арқылы жүзеге асады. Ондай қайталанушы сөздер сол күйінде қолданылып немесе есімдік, үстеу сөздермен ауысып отыруы мүмкін. Сол арқылы ойдың дамуы, ілгері қозғалысы іске асады. Мұндай күрделі синтаксистік тұтастықтағы сөйлемдер бір-бірімен тығыз байланысты болғандықтан, оларды жеке алып қарауға келмейді, коммуникативтік т.б. қызметтерге басқа сөйлемдермен қарым-қатынастың нәтижесінде ғана ие болады [10, 740].

Есімдікті тізбекті байланыс – сөйлеу стилінің көпшілігінде қолданылатын кең тараған байланыс түрі. Есімдіктің әр түрлі мағыналық топтары сөйлем арасын байланыстыра алады.

Есімдіктің **дәлді** мағыналары егер екі я одан көп адам сөйлесіп отырған жағдайда қолданылса, сол сөйлемнен бұрын айтылып, я аталып өткен сөйлемдермен байланысты аңғарылады. Ал егер ондай есімдіктер монолог түрінде айтылған я жазылған сөйлемде қолданылса, олардың дәл

мағыналары, яғни олар туралы мәлімет сол сөйлемдерден бұрын айтылған я жазылған сөйлемдермен байланысты тыңдаушы мен айтушыға (оқушыға) ғана белгілі болады. Демек, есімдіктің дәлді мағыналары бұрын айтылған я жазылған сөйлемдермен байланысты анықталады [6, 208].

Есімдіктердің әрқашан белгілі бір заттың, сан-сапа я құбылыстың, іс-әрекет және кейбір басқа ұғым аттарын қайталап жатпай, олардың орнын ауыстырып, ықшамдай айту үшін жұмсалатын сөздер екендігі қазақ тіліндегі есімдіктердің сөйлемде қолданылу жүйесінен айқын көрінеді.

1. Абай келіп отырысымен, анау үлкендер бұдан: оқу жайын, саушылығын сұрастырды. 2. Өзге үлкендер ішінде Абайға әсіресе көңіл бөлген сөзуар, жарқын жүзді Қаратай. 3. Ол Абайды көре отырып, Құнанбайдың өзге жас балаларын да еске алды (13). Үзіндідегі 2-сөйлемдегі Қаратай деген баяндауыштың орнына 3-сөйлемде ол бастауыштық қызметте тұрған есімдік іргелес байланыс жасап тұр. Немесе: *1. Қарашоқы Қодар қыстауынан алыс емес. 2. Шыңғыстың үлкен биігінің бірі. 3. Соның бауыры әдемі, тоғайлы өзен болатын. Тал-терегі болсын және тау қайыңы қисықша қызыл қайың болсын, барлығы да көктеп, жайнап тұр (М.Ә.).* Бұл мәтіндегі 1-сөйлемдегі Қарашоқы бастауышының орнын 3-сөйлемдегі *соның* сілтеу есімдігі алшақ байланыс жасап тұр.

Текст түзу – қазақ филологиясында бұрын-соңды әңгіме болмаған тақырып. Ал шындығында бұл – көркем шығарма тілін, автордың поэтикалық тілін талдауда кеңінен сөз болуға тиіс мәселе. Себебі көркем шығарма, оның ішінде поэзия дүниесі сөздерден өрілетін болса, яғни сөздерден шығарма тексі түзілетін болса, сол түзілістің қыр-сырын ашу қажеттігі туады. Поэтикалық контекст көркем шығармадағы сөздердің бір-бірімен қарым-қатынасқа түсуімен, сондай-ақ ырғақ пен әуеннің, дыбыстардың бір-бірімен ұйымдасуы арқылы жасалады [62,

74] деген пікірден поэзия тілінде де олардың арасын байланыстыратын құралдардың бар екендігіне көңіл бөлініп тұр. Мәселен:

Өлсе өлер табиғат, адам өлмес
Ол бірақ қайтіп келіп, ойнап – күлмес
«Мені» мен «менікінің» айрылғанын
«Өді» деп ат қойыпты өңкей білмес.

Көп адам дүниеге бой алдырған
Бой алдырып, аяғын көп шалдырған
Өлді деуге сыя ма, айтыңдаршы,
Өлмейтұғын артына сөз қалдырған?

Кім жүрер тіршілікке көңіл бермей?
Бақи қоймас фәнидің мінін көрмей
Міні қайда екенін біле алмассың
Терең ойдың телміріп соңына ермей.

Дүниедегі дос ақиретке бірдей болмас
Екеуі тап бірдей боп орныға алмас
Дүниеге ынтық, мәшәрға амалсыздың

Иманын түгел деуге аузым бармас (Абай. Өлсе өлер табиғат, адам өлмес). Мәтінде мәтін түзудің шарттары сақталған. Мәселен, бірінші шумақта *ол* есімдігі бірінші тармақтағы табиғат сөзінің орнына жұмсалып мәтін түзсе, екінші шумақта *бой алдырған, бой алдырып* қайталаулары арқылы, үшінші шумақта *бермей, көрмей, ермей* параллельдік қайталаулармен, төртінші шумақта *екеуі* сан есімі өзінен бұрынғы тармақтың орнына қолданылып, күрделі синтаксистік тұтастық жасап тұр.

Есімдіктердің анафоралық және эпифоралық бағытта жұмсалатындығы белгілі. Анафоралық есімдік өзінен бұрынғы қандай да бір мүшеге қатысты болуы мүмкін, демек, бұдан іргелес байланысты байқауға болады, кейде алшақ

байланыс та болады, онда анафоралық есімдік өзінен бұрынғы сөйлемдегі қандай да бір мүшеге тікелей қатысты болмайды.

1.Қонақ үйі шешелер үйіндей емес, сыртынан да салқын, үнсіз. 2.Абай есіктен кіре, үйде отырған үлкендеге ашық дауыспен, айқын етіп сәлем берді. 3.Үлкендер де мұның сәлемін дауыстап алды. 4.Кісі көп емес, Құнанбай мен Майбасар, Жұмабайдан басқа осы өңірдегі Тобықтының белгілі үлкендері: Байсал, Бөжей, Қаратай, Сүйіндік екен. 5.Және осылардың жанына ерткен жас жолдасы тәрізді Байсалдың немесе інісі – бала жігіт Жиренше бар (М.Ә.). Берілген мысалда 2-сөйлемдегі Абай деген сөздің орнына келесі сөйлемде іргелес мұның есімдігі, 4-сөйлемдегі Байсал, Бөжей, Қаратай, Сүйіндік деген сөздердің орнына өзінен кейінгі сөйлемде іргелес осылардың есімдігі қолданылған. Поэзиядан мысал:

Сабырсыз, арсыз,еріншек,
Көрсе қызар, жалмауыз,
Сорлы қазақ сол үшін,
Алты бақан алауыз.
Өзін-өзі күндейді,
Жақынын жалған міндейді

Ол – арсыздық белгісі. (Абай). *Ол* есімдігі алдыңғы ойлардың орнын басып тұр.

Ю.М.Лотман да анафоралық есімдіктің мәтінді құрастыруда үлкен маңызды қызмет атқаратынын, оның байланыс құралы екендігін және бір сөзді қайталаудан құтылу үшін көмектесетіндігін, бір сөзді бірнеше рет қайталау оның семантикалық мәнін толық жоғалтатынын атап айтады [63, 388].

Сонымен, анафоралық есімдік сөйлем құрылымының компоненті бола тұрып, фраза аралық байланыс құралы ретінде қолданылады. Байқағанымыз: көркем шығарма

тілінде эпифоралық есімдікке қарағанда, анафоралық есімдік жиі ұшырасады.

Эпифоралық есімдік өзінен кейінгі қандай да бір мүшені анықтап, соған қатысты болады, бұның да мәтін түзудегі қызметі ерекше. Мысалы, *Құйын қуған қаңбақтай жөңкіліп жүргенім мынау!*. Сайда саның, құмда ізің жоқ. Көл бетінде қалықтаған көбіктей бүгін мына сайда шаңбарақ атып, сәтте жоқ болып, ертең ана адырда бұрқ беріп шығып, тағы тозып тарап жүрген жоқсың ба? Ежелден кешкен елдігіңнің ізі кәне? Берекем дер белгің қайсы? (М.Ә.). Бірінші сөйлемдегі мынау сілтеу есімдігі өзінен кейінгі ойды анықтап, нақтылап тұр. Төмендегі мысалдан да осындай жайды байқауға болады: *Сенің жөнің бөлек бөлек дегенім сол, сен сонау жиналған жас буынның қайнаған ортасыңдасың. Тыңдаңдаршы! – деп, Базаралы құлағын салып тына қалды* (М.Ә.). Құрмалас сөйлем құрамындағы сол есімдігі кейінгі ойға сілтеп тұр.

Кемеңгер дұғалы ауыз кәрі қайда?

Дертіңе шипа болар дәрі қайда?

Масайрап кімге сеніп қарысасың,

Жауап бер, осылардың бәрі қайда?

Жауап сол: өткен дәурен қайта келмес,

Қаншама өксігенмен тағдыр көнбес.

Бұл күнгі қарашыл қарт, парашыл би

Өткендер келгенмен де орнын бермес (Міржақып Алашқа). Өлең мәтініндегі *сол* есімдігі эпифоралық бағытта өзінен кейінгі ойға сілтеу жасау үшін жұмсалған.

Синтаксистік тұтас единица құрауда есімдіктер қатысады. Бір шумакқа не бір шоғырға (абзацқа) топталған сөздерді олардың біреуінде келтірілген есімдіктер бір-бірімен жымдастырады, алдыңғы жолдардағы бір мүшені соңғы жолдардың бірінде есімдік арқылы қайталап береді .

Г.Солганик есімдікті байланыстың стильдік ерекшеліктерін, олардың барлық сөйлеу стильдерінде қолданылатындығын, тізбекті есімдікті байланыс ерекше көп түрлі екендігін, оны құрауда есімдіктің мағыналық топтары қатысатындығын атап көрсетеді [27, 57].

Құрмалас сөйлемді зерттеушілер сөйлемдердің құрмаласуындағы есімдіктердің қызметіне айрықша мән бере қоймайды. Бірақ тиісті тұста есімдіктердің құрмалас сөйлемдердегі қызметін жол-жөнекей көрсетіп кетуге мәжбүр болады. Есімдіктердің сөйлемдерді құрмаластыруындағы қызметі мол. *Көлемі шағын жалғыз тау болғанмен, бұның құз-қиялары, биік жартастары көп* (М.Ә.). Қарсылықты сабақтас құрмалас сөйлемнің бірінші компонентіндегі тау сөзінің орнына екінші компонентте *бұның* сілтеу есімдігі қолданылып тұр. *Ауылнай Дүйсен Сержанға ақырып, ұмтыла беріп еді, оны Әбді омыраудан бүріп алып сүйрей жөнелді* (М.Ә.) деген құрмалас сөйлемде оны есімдігі бірінші жай сөйлемдегі ауылнай Дүйсеннің орнына жұмсалып, ыңғайластық қатынаста жұмсалған.

Салалас сөйлемдердің компоненттерін байланыстырушы амалдар: а) жалғаулықтар, ә) анафористік есімдіктер, б) байланыстырушы қайталамалар. Бұлар салалас құрмалас сөйлемдердің компоненттерін байланыстыру үшін жұмсалады. Анафористік амал дегеніміз – есімдіктер, есімдік негізді сөздер (сөйтіп, солай болғандықтан), бұл сөздер құрмалас сөйлемнің екінші компонентінің сөйлем мүшесі ретінде қатынасып, алдыңғы компонентті бір синтаксистік байланысқа түсіріп тұрады [64, 13] деген пікірден есімдіктердің қызметі байқалады.

Есімдік сөздер өз ішінде бір-бірімен жіктері айқын көрініп тұратын бірнеше топқа бөлінеді. Есімдіктің бұлайша ішінара бірнеше топқа бөлінуіне лексика-семантикалық принцип негіз болады. Сонда есімдік сөздер мағыналық ерекшеліктері жағынан жеті топқа бөлінеді: 1) жіктеу

есімдіктері, 2) сілтеу есімдіктері, 3) сұрау есімдіктері, 4) өздік есімдіктері, 5) жалпылау есімдіктері, 6) белгісіздік есімдіктері, 7) болымсыздық есімдіктері [10, 482].

Есімдіктердің мағыналық топтарының тізбекті байланыс жасаудағы қызметтеріне тоқталып өтейік. Жоғарыда аталып өткен мағыналық топтар мәтін түзуге атсалысады.

Жіктеу есімдіктері. Жіктеу есімдіктері әрқашан белгілі бір жақты көрсету үшін қолданылатын сөздер болып саналады. Сол себепті олар үнемі адаммен байланысты, яғни сөйлеуші, тыңдаушы және бөгде кісі деген ұғымдармен байланысты қолданылады. Олар белгілі бір жақты көрсетумен бірге әрқашан сөйлеушімен тығыз байланыста қолданылады. Сондықтан да олар өзгелерге сөйлеушінің қатынасы қандай дәрежеде болатынына сай жұмсалып, соған лайықты белгіленіп отырылады. Яғни жіктеу есімдіктері сөйлеуші, тыңдаушы және бөгде кісі деп бөлінуі осы қатынастар дәрежесіне сай белгіленеді [10, 482]. Мысалы: *1. Мен сол сұмырайды құртып, соның ізі-тозы бітсін деп, бұл жерді, бұл өңірді әдейі басқаның мекені етіп тұрмын (М.Ә.). 2. Сен не дейсің? Нұсқайтұғын бетіңді айт (М.Ә.). 3. Ол Қызылшоқының шеткі қонысында отырған Жексен аулына келді (М.Ә.).* Осындағы 1-сөйлемдегі мен – I жақ сөйлеушіні, 2-сөйлемдегі сен – тыңдаушыны, 3-сөйлемдегі ол – бөгде кісіні көрсетіп тұр.

Жіктеу есімдіктеріне тән жақтық қасиет үшінші жақ ол жіктеу есімдігі мен сілтеу есімдігі ол сөзі әрі адамды, әрі заттар мен құбылыстарды да, іс-әрекет, қимыл, сын сапаны да көрсете алатын әр жақты сөз болып саналады. Сол себепті ол сөзі қолданылу ретіне қарай бірде жіктеу есімдігі, бірде сілтеу есімдігі болып келетін жағдайлары бар. Оның қай кезде жіктеу, қай кезде сілтеу есімдігі болып қолданылуын біз негізінде қандай ұғымда қолданылып тұрғанына қарай, яғни ол “адам” деген ұғымда қолданылып тұр ма, немесе басқадай зат не құбылыстар деген ұғымда қолданылып тұр

ма, міне, осы негізге сүйене отырып, жіктеу, я сілтеу есімдігі деп тани аламыз [10, 482]. Мәселен, *1. Ол оң жақтағы Көлқайнарға бұрылмақ екен* (М.Ә.). *2. Ол жақтан жалғыз кеп жатқан суық қатал сөздердің бірталайын айтысып өтті. Ол әңгімелердің ішінде талай-талай мәндер жатыр* (М.Ә.). 1-сөйлемдегі ол адамға қатысты айтылып кім? деген сұраққа жауап беріп, сөйлемде бастауыш қызметін атқарып, жіктеу есімдігі ретінде қолданылса, 2, 3-сөйлемдердегі ол сөзі затқа, құбылысқа қатысты болып, қай? сұрағына жауап беріп, анықтауыш қызметінде жұмсалып, сілтеу есімдігі ретінде қолданылған. Жіктеу есімдіктерінің жеке алғанда да, контексте қолданған кезде де белгілі бір жақты көрсету мағынасын бойында сақтап отыратыны белгілі.

1. Шынында Қодар мен Қамқаның осы сорына себепкер болған да дәл осы Жетпіс пен соның ағасы даукес, бәлеқор Жексен. 2. Олар Қодардың ең малды ағайыны болатын. 3. Басында Құтжан өлген соң, осы көктемде жұрт Жексенді кінәлай бастады (М.Ә.). Мысалда 1-сөйлемдегі Жетпіс пен Жексен сөздерінің орнына өзінен кейінгі сөйлемде олар есімдігі қолданылып, іргелес байланыс жасап тұр. Немесе: *1. Абай кешке қозының жамырауынан оянды. 2. Бүгін қойды кеш сауып болған ба, ымырт жабылып қалыпты. 3. Дүние у-шу, ызың-ызың... 4. Бірақ соны көмескі, бұлдыр бір түс араластай болжайды. 5. Басы мең-зең. 6. Еті лапылдап, күйіп тұрған сияқты. 7. Аузы құрғап, ерні қатты кезеріп қапты. 8. Қасында шешесі мен әжесі отыр. 9. Ұлжан оның маңдайына алақанын қойып, төмен қарап отыр екен* (М.Ә.). Мұнда 1-сөйлемдегі Абай бастауышының орнын 9-сөйлемде оның жіктеу есімдігі басып, бастауыш-толықтауыш қатынасында жұмсалған, әрі алшақ байланыс жасалған. *1. Бала ес білгеннен бері қарай әкесінің қабағын жұтаң қыста күн райынан баққан кәрі бақташыдай бағып, танып өскен. 2. Әкесі де бұл баласының сондай сезгіштігін өзге*

балаларынан артық санаушы еді. 3.Ұялғанды, жауап айтпағанды кешірмейтін әке мінезі Абайға мәлім. 4.Ол сабырлы, момын пішінмен: – Шүкірлік, әке, – деп біраз тұрды да: ат барған соң, дәріс тамам болмаса да, қазіреттің рұқсатын, фатиқасын алып қайттым, – деді (М.Ә.). Бұл жерде 1-сөйлемдегі бала бастауышының орнына 4-сөйлемде ол есімдігі алшақ байланысу арқылы бастауыш-бастауыш формасында өзінен бұрынғы сөйлемдегі бастауышты қайталай бермеу үшін, әрі оны нақтылап, айқындау үшін қолданылған. 1.Өзі жеңіл балаға оңай көнгісі келмей, қаниша қырсық жасаса да Оспан жығылмай қойған. 2.Оның бағана Смағұлға мақтанғаны да сол (М.Ә.). Мұнда 1-сөйлемдегі Оспан сөзінің орнына 2-сөйлемде оның есімдігі жұмсалып бастауыш-анықтауыш қатынасы арқылы алшақ байланыс жасап тұр. Немесе: 1.Жас жігіт өзін Құнанбаевпын дегенде, адвокат жалт қарап таңданыңқырады да, алдыңғы арыздарды қолына алып, бірдемені іздей бастады. 2.Оны таңдандырған нәрсе болыс пен жігіттің ортақ фамилиясы (М.Ә.). Үзіндідегі адвокат сөзінің орнына келесі сөйлемде оны есімдігі бастауыш-толықтауыш қатынасын жасап, іргелес байланыста қолданылған.

Поэзия тілінде де есімдіктердің осындай сипаттарын кездестіруге болады:

Адасқанның алды — жөн, арты — соқпақ,

Оларға жөн арамның сөзін ұқпақ.

Қас маңғаз малға бөккен кісімсініп,

Әсте жоқ кеселді істен биттей қорықпақ.

Олардың жоқ ойында малын бақпақ,

Адал еңбек, мал таппақ, жұртқа жақпақ.

Жалғыз атын терлетіп, ел қыдырып,

Сәлемдеспей, алыстан ыржаң қақпақ. (Абай). Бірінші шумақтағы оларға жіктеу есімдігі бірінші тармақтағы

адасқанның деген сөздің орнына жұмсалып, анықтауыш-толықтауыштық қатынаста іргелес байланыс жасаса, соңғы шумақтағы олардың жіктеу есімдігі анықтауыш-анықтауыш қатынасында алшақ байланыс жасап, өлең мазмұнын бір шоғырға жинап, мағыналық бірлікті сақтауға қызмет етіп тұр.

Жіктеу есімдігінің құрмалас сөйлем арасын байланыстыруда да қызметі ерекше. «Құрмалас сөйлемдер арасында олардың бөліктерін біріктіруші құрал ретінде жекелеген сөздер қатысатындығын, мұндай сөздер сөйлемнің лексикалық жағынан өзінің байланысын жоғалтпай, құрмалас сөйлем бөліктерінің грамматикалық жағынан бірігуіне және олардың арасындағы синтаксистік қатынастарды жасауға қатысатындығын айта келе, көбінесе бұл тәрізді қызметті есімдіктердің атқаратындығын көрсетеді» [60,34-35].

Жіктеу есімдіктері тек бір ғана емес, бірнеше сөздің орнын басатын тұстары кездеседі. *1.Көш бойында ат мінген кісі аз. 2.Әр көште бірен-саран еркектер мен көш бастаған қартаң әйелдер ғана ат үстінде. 3.Олардан басқа бала-шаға, кемпір-шал және жас қатынның көбі жүк артқан түйелерге мініпті* (М.Ә.). Күрделі тұтастықтың 2-сөйлемдегі “бірен-саран еркектер мен көш бастаған қартаң әйелдер” дегендердің орнына келесі сөйлемде *олардан* есімдігі қолданылған.

Жіктеу есімдігінің көп қолданылатын сипаты – дербес сөйлемдердің “бастауыш-анықтауыш” түріндегі арақатыстылығы. Жіктеу есімдігі көбінесе анафоралық позицияда, яғни өзінен бұрын тұрған ойды анықтау үшін қолданылады. Мысалы:*1.Қарқаралыға келгелі Алышынбай Құнанбайға бірнеше рет келіп қонақ боп кеткен. 2.Бүткіл бұл атыраптағы атқамінердің Алышынбай атын атауы басқаша көрінген. 3.Оны Алышынбай деуші кісіні Абай әлі есіткен жоқ. 4.Блғи “Алшекең” дейді. 5.Осы өңірде аға сұлтан Құнанбай атымен тең аталатын, кейде тіпті жапа-жалғыз аталатын ат соның аты. 6.Оның ата тегін де бар*

Тобықты, бар Қарқаралы “Қаракөк” деп атайды (М.Ә.). Үзіндідегі 1-сөйлемдегі Алшынбай бастауышы 3-сөйлемде *оны* толықтауышымен бастауыш-толықтауыш қатынасында, 6-сөйлемдегі *оның* анықтауышымен бастауыш-анықтауыш қатынасында тұрса, 5-сөйлемдегі *оның* есімдігі “Алшекең” сөзінің орнына қолданылған.

Мына мысалда толықтауыш-толықтауыш қатынасын көруге болады: *1.Құнанбай алғашқы шыққандарға қарап тұрған жоқ. 2.Оларға беріліп жатқан жазаны да елеген жоқ. 3.Үлкен қораның үш есігінен шығарып жатқан Жігітектердің пішіндеріне ғана қадалды (М.Ә.).*

Фразадан тыс бірлік құрамындағы байланысты есімдік көмегімен жүзеге асыруда жіктеу және сілтеу есімдіктері түрлі грамматикалық формада тұрады. Осы қажеттіліктен фразадан тыс бірліктерді қалыптастыруда есімдік ролінің зор екендігін кейбір ғалымдар «жалғыз шегендеуіштік құрал» (единственным скрепляющим средством) деп атайды [65, 55].

О.Н.Селиверстованың «Местоимения в языке и речи» деген еңбегінде есімдіктердің қызметін былай көрсетеді: Собственно лексическую часть значения можно разделить на два «пласта». Во-первых, местоимения задают уровень характеристики актанта ситуации, представляют его либо как личность, либо как носителя уникального, но не определяющего личность признака, либо как члена класса и т.д. Во-вторых, местоимения указывают, может ли слушатель получить из контекста или ситуации сведения, раскрывающие заданную характеристику, и при указании на наличие такой возможности содержит отсылку к тому или иному элементу контекста или ситуации, которые восполняют недостающие сведения. Обе эти части значения (и характеризующая, и отсылочная) достаточно устойчивы (при возможности существования вариантов) [66, 50-51] деген көзқарасы да есімдіктердің контекст пен жағдаятқа байланысты болатындығын дәлелдейді.

Сілтеу есімдіктері. Сілтеу есімдіктеріне тән сөздердің негізгі лексикалық мағыналары аралық қатынастарды көрсету болып табылады. Сол себепті сілтеу есімдіктері әрқашан сөйлеушіге не сөйлемдегі субъектіге субстанциялар мен құбылыстардың әр алуан жақын не алыстық сияқты аралық қатынастарын білдіріп отырады.

Мәтіннің құрылымдық бірлігін қалыптастыруда сілтеу есімдіктері, шылаулар, үстеулер үлкен қызмет атқарады. Сілтеу есімдіктері анафоралық, яғни бұрынғы зат пен құбылысты оқырманға сілтейді [67,123].

Барлық өзге жауаптар үшін де шыныммен, барыммен жауап беруге әзірмін дейтін сапарым осы, не көрсем де тәуекел, өкінбей кететін жолға жүрем... Маған жеке ат-арба әзірлеңдер! – деді де Әбіштермен бірге жөнелетін болды (М.Ә.). Мысалдағы құрмалас сөйлем құрамындағы *осы* есімдігі әрі сөйлем арасын, әрі мәтін арасын байланыстырушылық қызмет атқарып тұр.

Өлең жолдарынан мысал келтіріп кетейік:

Қарсы келсең, басынды кесіп алды,

Ұнаса, арамнан да ішіп алды.

Жанның бәрін бір өзі құлданбақшы,

«Мен де – Құдай» демеген несі қалды.

Жігіттер, анау ойдың түбі жаман,

Ондай жолға кірген жан шықпайды аман.

Кім біледі, Тәңірінің өзіне аян –

Оларға өлгеннен соң қандай заман. (Шәкәрім. Жуандар).
Бұл жерде *анау* сілтеу есімдігі өзінің алдындағы шумақтың арасын байланыстыру мақсатында қолданылған.

Сілтеу есімдіктерінің аралық қатынастарды білдіру жағынан ішінара жақын-алысырақ, алыс-жақынырақ сияқты қарама-қарсы мағыналарда қолданылатын сөздер болып бірнеше жікке бөлінеді. Сілтеу есімдіктерінің бұл аралық қатынастарды білдірудегі мағыналық жіктері әрқашан бір

есімдік пен екінші бір есімдікті салыстыра қолдануда, қарама-қарсы ұғымдардағы сөздердің мағыналық айырымдарын салыстыра көрсету амалы арқылы ғана айқын көріне алады. Сонда ол амал, біріншіден, мағыналық жіктерін қарама-қарсы қойып салыстыруға келетін “жақын” және “алысырақ” деген аралық ұғымды білдіре алатын сілтеу есімдіктерінің арасында болады [10, 484]. Мысалы: 1. *Анау бір топ қыздың ішінде Тоғжан да отыр екен* (М.Ә.). 2. *Мынау жағалай отырған қыз-келіншек Абайдан көзін алмайды* (М.Ә.). 1-сөйлемдегі анау есімдігі алысырақ жердегі затты, құбылысты нұсқаса, 2-сөйлемдегі мынау есімдігі жақын аралықтағы затты нұсқау үшін жұмсалған. Немесе мына сөйлемге назар аударып көрейік. *Жұрттың бәрі көшіп, сонау Көкшетауға барып ұлы дүбір мереке жасады ғой* (М.Ә.). Сонау есімдігі қашықтағы заттарды нұсқай көрсететіні айқын көрініп тұр. Сөйлемдерді байланыстыру үшін белгілі тілдік құралдарға есімдіктер жататындығына «Складывается впечатление, что внепредложенческие отсылочные функции указательных местоимений применяются чаще, чем внепредложенческая функция прямонаправленности» [68, 227] деген көзқарас та дәлел бола алады.

Сілтеу есімдіктері кез келген бірыңғай немесе әр қилы субстанциялар мен құбылыстардың ішінен белгілі біреуін даралап бөліп алып, соған тыңдаушының көңілін аудару мақсатымен қолданылады. Мысалы: *Айтқандай сол жаңағы үш жігіт Құнанбайдың мал айдатқан адамдары екен* (М.Ә.). Олардың бұл белгілі бір субстантивті не құбылысты бөліп алып, соған тыңдаушының көңілін аудару қызметі болса, екінші жағынан, сілтеу есімдіктерінің қолданылу ретіне қарай контексте белгілі бір нақтылы мағыналарға ие болу қасиеттерімен ұштасып жатады. Ол мағыналық нақтылық өз тарапынан сілтеу

есімдіктерінің қандай сөз таптарының орнына қолданылады деген мәселені қамтиды [10, 485].

Есімдіктердің бірқатары сөйлемнен тыс жеке, дара тұрғанда, олардың нақтылы мағынасы айқындалмай, екі ұшты болып тұрады. Осы тұрғыдан алып қарағанда, жіктеу, сұрау, сілтеу есімдіктері өзінен бұрын айтылған есім сөздерінің орынбасары болып саналады [6, 61].

Сілтеу есімдігінің мағыналары өзінен бұрынғы сөйлем арқылы айқындалады. Сілтеу есімдіктері арқылы нұсқай айтылатын заттар мен құбылыстар сөйлеу кезеңінен бұрын айтылған, алдын ала ескертілген нәрселер болады да, олар сөйлеуші мен тыңдаушыға сол алғы ескертулерден таныс болып отырады.

Жай сөйлемдерді құрмаластыруда сілтеу есімдіктерінің қызметі айрықша. Бұл есімдік жай сөйлемдерді бір-бірімен байланыстыра отырып, сол сөйлемдердің, яғни құрмалас сөйлем сынарларының арасында түсіндірмелі мағыналық қатынас жасайды. Басқаша айтқанда, сол, сонша, соншалық, соншама, осы т.с.с. сөздер келесі сыңардағы айтылатын құбылысқа, ойға сілтейді де, осы сөздердің мән-мазмұны сол келесі сөйлемдерде анықталады [53, 44-45]. Мысалы: *1. – Е, не бұйрық? 2.Немене тағы: ел көшті, жау жетті деп шетіңнен? – деді де, қабағын түйіп, Қамысбайға ашумен қарады. 3.Бірақ қырыс атишабар қайысқан жоқ. 4.– Бұйрық сол, үй тігесіңдер.* (М.Ә.). Соңғы сөйлемдегі сол сөзі келесі компоненттегі ойға сілтеу жасап тұр.

Немесе: *1.Құнанбай шауып келе жатып, оң мен солдың екі жағына да, жүз қаралыдан, екі қалың топты жыра жөнелтті. 2.Солар өреде жүрген аттарды қиқу-айғаймен шошытып бездірді* (М.Ә.). Келтірілген мысалдың соңғы сөйлеміндегі солар сілтеу есімдігі алдыңғы сөйлемдегі екі қалың топ сөз тіркесінің орнына қолданылып тұрғанын байқауға болады.

Төмендегі мысалға назар аударып көрейік.

Бұл қорлыққа шыдағанша өлген артық! – дегенде, Бөкенші, Борсақтың тағы бірнеше жас жігіттері аттарын тебініп, ілгері шыға берісті.

– Жер ашуы – жан ашуы!...

– Бұдан арғы амандық садағам!...

– Қашанғы шыдаймыз?

– Қорқа-қорқа тапқаның осы зой!

– Бұға-бұға болдыңдар зой осы!...

– Етекбасты зып өлтірдіңдер зой осы, сендер-ақ!... деп бәрі де Сүйіндік, Сүгірге қадалды.

Сүйіндік бұл сөздерді өз басына тиген қамшыдай сезіп, қатты ширықты (М.Ә.). Бұл контекстегі жас жігіттердің айтқан сөздерінің орнына соңғы сөйлемдегі бұл сілтеу есімдігі (яғни бұл сөздерді ...) жұмсалған. Сонда бұл есімдігі сол шоғырда айтылған сөйлемдердің орнында қолданыс тапқан. Осыдан аңғаратынымыз: көбінесе сілтеу есімдіктері бірнеше сөйлемдердің немесе бір абзацтағы ойдың орнына қолданылуы.

Көкірегі сезімді, көңілі ойлыға

Бәрі де анық тұрмай ма ойлағанда?

Ұқпассың, үстірт қарап бұлғақтасаң,

Суретін көре алмассың, көп бақпасаң.

Көлеңкесі түседі көкейіңе,

Әр сөзін бір ойланып, салмақтасаң.

Мұны оқыса, жігіттер, аңшы оқысын,

Біле алмассың құс салып дәм татпасаң. (Абай.

Қансонарда бүркітші шығады аңға). Күрделі синтаксистік тұтастықтағы *мұны* есімдігі өзінен бұрынғы тармақтардағы ойлардың орнына жұмсалған.

З.Ш.Ерназарова «Сөйлеу тілі синтаксисінің прагмалингвистикалық аспектісі» деген еңбегінде: «Дейксистер сөз мағынасын қолданыс үстінде жаңа мәнмен байытады. Оны «сілтеме мән» деп атауға болады. Сілтеме мән (дейксистік) деп сөйлеу жағдаятында денотаттың жақтық

кеңістік, мезгілдік бағдарын белгілейтін сөз мағынасының прагматикалық қабатын ұғынамыз. Сөздердің прагматикалық мәнінің сілтеме түрі сөйлеу әрекеті үстінде қолданысқа түседі. Дейксистік элементтерге 1) жіктеу есімдігі, 2) сілтеу есімдігі, 3) үстеу, 4) етістіктің семантикасындағы дейксистер жатады» [23,53] десе, Ж.Т.Қайшығұлова: «Дейкис алдында айтылып кеткен адамды, затты, құбылысты іздей бастайды. Іздеудің жылдамдығы мен қорытындысы түрлі факторға байланысты, бір тәсілі – идентификациялау. Идентификация қазақ тілінде, әдетте, 1-сөйлемде беріледі. Абзаптағы 1-сөйлем негізгі ойды білдірсе, қалған сөйлемдер сол ойды дамытады, қорытады. Абзақтың басында айтылған ой, құбылысты дейксистер арқылы беріп отырады. Яғни оларсыз мәтін түзу мүмкін емес. Дейксистің қызметін атқарушылардың ең негізгісі есімдік болып табылады» [24, 27] дейді. Байқап отырғанымыздай, осы пікірден есімдіктердің мәтінтүзудегі қызметінің ерекше екендігі аңғарылады.

Сілтеу есімдігінің сөйлемдегі ойды тиянақсыз, контекске тәуелді етуінің және аяқталған сөйлемді байланыстырудың өзіндік ерекшеліктері бар. Бұлар анафоралық та, эпифоралық та бағытты нұсқай алады [57, 47].

1.Сүйіндік пен Сүгірді, Жексенді қосып алған осы топ дәл осы күн түсте Шыңғыстағы Бөжей аулына келді. 2.Оның қыстауы Тоқпамбет дейтін қалың шалғынды, мол тоғайлы, ең бір құйқалы қыстау еді. 3.Бөжей өз атасы Кеңгірбайдан ата қоныс есебінде мұра қып қалған жері осы (М.Ә.). 2-сөйлемдегі Тоқпамбет дейтін қалың шалғынды, мол тоғайлы, ең бір құйқалы қыстау еді деген сөз тіркестерінің орнына анафоралық бағытты, яғни өзінен кейінгі ойды сілтеп тұрған – осы есімдігі.

Төмендегі мысалдан эпифоралық бағытты байқаймыз.

1.Байдалының жауабы сол. 2.Екі иттің бауыр сыртынан дүрені соғып-соғып, Майбасарға қып-қызыл жоса қып

қайтар, - деді!... 3.Ал!...Тұр бәлем! – деп кеп, Қараша
Қамысбайдың басына өзі мініп алып, құйрығы мен жонынан
шықпырта берді. 4.Жұмағұлды Үркімбаи мен өзге жігіттер
де сондай сабады (М.Ә.). 1-сөйлемдегі сол баяндауышы
өзінен кейінгі сөйлемдердің орнына қолданылған.

Коммуникативтік қатынастарда уақыттық кеңістіктің
берілуі сілтеу есімдіктерімен де байланысты. Мысалы:

Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін,
Жоқ-барды, ертегіні термек үшін.
Көкірегі сезімді, тілі орамды,
Жаздым үлгі жастарға бермек үшін.
Бұл сөзді тасыр ұқпас, талапты ұғар,
Көңілінің көзі ашық, сергек үшін.

Түзу кел, қисық-қыңыр, қырын келмей,
Сыртын танып іс бітпес, сырын көрмей.
Шу дегенде құлағың тосаңсиды,
Өскен соң мұндай сөзді бұрын көрмей.
Таң қаламын, алдыңғы айтқанды ұқпай,
Және айта бер дейді жұрт тыным бермей.

Сөз айттым «Өзірет Әлі», «айдаһарсыз»,
Мұнда жоқ «алтын иек, сары-ала қыз».
Кәрілікті жамандап, өлім тілеп,
Болсын деген жерім жоқ жігіт арсыз.

Әсіре қызыл емес деп жиренбеңіз,
Түбі терең сөз артық, бір байқарсыз. (Абай. Мен
жазбаймын өлеңді ермек үшін). Бұл есімдігі өзінен кейінгі
қандай ойдың айтылатынына (шумақтарға) сілтеу жасап
тұр. Бұдан сілтеу есімдіктерінің мәтінтүзімдік сипаты
аңғарылады және осы есімдік арқылы ақын алдыңғы ойдың
жалғасы бар екендігін де байқатады. «Бұл» есімдігі осы
шақтағы әрекетті көрсетіп, автор мен объект арасындағы
тығыз қарым-қатынастың орнауына негіз болады.

Сілтеу есімдіктерінің жеке етістік сөздер орнына қолданылу дағдысы кездеспейді. Бірақ сілтеу есімдіктері түгел бір сөйлемнің және ондағы берілген әр қилы ойлардың, іс-әрекеттердің орнына қолданылғанда, ондағы ауыстырылып алмасатын мағыналардың жетекші мәні сол етістік сөздердің бойына топталады [10, 486]. Бұл пікірді мысалдар арқылы дәлелдеуге болады. 1. *Сол-ақ екен, бар Бөкенші, Борсақ тегіс: “Ой бауырымдан” Жексеннің артынан шаба-шаба жөнелісті.* 2. *Сүйіндік те солармен кетті.* 3. *Байсал мен Құнанбай бұл арада енді тұра алмай, үндемей томсарған күйлерінде сырт айналып кетіп еді.* 4. *Құнанбай өз ішінен: “жаңағы сөзді оңат айттым-ау, қап!” – деді.* 5. *Бірақ Байсалға сыр берген жоқ.* 6. *Қайта Бөкеншінің мына мінезіне сылтау іздеп, өзінше соны таптым деді (М.Ә.).* Күрделі тұтастықтағы соңғы сөйлемдегі *мына* есімдігі түгелдей бір ойдың орнына, әрі анафоралық позицияда қолданылған. Немесе: 1. *Алшынбай белгілі би Тіленшінің баласы, одан арғы атасы – Қазыбек би.* 2. *Осының бәріне қарағанда Абайдың қалыңдығы Ділдә тіпті бір үлкен, асқақ жердің қызы тәрізденеді.* 3. *Сол қалыңдықтың қалың малы да осал болмаған болу керек.* 4. *Үйткені Құнанбай аулынан Қарқаралыға қарай шығатын топ-топ жылқы, түйе, көбінше, осы Алшынбай аулына барушы еді.* 5. *Жалғыз ғана құдалық па, жоқ басқа да ілік пе, әйтеуір Алшынбай, Құнанбай әбден айқасқан, ішек-қарын араласқан дейтін жақындардың өздері.* 6. *Майбасар, Жақыптардың Алшынбай аты аталғанда аял қылмай жөнелетін себебі осы (М.Ә.).* Күрделі синтаксистік тұтастықта соңғы сөйлемдегі сол сілтеу есімдігі алдыңғы тұтас ойдың орнына қолданылып, Майбасар, Жақыптардың Алшынбай аты аталғанда аял қылмай жөнелетін себебі не екенін түсіндіру үшін берілген.

Жоғарыда айтып кеткендей, сілтеу есімдігі эпифоралық та позицияда жұмсалады. 1. *Бақанастың суық бетке әзірленіп жүрген елінің бүгін күні бойғы аузындағы сөзі осы*

болды. 2.”Арыздасып жатыр дейді! Байсал, Байдалы, Түсіптер жыласып арыздасыпты дейді!”, “Науқасының бетінен ағайын шошиды дейді!”, “Жазым боп кете ме қайтеді?” – деседі (М.Ә.). Синтаксистік күрделі бірліктегі осы эпифоралық сілтеу есімдігі өзінен кейінгі сөйлемдерде қандай сөздер айтылғандығын көрсетіп тұр. Бұдан эпифоралық есімдіктердің де мәтін байланыстырудағы қызметі айырықша екендігі байқалады. 1.Жұмабай көк құнанды зорға тоқтатып алған соң, Абай Сағитты маңайлатпай қуып жіберіп, сол бәледен Жұмабайды да, құнанды да өзі құтқарып шыққан.

2.Бұлар Қазіреттің қорасына кіріп, асау құнанды ат қораға байлағанда, қазірет өзі көріп сыйлық екенін іші біліп, үн қатпаған болатын (20). Бұл жерде бұлар сілтеу есімдігі 1-сөйлемдегі Абай мен Сағит сөздерінің орнына қолданылған.

1.Жұрт жапыр-жұпыр атқа мінді. 2.Ырғызбай жігіттері қаруларын қолға алған. 3.Өзге де ел тегіс қару алды.

4.Бұл уақытта жел қатайып, күн суытып, таңертеңгі қиыршық қар енді бетке сабап, қалыңдап түсіп тұр (М.Ә.). Келтірілген үзіндідегі бұл уақытта деген тіркесте бұл сілтеу есімдігі өзінен бұрынғы сөйлемдегі ойларға қатысты болып, кейінгі сөйлемде бұл есімдігімен қоса қайталанып, оны нақтылау үшін қолданылған. Қабыса байланысқан сілтеу есімдіктері тілімізде өте жиі кездеседі.

1.Бақанас, Байқошқар – бұлар Тобықтының ең үлкен өзені (М.Ә.). Мұнда Бақанас, Байқошқар зат есімнен болған бірыңғай мүшелердің орнына бұлар сілтеу есімдігі жай сөйлемдердің арасында қолданылып тұр.

Мағжанның“Бояулы суыр” өлеңінің басындағы:

Бір суыр адасыпты оттап жүріп,

Кез болды бір ауылға көп қаңғырып.

Ит қуалап тыққан соң иесіз үйге,

Бояу толы шелекке кетті кіріп, – деген бірінші шумақтағы бір суыр сөзінің орнына өлеңнің ең соңғы (он бесінші) шумағындағы *бұл* сілтеу есімдігі ойды аяқтап тұрғандығы, әрі шумақтардың арасын байланыстыруға атсалысып тұрғандығы байқалады:

Жігіттер, бұл суырды қылма мазақ,

Осыдан естілерің болады аз-ақ.

Бояуды да бағым деп күн өткізіп,

Қол жетпеске ұмтылған көп қой қазақ. (М.Жұмабаев).

Шәкәрім жырларынан да сілтеу есімдіктерінің мәтінтүзімдік қасиетін байқау қиын емес:

Құдайдан жарылқа деп жәрдем сұра,

Сен талайды қылдың ғой біле тұра.

Аяғыңды андап бас – өлім таяу,

Қарсы алдында дайын тұр қазған ұра.

Соны ойла, өзге қызық істі ойлама,

Біреуге айла, біреуге күшті ойлама.

Кеткен қайта келмейді кейісең де,

Түнде көрген көлеңке түсті ойлама. (Шәкәрім. Өзіме).

Екінші шумақтағы *соны* сілтеу есімдігі бірінші шумақтағы өлім сөзінің орнын басқан. Немесе:

Күн жоқта кісімсінер жұлдыз бен ай,

Ол қайтсін қара түнде жарқылдамай,

Таң атқан соң шығарын күннің біліп,

Өңі қашып, бола алмас бұрынғыдай. (Абай.

Жазғытұры). Бірінші жолдағы жұлдыз бен ай сөзінің орнына екінші жолда *ол* есімдігі қолданылып тұр.

Дұрысында олар болу керек. Бірақ ақын ол есімдігін жалпылық мағынада қолданып тұр.

Өзгеге, көңілім, тоярсың,

Өлеңді қайтіп қоярсың?

Оны айтқанда толғанып,

Іштегі дертті жоярсың.

Өздерің де ойлаңдар,
Неше түрлі жан барсың.
Ғылым да жоқ, ми да жоқ,
Даладағы аңдарсың.

Жүрегінмен тындамай,
Құлағыңмен қармарсың.

Соны көріп, соларға

Қайтіп қана сарнарысың?! (Абай. Өзгеге, көңілім, тоярсың). Бірінші шумақтағы өленді сөзінің орнына *оны* есімдігі іргелес тұрып байланыс жасаса, үшінші шумақтағы *соны, соларға* сөздері өзінен бұрынғы шумақтағы ойдың орнын басып, мәтінтүзімдік байланыс жасап тұр.

Бір суыр адасыпты оттап жүріп,
Кез болды бір ауылға көп қаңғырып.
Ит қуалап тыққан соң иесіз үйге,
Бояу толы шелекке кетті кіріп.

Қараңғы түн болғанша сонда жатты,
Үсті-басы бояуға әбден батты.

Ит кеткен соң шелектен шықты-дағы,

Таңға жақын өз інін әзер тапты. (Шәкәрім. Бояулы суыр). *Сонда* сілтеу мәнді сөз өзінен бұрынғы шумақтағы шелекке сөзінің орнын басқан.

Дейксистердің контекспен мағыналық байланысы да әр килы болып отырады. Олар өзінен бұрын не соң айтылатын сөйлемдегі сөздермен тікелей мағыналық байланыста болады да, мәтін бірліктерін (мәтін ішіндегі сөйлемдерді) байланыстырады. Дейксистер өзіне дейін аталған, болып кеткен белгілі бір затты, сан-сапаны, құбылысты, іс-әрекеттерді көрсетіп, сілтеп отыратын тілдік құралдар болып табылады. Тұтастай алғанда, мәтіннің ақпараттылық мәнін

күшейтеді [23,32] деген көзқарасты біз де жоғарыда келтірілген мысалдардан байқадық.

Сұрау есімдіктері. Қазіргі қазақ тіліндегі сұрау есімдіктері заттар мен құбылыстардың атын, санын, сапасын, мекенін, мезгілін, амалын тағы басқаларын білу мақсатында айтылады. Олар әрқашан өздеріне қатысты жауап арқылы берілетін сөздермен түсіндіріліп отырады. Тарихи тұрғыдан алғанда, сұрау есімдіктерінің барлығы да туынды сөздер болған.

Сұрау есімдіктерінің бәріне бірдей тән өзіндік ерекшелік деп айтарлықтай бірыңғай морфологиялық түрленуі не синтаксистік қызметі жоқ. Олар қай сөз табына байланысты сұрала айтылса, сол сөз табының орнына қолданылады. Сондықтан да олардың грамматикалық формалары мен синтаксистік қызметтері сол жауап боларлық сөздердің қасиеттеріне байланысты ғана белгіленеді. ...Сұрау есімдіктерінің басын қосып біріктіріп тұратын негізгі белгі – олардың сұраулық мәнде қолданылуы [10, 488].

Сөйлемнің жалпы мағыналық ерекшеліктеріне және қолданылу ерекшелігіне қарай сұрау есімдіктері кейде өзінің негізгі сұраулық мағынасын бермейді. Яғни заттар мен құбылыстар амал, мезгіл, мекен т.б. ұғымдар дәрежесінде қолданылады. Ондайда бұл есімдіктерге жауап болатын сөздер қажет етілмейді де, ол жауап сұрау есімдігінің өз бойынан жалпылама түрде сезілетін заттық және белгілік, мекендік не мезгілдік, экспрессивтік т.б. мағыналары арқылы беріледі. *Кім көрінгені би болып, малымды талап ала берді. Не дерімді білмедім* (М.Ә.).

Сұраулық есімдік қатысқан сөйлем мағыналық жағынан тиянақсыз болады, оның басты себебі сұраудан адам ойы міндетті түрде жауап іздеуінде. Сондықтан бұндай сөйлем сұраудың жауабы табылатын я табылмайтын сөйлеммен тікелей қатысты болады. Бұл – диалогке құрылған

синтаксистік күрделі бірліктерден айқын көрінеді, монологтік баяндау да кездеседі [59,51].

Мысалы: *1. – Мырза, мына аттылар не? – деді. Құнанбайды бар Тобықтының атқамінері “мырза” деп атайды.*

– *Жай, мына жылқыға, отарға шығар алдында таңба бастырайын деп ем. Соған жиылған ел, – деді Құнанбай (М.Ә.). (52).* Осындағы не? сұрау есімдігі өзінен кейінгі сөйлемде жауап беруді күтіп, ол жауап “Жай, мына жылқыға, отарға шығар алдында таңба бастырайын деп ем. Соған жиылған ел” деген сөйлем арқылы беріліп тұр. Не? сұрау есімдігі сөйлем орнын басып тұр.

Күрделі синтаксистік тұтастық ортасында келетін жекелеген сұраулы сөйлемдер фразалық байланыс құралы болуы мүмкін. Олар мәтіннің алғашқы бөлігін келесі бөлігімен байланыстыратын топ (звено) болып табылады, [69, 21] деген пікірге орай төмендегі мысалдан осы жайды, яғни сұрау есімдігінің сөйлем арасын байланыстырушылық қызметін аңғаруға болады.

– *Әй, Шыңғысқа неге тартпадың?... Тым құрыса, тау панасы бар ғой! – деп, Асылбек сұрай бастап еді.*

– *Ойбай-ау, боран Шыңғыстан соғып тұр ғой. Өзі титықтап тұрған мал қарсы баса ала ма? Және Шыңғыс қайда, біреу қайда? (М.Ә.).* Бұл жерде 1-сөйлемдегі неге? сұрау есімдігі арқылы жауап келесі сөйлемдерде беріледі. Берілген мысалдан байқағанымыз – сұрау есімдіктерінің өзінен кейінгі ойды алдыңғы оймен біріктіру үшін жұмсалатындығы.

Сұрау есімдіктері басқа есімдіктер сияқты адам мен затты атамайды, бірақ та жіктеу мен сілтеу есімдіктерінен ерекшелігі – ол адам мен затқа сұрақ сілтейді. *Өздері онсыз да бәле тілеп жүрген Жұмағұлдарға Дәркембайларды қатал құдайы өздігінен айдап кеп бергендей болды. Бұларға күні түсіп отырған кім десеңші! Ол – әншейінде Тәкежан,*

Жұмағұлдың тістерін басып жүретін Дәркембайы... (М.Ә.).
Кім? сұрау есімдігі келесі сөйлемде ол сөзіне сілтеп тұр.

Сұрау есімдіктері сөйлеу мақсатын күшейтуші, тыңдаушының көңілін аударушы, сөйлеу мақсатын айқындаушы қызметтерде сөйлесім құрылысында тұрақты орындарда тұрады.

– *Бұл кім?...*

– *Бұл қайсысы?*

– *Қай ақын?... дескен үндер өзге бөлмелерден де және табақшылар арасынан да естіліп еді....*

Құнанбай бөлмесінен ауызүйге қарай басын шығара беріп, Қаратай:

– *Балта, Балта ақын! – деді (М.Ә.).* Күрделі синтаксистік тұтастықтағы кім? қайсысы? қай? сұрау есімдіктерінің орнына “Балта, Балта ақын” деген соңғы сөйлем жұмсалып, ойды аяқтап тұр. Осы тәріздес сұрау есімдіктерінің мәтін байланыстыруда қызметінің ерекше екендігін байқауға болады. Өлең мәтіндерінде де бұндай жайлар жиі кездеседі. Мысалы:

Шарлайсың, ойым, шарлайсың,

Алыстан мені барлайсың.

Таяу тұр ажал алдында,

Сарынға салып сарнайсың,

Мақсұтың не ендігі? Мұндағы бірінші шумақтағы *не?* сұрау есімдігінің мәтінді байланыстырушылық қызметі соңғы шумақтан көрініс табады:

Еңбек жанатын заман мынау,

Ерлерім келді,

Қош, арманым жоқ, жұртым, жасарсаң,

Мен сапар шегем енді! (Шәкәрім.Қош, жұртым).

Тағы бір мысал:

Ескі шаһар - таң дүние,

Салар болсаң назарың,

Не көресің?

Көресің –
Майдан сайын мазарын.
Мазар сайын мың сопы
Саулатып тұрған ғазалын.

Не көресің?

Көресің –
Мөлиген мешіт ажарын.
Мешіт сайын сан молда
Аңыратып тұрған азанын.

Не көресің?

Көресің –
Ыңыл-жыңыл базарын –
Бүлкілдетіп әр жерде
Қайнатып жатқан қазанын.

Не көресің?

Көресің...

Токтайын, талар назарың! (М.Жұмабаев). Мысалдың әрбір шумағындағы *не?* сұрау есімдігінен кейін жауап айтылып, күрделі синтаксистік тұтастық жасау үшін ақын есімдікке ерекше мән беріп тұр. Сол арқылы ойын өрбітіп, мәтін жасауға сұрау есімдігін қатыстырған.

Тағы бүйтіп кеттің деп
Қозғау салар, қолға алар.
Қатты қысым қылған соң,
Басым сотқа айналар.
Кірлі болып түскен соң,
Көрген күнім не болар?
Өзіне мәлім, төптектер

Өз бетімен не табар?

Қағаз берер, қарманар,

Аяғында сандалар. (Абай. Болыс болдым мінеки). Не есімдігінің жауабы одан кейінгі тармақтардан байқалады.

Мен жау болсам, кім досың,

Байқадың ба оны өзің?
Өзгелерден сен шошын,
Жау десең де, мен – көзің.
Түбінде менде айла жоқ,
Аллаға дайын мінезім.
Тойымсыз қудан пайда жоқ,

Шын жақындық бұл сөзім. (Шәкәрім. Өлген көңіл, ындынсыз өмір). Кім? сұрау есімдігі арқылы ой жалғастығын тапқан.

Өздік есімдіктері. Өздік есімдіктері – өте ерте кезде пайда болған сөздер. Оған негізінде бір ғана өз сөзінен тараған өзім, өзің, өзі сияқты тәуелдік жалғаулы сөздер жатады. Бұл сөздердің тәуелдік жалғаулары олардың бөлінбес бір тұлғасына айналып кеткен, сондықтан әрқашан тәуелдік жалғауларын құрамына ала қолданылады. Өзім, өзің, өзі есімдіктерінің өз-ім, өз -ің, өз-і болып бөлшектелуі және олардың соңғы -ім, -ің, -і бөліктері тәуелдік жалғаулары екендігі – қазір ешқандай күмән келтірмейтін мәселе [60, 48].

Өздік есімдіктері – сөйлеушіні не сөйлемдегі субъектіні өзге құбылыстардан бөліп алып көрсететін сөздер. Қазіргі қазақ тілінде де өздік есімдігіне бір ғана өз сөзі жатады. Бұл есімдік көбінесе өзім, өзің, өзі, өзіміз, өздеріңіз деген сияқты онаша және ортақ тәуелдеулі түрде қолданылады.

Өздік есімдігінің бұл тәуелдік жалғаулары кейде түсіп қалып, кейде толық сақталған түрде қолданылады. Мәселен, ілік септігіндегі өздік есімдіктері зат есімдердің алдында қолданылғанда көбіне ілік жалғаулары мен тәуелдік жалғауларынсыз айтылып отырады. Мысалы: *Өз үйінде жер бауырлап жылап Айғыз жатыр екен* (М.Ә.).

«Өз сөзі ежелгі бір көне заманда белгілі бір субъектінің тұлғасын, мүсінін (қазіргі ұғымдағы «өзін») көрсете қолданылатын сөз болу керек. Қазақ тілінде «өзің өз болғалы, етек-жеңің сөз болғалы» деген мақал бар. Осындағы өз

біреудің белгілі бір тұлғаға ие болып, белгілі мүсінге келуін көрсету мақсатында қолданылып тұр. Сонда «өз болу» белгілі бір тұлға, мүсінге келу, яғни «пішін» мағынасында қолданылады» [60, 51]. Қазіргі тілімізде де өздік есімдігі осы мағынасынан ажырамаған. Және бұл сөздің де мәтінтүзімдік қасиеті бар екендігі аңғарылады.

Өздік есімдіктерінің қалыптасу тарихынан байқалған ерекшелік, яғни белгілі бір субъектіні білдіруі мәтін байланыстыруда да аңғарылады және бұлар бір немесе бірнеше сөздің орнына ғана қолданылады.

Өздік есімдіктері де күрделі синтаксистік бірліктердің арасында байланыс жасаудың негізгі құралдарының бірі болып саналады. Мысалы: *1.Абай әкесінің сөз желісін, түп мәнісін түсінген жоқ. 2.Кейбір мақалдарын ғана таңдап шешіп отыр. 3.Осы бар үлкеннің мұндай жердегі салты бойынша, әкесі де тұспалдап, орағытып ұқтырмай сөйлейді. 4.Бір сөзімен бір сөзін жалғастыруға Абай үлгірмей, адасып қап отыр. 5.Өзіне салса жаңағы көңілді үйге, шешесінің жанына қазір кетер еді. 6.Бірақ әкесі шақырған соң енді шығып болмайды* (М.Ә.). Алынған мысалда 5-сөйлемдегі *өзі* есімдігі 4-сөйлемдегі Абай сөзінің орнын басып, іргелесе байланысқан.

Өздік есімдіктері сөйлеудегі қимыл иесінің және затты (құбылыс жайындағы ұғымды) нақтылап, айқындап, дәлдеп тұрады. Өздік есімдігі, сондай-ақ біріне-бірі ұласып айтылған сөйлемдер құрамындағы қимыл иесін қайталай бермеудің тәсілі ретінде де жұмсалып, қимыл иесін көрсетіп І-жақтағы дейкис қызметін атқарып тұрады.

1.Сағынған баласының келер мөлшерін Байтас кеткеннен бері шешесі Ұлжан да есептеп, осы бүгінге ұйғарып жүр еді. 2.Қырықтың ішіне жаңа кіріп, семіз тартып қалған сар-қызыл бәйбіше жаңағы дауыстарды түгел естіді. 3.Өзі үйінен шығарда, төрде отырған енесі Зерені де хабарландырып, сүйемелдеп ерте шықты (М.Ә.). 1-

сөйлемдегі Ұлжан сөзінің орнына мәтіннің соңғы өзі есімдігі алшақ тұру арқылы мәтін байланыстырушылық қызметте жұмсалған.

1. Биыл қыс бойы Ақан үйі сауықшыл жастардан айырылмай, бәрі топтанып аң аулап Қаратал бауырын думандатып жатқанда, ерінің қас-қабағына қарап, бұл жаққа аяқтарын қия баспаған абысындар алыстан қызығып, бір келіп кетуге құмартушы еді. 2. Келін боп түспей жатып ата-енесінің алдында еркін еркелеп, қайнағасымен далада мылтық атып, құс салып бозбалаша бірге жүретін сұлу Ұрқияны сырттай күндейтін. 3. Өздерінің өңсіздігіне де іштей күйініп, босағаны аттамай жатып осы төңіректің ауызға іліккен ең сұлуларын маңына топтап, құрбы көбейтіп алған жас келіннің бақытын өз ара қызғаныш етуші еді. 4. Оларды жеңге боп, үлкендік жолмен шақыртып алған да Ұрқия (С. Жүнісов). 1- сөйлемдегі абасындар сөзінің орнын 3- сөйлемде өздерінің есімдігі басып, бастауыш-анықтауыштық катынасында қолданылған.

1. Қазір орталарына Сейітті алған Жомарт пен Омар дөң басында тұрған қалың топқа жетті. 2. Қандары қашып, қатты демігіп, бастарына тымақ та кимей, омырау-жағалары ашылған күйде асығып келіс-ті. 3. Жолда тұрғандармен амандары да жөнді болмады. 4. Кейбіреулер: «Мыналардың түрі қалай? 5. Өздері алдырған адамдар ма? 6. Неғыса бір тығыз-таяңы бар, әлдебір жаманат әкелді ме?» – көп жұрт алдарынан жол беріскен (М.Ә.). Күрделі синтаксистік тұтастықтың 1- сөйлеміндегі Жомарт пен Омар сөздерінің орнына 5-сөйлемде өздері есімдігі жұмсалып, мәтінтүзімдік қасиетке ие болған.

Қарқылдап қарға қалмас арт жағынан,

Күйкентайы үстінде шықылықтап.

Өзі алмайды, қыранға алдырмайды,

Күні бойы шабады бос салақтап, (Абай) – дегенде өзі өздік есімдігі бірінші тармақтағы қарға сөзінің орнына

қолданылып мәтін арасын байланыстырып тұр. Абайдың «Қалың елім, қазағым, қайран жұртым» өлеңінде өз есімдігі ерекше сипатта қолданылған.

Қалың елім, қазағым, қайран жұртым,
Ұстарасыз аузыңа түсті мұртың.
Жақсы менен жаманды айырмадың,
Бірі қан, бірі май боп енді екі ұртың.
Бет бергенде шырайың сондай жақсы,
Қайдан ғана бұзылды сартша сыртың?
Ұқпайсың өз сөзіңнен басқа сөзді,
Аузымен орақ орған өңкей қыртың.
Өзімдікі дей алмай өз малыңды,
Күндіз күлкің бұзылды, түнде ұйқың.
Көрсө қызар келеді байлауы жоқ,
Бір күн тыртың етеді, бір күн — жыртың.
Бас-басына би болған өңкей қиқым,
Мінеки, бұзған жоқ па елдің сиқың?
Өздеріңді түзелер дей алмаймын,
Өз қолыңнан кетпесе, енді өз ырқың. (Абай).

«Қалың елім, қазағым, қайран жұртым» деген бірінші тармақтың орнына жетінші, тоғызыншы, он алтыншы, он жетінші тармақтарда өздік есімдігі стильдік мақсат көздеп қолданылған тәрізді.

Жалпылау есімдіктері. Жалпылау есімдіктері – түгел дерлік бертін келе пайда болған сөздер. Дәлірек айтқанда, жалпылау есімдіктері – түгелдей өзге сөз таптарына тән сөздерден, яғни жеке сөздердің өзіне тән лексикалық мағыналарынан алшақтай келе, белгілі бір заттар мен құбылыстарды топтай, жинақтай көрсету дәрежесіне түсу нәтижесінде келіп пайда болған сөздер. Бұл заңдылық тіл білімінде прономинализация деп аталады [70,168]. Бірақ сөздер прономинализацияланғанда, олардың шыққан тегінен әлі де болса, мүлде ажырап, қол үзіп кете қоймағаны

байқалады Оны жалпылау есімдіктерінің қай-қайсынан болса да анық көруге болады [60, 52].

Қазіргі қазақ тіліндегі жалпылау есімдіктері – белгілі бір заттар мен құбылыстарды толық қамтып жиынтықтай айту үшін жұмсалатын жалпылау мағыналы сөздер. Олар кем дегенде екі заттың немесе толып жатқан біркелкі не әр қилы заттар мен құбылыстардың жиынтығын жалпылап көрсету үшін қолданылады. Жалпылау есімдіктерінің ішінен “бәрі” сөзі атай формада субстанциялық ұғымды білдіреді де, басқалары өзінің негізгі формасында қолданылғанда атрибуттық ұғымды білдіреді. Мысалы: *Тыстағы ойын: ат шабыс, көкпар, серке тарту, теңге алу, балуан күрестіру – баршасы да осы күні болды* (М.Ә.). *Жігітек, Көтібақ, Бөкенші, Торғай – бәрі де әлденеше қоныс, қыстаулардан алыс-ты* (М.Ә.). Осылардағы *баршасы, бәрі* есімдіктері бірыңғай мүшелердің арасын байланыстыру үшін қолданылған. *Арттағы, көштегі еркек-әйелдердің – бәрінің де наразылығын, қарғысын, ашу-намысын ала келген сияқты* (М.Ә.). Берілген сөйлемдегі *бәрінің* жалпылау есімдігі де жай сөйлемдердің арасын байланыстыру үшін жұмсалып тұр. Осыған қарап жалпылау есімдіктері тек бірыңғай мүшелерді жинақтап қолдану үшін ғана қолданылады деген ұғым тұмау керек, сонымен қатар күрделі тұтас единица арасын да байланыстыра алады. Мысал: *1.Көлқайнар суы мөлдір, мол бұлақ болғанмен, кең қоныс емес. 2.Жайлауға қарай Шыңғыс асқалы беттеп келе жатқан елдің үш-төрт аулы қоныпты. 3.Бұның бәрі “Құнанбай аулы” деп аталады. 4.Өзінің аулы мен жақын туысқандарының ауылдары* (М.Ә.). Берілген мысалда 3-сөйлемдегі *бәрі* жалпылау есімдігі өзінен бұрынғы сөйлемдегі “үш-төрт аулы” дегеннің орнын басып , іргелес байланыста тұрғанын байқаймыз. Немесе:*1. – Біздің қыстауларға Ырсай, Мырзатай, Үркек орнапты. 2. Көшті қайттік? 3.Жүк түсіре алмай дағдарып тұрмыз, – деді. 4.Осындай қыстаудан, ата қоныстан айырылған*

ауылдардың жас, кәрі азаматы енді жан-жақтан, төрт-бестен келіп жатыр. 5.Бәрінің түстері сұрланған. 6.Түтігін, ыза кернеп, булығып келген кісілер (М.Ә.). 5-сөйлемдегі бәрінің есімдігі өзінен бұрынғы сөйлемдегі жас, кәрі азаматы сөздеріне қатысты қолданылған.

1.Құнанбай бұған шейін ашумен, зілмен кеп, енді осы тұста күйзелгендік күй көрсетіп, осымен жиынның қабырғасын қайыстырғысы келген. 2.Бәрі де тіреліп қалды. 3.Ат тұмсығы, бір бітеу, меңіреу қабырғаға тірелген сияқты. 4.Жалтара алмады да, үндеспеді (М.Ә.). Үзіндіде 1-сөйлемнің орнына келесі сөйлемде бәрі жалпылау есімдігі қолданылып, кейінгі сөйлемде оны айқындап, нақтылап тұр.

1.Байдалының бір қамы осы болса, екінші үлкен ісі дәл осы түнде Түсіпті Қарқаралыға жөнелту болды. 2.Қасына бес жігіт қосып, қалталарына қалыңдап ақша салды. 3.Қос-қосардан сәйгүліктер жетектеп, әсіресе өз руларының мөр иесі адамдарына мөрлерін бастырып, отыздан аса “пірғауар” жасатып, Құнанбай үстінен мықты шағым сайлатып берді.

4.Осының бәрін тығыз әзірлетіп, Құнанбайды: “Ел бүлдірді, қаралы көшті шапты. Тобықтыны қалың қырғын соғысқа салып отыр!” дегізіп, Түсіпті жедел жөнелтті (М.Ә.). Келтірілген мысалдағы үш сөйлемнің орнына, яғни “Түсіпті Қарқаралыға жөнелтуі, бес жігіт қосып, қалталарына ақша салып, қос-қостан сәйгүліктер жетектеп, мөрлерін бастырып, “пірғауар” жасатып, шағым сайлатап беруі” келесі абзацта бәрі есімдігімен берілген. Бұл жерде жалпылау есімдігі тұтас мәтіннің орнына, сөйлемдер арасын байланыстыру үшін, әрі ойды қайталай бермес үшін қолданылғандығы байқалады.

Төмендегі мысалға назар аударып көрейік: *Өтегелді Мағаштан қаланың бақшасы жөніндегі әр жайды таңданып сұрап келеді:*

– Ал осы қаланың бар бақшасы бір күнде салынған ба? Бар ағашы бір сағатта көмілген бе? Неге, осы жазғытұрым күзеген тай-құнанның жалындай осының бәрі бір-бірдей? Бәрін қап-қатар өсіріп қойған қай құдай!? – деді (М.Ә.). Әрбір сөйлем сайын қайталанған жалпылау есімдіктері ерекше стильдік мақсатта қолданылған, әрі мәтінтүзімдік қасиетке ие болып тұр.

Тілімізде жалпылау есімдіктері көбінесе бірыңғай мүшелерді жинақтап, топтау үшін және абзац арасын, күрделі синтаксистік бірліктер арасын байланыстыру мақсатында да қолданылған.

Шолақ ойлап, шолтандап, сырттансымақ,
Аса мықты жан шығып көзден тым-ақ.
Аударысып жүргенде ауып кетіп,
Абыройың ашылар, байқа, шырақ.

Шолақ ойдың аяғы осы болмақ,
Біраз күнге көңілдің хошы болмақ.
Арсыз, арам, асығыс, айлакестік –
Мұның бәрі шайтанның досы болмақ. (Шәкәрім. Анық пен танық). Мұның бәрі тіркесінің құрамындағы бәрі жалпылау есімдігі арсыз, арам, асығыс, айлакестік бірыңғай мүшелерінің арасын байланыстыру үшін жұмсалған.

Шақылдап шақырған соң дыбыс беріп,
Көп суыр жиылады мұны көріп.
«Батыр-ау, қалай болып қалғансың?» – деп,
Таңырқап, таңқалады бәрі келіп. (Шәкәрім. Бояулы суыр). Бұл тұстағы бәрі есімдігі алдыңғы тармақтағы көп суыр сөзінің орнына қолданылып, мәтінаралық байланыс жасаған.

Белгісіздік есімдіктері. Белгісіздік есімдіктері негізінен кейін келе пайда болған. Олар бастапқы лексикалық мағынасының өз мағынасынан алшақтап белгісіз мәнге ауысқан.

Заттар мен құбылыстарды және олардың сан, сапа белгілерін, мекен, амал тағы басқаларын анық етіп ашып айтпай, тұспалдап қана көрсететін, яғни мағыналары нақтылы түрде берілмей, белгісіз мәнде айтылатын есімдіктің түрі белгісіздік есімдіктері деп аталады [10, 491].

Белгісіздік есімдіктері шығу төркіні, жасалу жолы жағынан екі салаға бөлінеді:

1) Кейбір сөздердің негізгі лексикалық мағынасынан алшақтай келе белгісіз мағыналарға ие болып, сол негізде белгісіздік есімдік қатарына ауысуы жолымен пайда болған сөздер, яғни лексикалық тәсіл арқылы пайда болған сөздер. Бұған сан есімдерден ауысқан бір, біреу сөздері жатады.

2) Белгілі бір сөздердің өзара бірігіп қолданылуы арқылы жасалған, морфологиялық тәсіл арқылы жасалған сөздер. Бұған бірнеше, кейбір, кейбіреу, әлдекім, әлдеқайда, әрқайсы, әркім, әрнәрсе, әрбір, әлденеше, әлдеқалай сөздері жатады [10, 491]. Бірақ бұлардың бәрі мәтін түзуге қатыса бермейді.

Белгісіздік есімдіктерінің бәріне бірдей тән өзіндік ерекшелік деп айтарлықтай морфологиялық түрлену формасы не синтаксистік қызметтері бола бермейтіндігі белгілі. Олар әрқайсы мағыналық тегі жағынан қандай сөздер екеніне және қай сөзбен біріге қолданылуына байланысты әр түрлі сөз таптарына бейім болып келеді. Сол себепті де олардың грамматикалық өзгеру формалары мен синтаксистік қызметтері де соларға үйлес келіп отырады.

Бір есімдігі сан есім “бір” сөзінен пайда болған. Басында бір ғана зат не құбылысты белгілей алатын “бір” сөзі сөйлемде қолданылу мақсаттарына сай өзінің бірлік ұғымының үстіне ол заттың сапалық жағын көрсетудің белгісіз болу мағынасын аңғарту функциясын қабылдаса керек. Бір сөзінің қазіргі белгісіз есімдік ретінде қолданылу дағдысында “бірлік” ұғым қоса аңғарылып отырылады. Бірақ

ол сандық ұғым болып саналмайды [60, 54-55]. Мысалы: *Олар Оразбай айтқызып жатқан сөздің бірін ұқса, бірін ұқпайды, біріне иланса, біріне көзі де жетпейді* (М.Ә.). Мұндағы бір белгісіздік есімдіктері белгісіздік мағынаны білдіре отырып, бірыңғай мүшелердің арасын байланыстырушылық қызметін атқарған.

Белгісіздік есімдіктері зат не кісі атауын білдіре келіп, мәтін бірліктерін байланыстыру қызметінде жұмсалады. Мысалы: *1.Жұрт жаңа байқады. 2.Ауыл мен жартас жақтан және екі жағадағы жота-жотадан мына қалың жылқыға қарай жай бастырып келе жатқан көп аттылар бар екен. 3.Бәрінің де сойылы бар. 4.Біреулері көлденең ұстап, кейбіреулері тақымына қыстырып, немесе білектеріне іліп, сүйретіп алыпты* (М.Ә.). Біреулері, кейбіреулері белгісіздік есімдіктері өзінен бұрынғы сөйлемдегі аттылар сөзінің орнына қолданылып, әрі мәтін түзушілік қызмет атқарып тұр.

1.Қыстауының жанында отырған алты үйдің барлық иті абалап шығып еді, атишабарлар ақырып, қамшы үйіріп ұмтылып, бездіріп жіберді. 2.Әрбір үйдің есігін жамылып, баспа ғып тұрған балалар да мына тентек қонақтардан қорқып, інге кірген тышқандай есіктерінің ар жағына сүңгіп-сүңгіп кетті (М.Ә.). Мұнда 1-сөйлемдегі алты үйдің сөз тіркесінің орнына 2-сөйлемде *әрбір* белгісіздік есімдігі қолданылған.

1.Кейін Түсіпке талай рет зығыры қайнап, шынды айтысқанда:

– Құнанбаймен сөз біткен. Істен басқа айла жоқ. Ер болсаң іске шыда! Ол болмаса дағдыға бас ұсына бер! – дей беретін.

2.Мұны Сүйіндікке де сездіретін. 3.Және Жігітек ішіндегі бір таянышы Байдалыға да айта жүруші еді. 4.Әрқайсысына осындай оңашада көзбе-көзде ғана сездіретін (М.Ә.). Соңғы сөйлемдегі әрқайсысына белгісіздік

есімдігі алдыңғы сөйлемдердегі Түсіпке, Сүйіндікке, Байдалыға сөздерінің орнына жұмсалған.

Жас бала әуел тату бола қалар,
Ата-анадан жақын боп, ертіп алар.

Бірін-бірі құшақтап шуылдасып,
Ойын тарқар кезінде ұрыс салар.

Біреуі жылап барса үйге таман,
Ата-анасы бұрқылдар онан жаман.

Татулығы құрысын ойыны мен,

Дәл соларға ұқсайды мына заман. (Абай. Жігіттер, ойын арзан, күлкі қымбат). Мұнда жас бала сөз тіркесінің орнына *бірін-бірі* және *біреуі* белгісіздік есімдіктері мәтін түзуге қатысқан. Немесе:

Жігіттер, ойын арзан, күлкі қымбат,

Екі түрлі нәрсе ғой сыр мен сымбат.

Арзан, жалған күлмейтін, шын күлерлік

Ер табылса, жарайды қылса сұхбат.

Кейбіреу тыңдар үйден шыққанынша,

Кейбіреу қояр құлақ ұққанынша.

Сөз мәнісін білерлік кейбіреу бар

Абайлар әрбір сөзді өз халінша. (Абай. Жігіттер, ойын арзан, күлкі қымбат). Өлеңнің екінші шумағындағы *кейбіреу* белгісіздік есімдіктері үш рет қайталанып, экспрессивтік мәні күшейтіліп, өлеңді бір шумаққа шоғырландырып, бірінші шумақтағы ер сөзінің орнына жұмсалып, күрделі синтаксистік тұтастық жасаған.

Шәкәрімнің «Қайтқан шал» өлеңіндегі мына шумақтарға назар салып көрейік:

Күнде керуен келеді бір сарайға,

Неше бөлек үйі бар әрбір жайда.

Сансыз көп саудагерлер келіп жатыр,

Біреу жылда қайтады, біреу айда.

Нені іздесең бәрі бар сол сарайда,
Кейі залал үйткенмен, кейі пайда.
Сан керуен қылады сауда-саттық,
Не боларын көбі жүр байқамай да.

Біреу алтын алып жүр, біреу құрыш,
Біреу асыл алады, біреу мырыш.
Жақсы – қымбат, жаманның бағасы – арзан,
Әркімнің өз сүйгені болар дұрыс.

Біреу қайтты бітіріп жылдам жұмыс,
Біреу жүр бір тиынға салып ұрыс.
Кейбіреу жүр асыл деп арамды алып,
Өз қылғанын демейді ешкім бұрыс.

Кейбіреу қайтам деген ойында жоқ,
Бір жапырақ азығы бойында жоқ.
Тапқанын тамағына саламын деп,
Жалғыз тиын ақшасы қойында жоқ.

Кейбіреу мақтан үшін шашқан барын,
Таң-тамаша қылмақ боп жолдастарын.
Елге қайтар болғанда есін жиып,

Сонда білмей сандалды не қыларын. (Шәкәрім). Алты
шумақтың арасын біреу және кейбіреу есімдіктері
байланыстырған.

Н.Оралбаева «Есімдіктің жалпылық мәні өлшеусіз кең,
тиянақсыз жалпылық түрде келетін есімдіктерге ғана тән
қасиет есімдіктің негізгі белгісі болып саналады. Бірақ
есімдіктің бұл мағыналық жалпылығы сөйлем мазмұнын
түсінуге кедергі келтірмейді, өйткені сөлемде, не бұрынғы
сөйлемде орнына есімдік қолданылған сөз айтылып, сол
арқылы есімдіктің қандай мағынада қолданылып тұрғаны
айқындалып тұрады. Есімдіктің мағынасы сөйлеу әрекетімен,

яғни ол сөйлемде не айтылғанымен, сөйлеуге қатысушыларымен тікелей байланысты. Мұны ғылымда есімдіктің дейктикалық қызметі дейді, ол сөйлеу әрекетіне қатысушыларды білдіреді», – деген көзқарасын айтады [7, 180-б.].

Л.Г.Бабенко мен Ю.В.Казарин мәтінтүзімдік логика-семантикалық байланысқа дейктикалық қайталауды жатқызады. Дейктикалық сөздердің көпшілігін есімдіктер, сын есімдер, етістіктер, үстеулер, сан есімдер қалыптастыратындығын айтады [20,186]. Есімдіктердің дейктикалық қызметте жұмсалатындығын жоғарыда келтірген мысалдардан көреміз.

«Есімдік – мәтін байласымын жүзеге асырушы тілдік бірлік» [71, 24] екендігін Г.Т.Абикенова да көрсетеді. «Мәтін бөлшектерін қалыптастыруда сілтеу есімдіктері екінші компоненттің құрамында келеді де, көбінесе басқа топтағы, әсіресе, сұрау, сілтеу есімдіктерімен тіркесіп келіп, бірінші компонентке сілтейді және де сондағы ойдың жиынтығын келесі компонентке беруге ықпал етеді» [64, 25].

Қорыта келгенде, есімдіктің жіктеу, сілтеу, сұрау, өздік, жалпылау, белгісіздік түрлері мәтін байланыстыруда үлкен қызмет атқаратынын байқадық. Олардың іргелес, алшақ тұруын, анафоралық, эпифоралық позицияда қолданылғанын аңғардық. Әсіресе, эпифоралық сирек, анафоралық есімдік жиі кездеседі. Тіліміздегі есімдіктердің бір сөздің, сөз тіркесінің, тіпті бірнеше сөйлемнің орнына қолданылғандығын, әрі түрлі сөз таптарының орнына қолданылғандығы байқалады.

2.2 Шылаулар және олардың мәтінтүзімі

Тілдегі сөздерді түрлі семантика-құрылымдық топтарға жіктеу теориясының тіл білімі тарихын айқындауда өзіндік

орны бар. Сөз таптары – сөздердің құрылымдық-семантикалық немесе лексика-грамматикалық топтары. Олар бір-бірінен білдіретін мағыналары мен морфологиялық белгілері, сөзжасамдық және сөзөзгерімдік қасиеті, сөйлемдегі синтаксистік қызметі жағынан ажыратылады. Сөз таптарының өзіндік айырмашылықтары, ортақ белгілері, сатылы байланыстары мен даму жүйесі бар. Тілдегі осындай сөз таптарының бірі – шылаулар.

Тілдің негізі – негізгі сөздік қор мен грамматикалық құрылысы. Қазіргі қазақ тілінің байлығы, құндылығы айнала қоршаған ортаны, қоғамды болсын, табиғи құбылыс болсын адамдардың бір-бірімен қарым-қатынас жасап, өзара пікір алысуына толық қызмет ете алады. Тілімізде қолданылып жүрген сөздер семантикалық және морфологиялық белгілеріне қарай екі топқа бөлінеді. Олар атауыш сөздер мен көмекші сөздер.

Атауыш сөздер өздеріне тән дербес мағыналары болатындықтан, коммуникацияға негіз болып, контекстен тыс та, контексте қажетіне қарай қолданыла береді. Олар сөйлемде грамматика заңы бойынша түрленіп те, түрленбей де жұмсалып, өз алдына дербес мүше бола алады. Ол сөздерден қалыптасқан белгілі тәсілдер бойынша жаңа сөздер тудыруға да болады. Атауыш сөздердің өздеріне тән лексикалық та, грамматикалық та мағыналары болатындығы және әртүрлі қосымша рендер жамап алып, өзге сөздермен әр алуан қарым-қатынасқа түсе алатын дербес сөздер екендігі ғылымда айқындалған. Ал көмекші сөздер мағыналық дербестігі болмайтындықтан, контексте тек атауыш сөздермен тіркесіп, селбесіп қана жұмсалады да, өз алдына жеке, дербес сөз ретінде қолданылмайды.

Осыған сәйкес олар сөйлемде өз алдына жеке мүше бола алмайды, тек атауыш сөз арқылы жасалған мүшенің құрамына енеді де, сол мүшелерді жалғастыруға дәнекер болады.

Көмекші сөздерден негізінде жаңа сөздер жасалмайды. Сонымен, көмекші сөздер дегеніміз – өздеріне тән лексикалық мағыналары солғындаған, лексикалық мағыналарынан гөрі грамматикалық мағыналары басым болу себебінен, көбінесе әр алуан грамматикалық қатынастарды білдіріп, әрқилы грамматикалық қызмет атқаратын жәрдемші сөздер [6, 126].

Шылау сөздер – көмекші сөздердің бір тобы. Атынан көрініп тұрғандай, шылау сөздер толық мағыналы сөздердің шылауында, жетегінде тіркесіп келіп, оларға әр түрлі реңктер жамайды.

Шылаулардың атауыш сөздермен тіркесу қабілеті бәрінде де біркелкі емес. Өз бойында лексикалық мағынасының элементтерін молырақ сақтаған, азды-көпті семантикалық дербестігі бар шылаулар өздері тіркесетін атаушы сөздердің негізгі мағыналарына аз да болса өз үлесін қосып отырады.

Ал өздерінің бастапқы лексикалық мағыналарынан тым алшақтап кетіп, семантикалық дербестігін мүлде жоғалтып алған шылаулар өздері тіркесетін атаушы сөздердің тек формальдық-грамматикалық компоненттері ғана болып қолданылады. Мұндай шылаулар грамматикалық сипат жағынан аффикстерге біртабан жақын болады, бірақ олар атауыш сөздермен тіркескенде, жеке сөздік бейнесін жоғалтпайды.

Тіліміздегі шылаулардың бәрінің де атқаратын қызметтері бірдей емес. Олардың бірқатары сөз бен сөздің арасындағы грамматикалық байланыстарды айқындау үшін қызмет етсе, бірсыпыра шылаулар сөз тіркестері мен сөйлемдердің арасындағы байланысты айқындау үшін дәнекер болады. Ал кейбіреулері жеке сөздер мен сөз тіркестерін немесе сөйлемдерді анықтау, толықтыру үшін, я қосымша реңк беру т.б. мақсаттар үшін қолданылады.

Қазақ тілі – көркемдігі мен мүмкіндігі жағынан дүние жүзінде теңдесі жоқ тіл, көне түркі және қыпшақ тілінің мұрагері.

Тарихи шығу төркіні жағынан қарағанда, көмекші сөздердің көбі атауыш сөздерден, демек, әуелгі дербес мағыналы есімдерден, етістік формаларынан шыққан. Бұл процесс тілдің бүкіл даму тарихында кейбір есім, етістік формаларының бастапқы лексикалық мағыналары бірте-бірте әр түрлі дәрежеде солғындап немесе жоғалып, әр алуан грамматикалық мағыналарға ие болу негізінде болып отырған. Бұл процесті көмекші сөздердің ішкі мағыналық жағынан даму ғана емес, көпшілігінің сыртқы формалары жағынан дамып, тиісті өзгерістерге ұшырауынан байқауға болады.

Көмекші сөздердің көмекшілік қызметі тарихына қарағанда олардың әрдайым атауыш сөздермен тіркесуге бейімделуі нәтижесінде пайда болған.

Шылау сөз табы ретінде атауыш сөздерден кейін қалыптасқан деген пікір бар. Жалпы түркі тілдеріндегі шылаулардың мәнін ашып, табиғатын тану, жүйелі анықтамалар беріп, дәлелді тұжырымдар жасау зерттеушілер тарапынан белгілі бір дәрежеде жүйеленген. Десек те, көне түркі руникалық жазба ескерткіштер тіліндегі шылаулардың пайда болуы мен қалыптасуы, даму факторлары тарихи құрамы мен мағыналық құрылымы, өзге сөз таптарынан шылаулануы және синтаксистік қасиеттері біршама қарастырылып келеді.

Шылау сөздер – өзіндік қыры мен сыры ашылмаған күрделі сөз табы. Олар әуел баста толық лексикалық мағыналы сөздер болып, уақыт өте келе біртіндеп алғашқы мағынасынан айырылып, жаңа лексика-семантикалық топ құраған. Оған ең басты дәлел ретінде қазақ тіліндегі шылау сөздердің архетиптері болып саналатын көне түркі руникалық жазба ескерткішіндегі шылау сөздер болмақ.

Олардың У-УІІ ғасыр жазба ескерткіштер тілінде дербес категориялық мағына дәрежесінде қалыптасқандығы анықталынып отыр. Нақты айтқанда, шылаулану үрдісі көне дәуірде емес, одан әрірек болған да категориялық мағынада топтасуы Орхон-Енисей жазбаларынан бастап қалыптаса бастаған [72, 3].

Тілдегі өзге сөз таптары шылаулардың пайда болуына үлкен ықпалдық жасаған. Шылаулану – өзге сөз таптарының шылаулар қатарына ауысуын білдіретін бірден-бір процесс. Шылаулардың пайда болуы мен шығу тегі мен дамуында есім, етістік сөз таптарының рөлі ерекше.

Тілдің әрбір тарихи кезеңіндегі күйін білдіретін жазба материалдар тіл тарихының шежіресі және негізгісі болып саналады. Мәселен, қазіргі қазақ тіліндегі біршама шылау сөздердің архетиптері Орхон-Енисей жазба ескерткіштерінде кездеседі. Шылаулану үрдісі транспозиция тәсілі арқылы жүзеге асады. Сөзжасамдағы бұл тәсіл бірден іске аспайды. Ол – ұзақ жылдар бойы сұрыпталып, лексика-грамматикалық және қолданылу аясы жағынан әбден өрістеп, ерекшеленіп қалыптасатын құбылыс. Орхон-Енисей жазба ескерткішіндегі шылау сөздер осы негізден көріне алады. Олардың бастапқы лексикалық мағыналары жоғалыңқырап, өздеріне тән әуелгі дербестіктен айырылып, көмекші сөздер қатарына өтуіне грамматикалық абстракция тікелей әсер еткен. Сол себепті шылаулардың грамматикалық мағыналары лексикалық мағыналарынан әлдеқайда басым түсіп отырады. Жалпы қай тілдің болмасын сөздік қоры байып, түрлі сөздермен толығып, әрбір сөз жеке лексикалық, грамматикалық ұғымдарға ие болуы – тіл дамуының қалыптасуындағы негізгі белгі. Тілдің даму барысында сөздер бір сөз табынан екінші бір сөз табына өтіп, өзінің бастапқы мағынасынан айырылып, басқа сөз табына тән лексика-грамматикалық мағынаға ие болуын да тілдің тарихи заңдылығы дейміз [72, 18].

Р.Әміров «Жалғаулықтардың шығу тарихы» деген мақаласында шылау сөздердің өзіндік ерекшелігін айта келе, бұл сөз табының атқаратын қызметтерін басқа категориялардың бірде-біреуі атқара алмайтындығын және басқа қасиеттерінің барын көрсетеді [73, 84].

Тіл ғылымында категориялық мағынаға ие болғанға дейін шылау ұғымына байланысты ғалымдардың өзіндік болжамдары болды. Шылауды қосымша деп қарастырушылар өз алдына дербестігі жоқ, лексикалық мағынасы болмайтын, қолданыста ғана белгілі бір грамматикалық мағынаны білдіретін және басты байланыстырушылық қасиетін негіз етіп, дербес сөз деп танымай тек морфема, жұрнақ ретінде қарастырған.

Қ.Жұбанов шылауға мынадай анықтама береді: Сөз тәртібі мен жалғаудан басқа сөз-сөзді байланыстырып, қиынын келтіретін сөздер бар. Ондай сөздерді жалғауыш дейміз [74, 158]. Мысалы: *Жаңа келгендер Жиренше мен Абай екен* дегенде Жиренше мен Абайдың арасына дәнекер болып, оларды бір-бірімен байланыстырып тұр.

Қай сөз болмасын оның мағынасын, қызметін, морфологиялық белгілерін және оларды қай сөз таптарына телу керектігін анықтау, біріншіден, тіліміздің даму заңдылығын білуге мүмкіндік ашса, екіншіден, әр сөздің құрылымының теориялық, практикалық мәселелерін терең зерттеу, жете білу үшін қажет. Шылаулар – негізінде грамматикалық мағынадағы сөздер. Шылаулардың лексикалық мағыналары олардың грамматикалық мағыналарын айқындайтындай қалыпқа көшкен. Сол себепті шылаулар сөз бен сөзді немес сөйлем мен сөйлемді байланыстыру үшін қолданылатын және өздері тіркескен сөздеріне әр түрлі қосымша реңктер үстей алатын сөздер ретінде танылады.

Қ.Жұбанов қазақ тіліндегі барлық сөздерді үлкен екі салаға бөлгенде, оның біріншісін түп мүше, екіншісін

жамау мүше немесе шылау деп атаған. Шылаулар жайында: “Екінші түрлі сөз мүшелер түбіршілеп, өздігінен пайдаға аса алмайды, тек түбірге жамалып жалғанып қана, түбірдің шылауында тұрып қана белгілі мағына шығара алады. Бұларды осы қасиетіне қарай жамау мүше немесе шылау мүше деп атаймыз” [75, 33-34] деген. Бұдан әрі автор шылау мүшелерді іштей әуелі қосалқы және қосымша болып айырылады, онан кейін қосымшалардың өзі іштей жалғау және үстеу (қазіргі жұрнақ) болып айырылады, ал қосалқылар жалғауыш пен үстеуіш болып бөлінеді дейді. Мұндағы жалғауыш деп отырғаны “жалғауға ұқсап, өзін ерткен сөзді басқа бір сөзбен жалғастыру үшін жұмсалатын” қосалқы шылау сөздер де, үстеуіш дегені “өзін ерткен сөзге тек мағына үстейтін” қосалқы шылау сөздер. Шылау сөздерді бұлайша топтау қазіргіден тіпті өзгеше екендігі бірден көзге түседі.

М.Балақаев «Қазақ тілі грамматикасының кейбір мәселелері» атты еңбегінде шылау сөздер 5 топқа бөлінген: 1) күшейткіш үстеуліктер, 2) болымсыздық үстеуліктер, 3) сұраулық демеуліктер, 4) демеуліктер, 5) жалғаулықтар. Ғалымның шылау деп отырған бұл сөздердің ішінде қазіргі кездегі үстеулер, есімдіктер, болымсыздық мағынасындағы етістіктер де кездеседі. Кейіннен осы олқылықтарды байқаған автор жаңаша топтар мен түсініктер жүйесін ұсынады. Онда шылаулар септеулік, демеулік, жалғаулық деп бөлінген [76, 17-20].

Шылау сөздер кеңес дәуірінің алғашқы жылдарында өзге де грамматикалық категориялар сияқты тек грамматикалар мен жеке оқулықтар құрамында ғана сөз болып, 30-жылдардан бастап мақалалық зерттеулер дәрежесіне көтерілген [77, 29].

Шылаулар грамматикалық жүйені сипаттауға арналған әдебиеттердің ешқайсысында да назардан тыс қалған емес, бірақ сонымен бірізді шешімін де тапқан жоқ.

Революциядан бұрынғы практикалық грамматикаларда шылаудың әр түрін жеке-жеке сөз табы ретінде қарастырған. Қ.Жұбанов еңбектерінде «шылау» деген терминді жалпы атау ретінде қолданған да, оны өз ішінен қосалқы сөз, қосымшалар деп екіге бөлген. Дәйек қосалқы (қазіргі атау бойынша күшейткіш үстеу) дегенге: тым, әрең, қас, өте, тап дегендерді жатқызады. Дәйек қосалқылар сөз бен сөзді байланыстырмайды, тек жеке сөзге қосымша мағына үстейді де, сол қызметіне орай оларды үстеуіш қосалқы деп атайды [67, 159].

Орхон-Енисей ескерткіштерінде өздігінен сөйлем мүшесі бола алмайтын, өз алдына дербес мағынасы жоқ, тек басқа сөздермен жанаса айтылатын шылаулар кездеседі. Олар төмендегідей: тегі (дейін, шейін), үчүн (үшін), өтрү (соң, сондықтан), бірле, сайу (сайын), йеме (және), да, де, та, те [78, 201-205].

Ерте кездегі шежірелерде сөйлем мүшелерін және сөйлемдерді бір-бірімен байланыстыру функциясында шылаулар да, шылау мәндес сөздер мен сөз тіркесі де қолданылған. Қазіргі тілдердегі сияқты, талданып отырған зерттеуде де шылаулар өздеріне тән лексикалық, атауыштық мағыналары жоқ, көмекші сөз ретінде қолданылған. Шежіреде кездесетін шылаулар басқа сөздермен тіркесу қабілеті жағынан да, мағынасы мен синтаксистік функциялары жағынан да біркелкі емес. Олардың кейбіреулері ешбір сөздерді жетектемей, оны басқа сөздермен байланыстырмай, оған тек көмекші, үстеме мағына беріп, оның мағынасын күшейтіп тұрса, екінші біреулері өздері қатысты сөзден немесе сөйлемнен бұрын, оның алдында айтылса, екінші біреулері сөздерді немесе сөйлемдерді бір-бірімен байланыстырып,

синтаксистік дәнекер қызметін атқарады. Кейбір шылаулар тек есім сөздермен ғана тіркесіп айтылатын болса, кейбіреулері есім сөздермен де, етістік сөздермен де тіркесіп, тіркес жасай алады [79, 49].

Шылауларда аз да болса лексикалық мағынасының нысаны болады, ал шылаулардың бойындағы қалыптасқан негізгі қасиеті – грамматикалық мағыналар. Өйткені шылаулардың грамматикалық мағыналары лексикалық мағыналарына қарағанда әлдеқайда басым болады. Сол мағыналары олардың өзі үшін емес, өзіне тән формалар арқылы өзіндік грамматикалық мағыналарын толық қамти алатын атаушы сөздерге жәрдемші дәнекер есебінде жұмсалады. Сондықтан да шылаулар өз алдына жеке-дара қолданылмай, тиісті сөз тіркестерінің белгілі бір компоненті ретінде атауыш сөздердің жетегінде қолданылады.

Шылау сөздердің толық мағынасы болмағанымен, атқаратын қызметіне тән грамматикалық мағынасы болады. Осымен байланысты шылаудың өзіндік мынадай ерекшеліктері бар:

1. Шылау сөздердің толық лексикалық мағынасы болмайды;

2. Контексте толық мағыналы сөздердің жетегінде қолданылып, оған қосымша әр түрлі грамматикалық мағына, рең үстейді;

3. Шылаулар сөз бен сөзді, сөйлем мен сөйлемді сабақтастыра не салаластыра байланыстырады;

5. Шылау сөздер түрленбейді, басқа сөз таптарынан жұрнақ арқылы жасалмайды. Олар – лексикалық мағынасынан айрылу негізінде қалыптасқан көмекші сөздер [10, 556].

Грамматикалық сипаттарына қарай шылаулар 3-ке бөлінеді: жалғаулықтар, септеуліктер және демеуліктер.

Шылау сөздер жеке сөздердің арасын байланыстыруда ерекше қызмет атқарады. Бұндай ерекшелікті шылаулар арқылы әртүрлі синтаксистік қатынасты білдірулермен түсіндіруге болады. Шылау сөздер осындай ерекшеліктердің негізінен туындайтын сөйлемдерден алдыңғы қатарда жүреді. Себебі сөйлемдер мен сөздер арасын байланыстырудағы өрісінің кеңдігі олардың бойына тән өзіндік қасиеттерінен шығып жатады. Шылау сөздердің грамматикалық жүйеде алатын орны, оның өзге де категориялық мағынаға әсері синтаксистік қатынаста ғана жүзеге аспақ [80,142].

Жалғаулықтар – дербес лексикалық мағыналары дерексізденген, бірақ өздеріне тән ерекше семантикалық мағыналары мен абстракт грамматикалық қызметтері бар шылау сөздер [6, 363]. Жалғаулық шылаулардың мағыналары мен қызметтері де өмірмен байланысты алуан түрлі заттар мен құбылыстардың аралықтарындағы неше қилы қатынастардың негізінде туып қалыптасқан да, сол негізде сөйлеу тілінде жарыққа үнемі шығып, үнемі көрініп отырады.

Қазіргі қазақ тіліндегі жалғаулықтар – лексикалық мағынасы жоқ, сөз бен сөзді, сөйлем мен сөйлемді әр түрлі ыңғайда (мағыналық қатынаста) салаластыра байланыстыратын сөздер [10, 557].

Жалғаулықтар өзара тең бірыңғай сөздердің, бірыңғай сөз тіркестерінің және бірыңғай сөйлемдердің аралығындағы әрқилы қатынастарды білдіреді. Жалғаулықтар ең кемі өзара тең екі сөзге не екі сөз тіркестеріне бірдей қатысты болады. Мысалы: *Қыс пенен жаз, күн менен түн, тақ пенен жұп, жақсылық пен жамандық – болды егіз* (Абай) деген мысалдағы пенен, менен, пен жалғаулықтары тек я бұрынғы, я соңғы сөзге ғана емес, екі жағындағы сөздердің екеуіне де бірдей қатысты болып, оларды бір-бірімен жалғастыру үшін қолданылып тұр.

Жалғаулықтар салалас құрмалас сөйлемдердің құрамындағы жай сөйлемдерді де өзара байланыстырып, олардың ара қатынасын білдіру қызметін атқарады. Мысалы: *Амантай әлсіреп көзін біраз жұмып жатты да, қайтадан ашты.*(С.М.). Сөйлемде да жалғаулығы сөйлемдер арасын байланыстырып тұр.

Жалғаулықтардың өзге тілдерден де ауысып келгендері бар. Мысалы, әлде, я, яки, егер, яғни сияқты жалғаулық шылаулар араб, иран тілдерінен ауысып келген болса, құй жалғаулығы орыс тілінен енген [81, 132].

Жалғаулықтардың мағыналары мен функцияларын бір-бірінен бөліп қарауға болмайды. Өйткені олардың сөйлемде қоладынылауына байланысты мағыналары әрбір жалғаулықтың функциялық қызметіне орай және соған сәйкес сараланып отырады. Сондықтан жалғаулықтарды жіктегенде, түпкі тірек етіліп, олардың функциялық қызметі негізге алынып отырады. Жеке сөздер мен сөйлемдерді байланыстыру қабілеті жағынан олар: салаластырғыш жалғаулықтар және сабақтастырғыш жалғаулықтар деген екі топқа бөлінеді.

Салаластырғыш жалғаулықтар негізінен салалас сөйлемдердің арасын байланыстырады.

Сабақтастырғыш жалғаулықтар тек құрмалас сөйлемдердің құрамындағы жай сөйлемдерді бір-бірімен жалғастырып, байланыстырып, солардың арақатынасын анықтап көрсету үшін жұмсалады. Ондай қатынастар байланыстыра түскен сөйлемдердің мағыналары қарсылықты, себептік, салдарлық, шартты, айқындағыш, ұштастырғыш болып бөлінеді [82, 202]. Осылардың ішінде ұштастырғыш жалғаулықтардың мәтін байланыстырудағы қызметіне тоқталуға болады.

Ұштастырғыш жалғаулықтарға ендеше, олай болса шылаулары жатады. Мұндай жалғаулықтар мағына

жағынан бір-біріне орай қолданылатын екі жай сөйлемді ұштастырып байланыстыру үшін жұмсалады да, бірінші сөйлемнен кейін іле екінші сөйлемде анықталатын ойды бастау үшін дәнекер ретінде қызмет етеді. *Сөйледің сен де аямай. Ал Барластан сөз шығар, Асылдан ұшқан қылаудай* (М.Ә.). *Мал дүниенің иесі осы кісі. Ендеше бәріміз де әжемнің төрелігіне тоқтайық* (М.Ә.).

Ал, ендеше жалғаулығы дәл осы мағынада қолданылып, осы қызметті атқарады [83, 80].

Поэзиядан мысал:

Кел, жастар, біз бір түрлі жол табалық,

Арам, айла, зорлықсыз мал табалық.

Өшпес өмір, таусылмас мал берерлік

Бір білімді данышпан жан табалық.

Ал, енді, олай болса, кімді алалық?

Қазақта қай жақсы бар көз саларлық?

Шын іздесек, табармыз шыны ғалым,

Күнде күйлей бермелік бозбалалық. (Шәкәрім. Жастарға). Алдыңғы ойды, яғни білімді жанды табуды, келесі шумақта шын ғалымды іздеу керек деген ой түюмен байланыстыруда, әрі мәтін түзуде *ал* жалғаулығының қажеттігі туып тұр.

Шылаулардың да мәтін түзуге қатысатындығын былай көрсетеді: «Шылау сөздер мәтін құрылымындағы сөйлемдерді мағыналық жағынан іліктестіріп, мәтіндегі ой жалғастығына ықпал етеді. Алдыңғы айтылған сөйлемді кейінгі сөйлеммен байланыстыруда көбінесе сонымен бірге, осыған дейін, сондықтан, сол себепті, бірақ, алайда деген шылау және шылау мәндес құрылымдар жиі жұмсалады» [71, 25].

Шылаулар басқа сөздермен тіркесу қабілеті жағынан да, орналасу тәртібі жағынан да біркелкі емес. Олардың кейбіреулері ешбір сөзді жетектемей, оны басқа сөздермен

байланыстырмай, оған тек көмекші, үстеме мағына беріп, оның мағынасын күшейтіп тұрса, екінші біреулері сөздерді немесе сөйлемдерді бір-бірімен байланыстырып, синтаксистік дәнекер қызметін атқарады .

Қодар қиналып, қатуланған соң, жәмпейіс өз естігенін тегіс айтқан жоқ. Және айтам десе де, өзі сөз білмейтін, сөзін ұғымды ғып кісіге айта алмайтын аса бір орашолақ адам еді. Сонысынан тағы жасқанып, Қодарды қинамайын деп қойған-ды (М.Ә.). Бұл үзіндіде және жалғаулығы өзінен бұрынғы сөйлемде айтылған ойды нақтылау үшін жұмсалып тұр.

1.Бұл ауылдағы осындай барлық бейіл, бар ажар Абайға дәл бір өз туысының, жақын жанының үйіне келгендей жылылық, достық белгісін білдірді. 2.Тегінде, Жігітек, Көтібақ сияқты өзге жақын елдермен салыстырғанда, Абай Бөкенині арқашан артық көруші еді. 3.Және бұл ауылдардың адамында өзгеше бір мінезділік пен адал момындық бар. 4.Және жақсы көрген адамынан қолда барын аямайтын шынышыл бейіл бар. (М.Ә.). Және жалғаулығы 3, 4-сөйлемдердің басында келіп, оларды бір-бірімен байланыстыру үшін, әрі қазіргі қазақ тіліндегі және жалғаулығы мәнінде қолданылған.

Қазіргі қазақ тілінде осы және жалғаулығымен синонимдес келетін “уа” жалғаулығының бірыңғай мүшелер арасында, тіпті кейде белгілі бір оқиғаны, көріністі баяндау, суреттеу түрінде келетін бір тектес сөйлемдер арасында да бірнеше рет қайталанып келетін түрі өте жиі кездеседі. “Уа” жалғаулығының бірыңғай мүшелерден кейінгі қолданылатын орны – сөйлем арасы. Бұл орында ол бір оқиғадан екінші оқиғаға, бір ойдан екінші ойға көшуге табалдырық тәрізді қызмет атқарады [79,102]. Осы көзқарастан байқағанымыздай, шылаулардың күрделі синтаксистік бірлік арасын байланыстыратын құрал екендігі.

Жоғарыда келтірілген Т.Қордабаевтың пікіріне тағы бір нығыз дәлел – уа жалғаулығының Абайдың қара сөздерінде осылайша қолданылуы. Мысалы: *Уа және назначение қылғанда тергеуі, сұрауы барлығына қарамаса, өтірік арыз берушілер азаяр еді, бәлкі жоғалар еді* (3-қара сөзінен).

Мұндай қолданыста дербес сөйлемде, яғни мәтін жосығында қолданылуында уа жалғаулығы дербес сөйлемдерді байланыстырып қана қоймайды, оның өзіне қатысты ақпаратты актуалдандыратын да қызметі бар. Әрі үстемелік мән айырықшалана түседі. Сөз зергері М.Әуезовтің “және” жалғаулығын бас әріппен дербес сөйлемде еркін қолдана беруі автордың стильдік ерекшелігі (нормадан ауықуы) ғана емес, мәтін түзу дәстүрін жалғастыруы деп санаған да жөн. Дәлел үшін бір мысал: *Абай бір жағынан еріксіз күліп, екіншіден қысылып, бойын жиып алайын деп еді. Денесі кесек, қолы қайратты. Оспан түрегеліп алып, шалқалата жығып салды. Және соның үстіне, ұртына тығып жүрген бір сілекейлі қатты нәрсені әп сәтте Абайдың көйлегінің омырауын ашып, жалаңаш етіне тигізіп тастап жіберді.* (М.Ә.).

Л.Г.Бабенко мен Ю.В.Казарин «мәтінде суреттелген заттар, құбылыстар, оқиғалардың шындығында бір-бірімен байланыстылығы, бұзылмағандығы тек мазмұндық және композициялық деңгейде ғана берілмейді, сонымен қатар мәтіннен тыс логика-мағыналық байланыстар түрінде де беріледі. Ондай байланыстардың негізгі құралы шылаулар болып табылатындығын көрсетеді» [20, 186]. Өлеңнен мысал:

Ішіп, терең бойлаймын,

Өткен күннің уларын.

Және шын деп ойлаймын

Жұрттың жалған шуларын. (Абай. Ән туралы)

Және шылауы өзінің алдындағы ойды толықтыру мақсатында қолданылған.

Жалғаулық шылаулар арқылы байланысқан сөйлемдер тек ресми құжаттардың мәтінде ғана көзге түспейді. Көркем әдебиет стилінде, әсіресе, өлеңнің синтаксистік құрылысында күрделі синтаксистік тұтастық құрамына енген сөйлемдердің ең соңғысының алдында тұрып, оны алдыңғы тармақтармен байланыстырады. Мәтін – коммуникацияның әмбебаптық формасы ретінде көрінеді, автор мен адресаттың арасындағы сөйлеу өзара әрекеттестікті жүзеге асырады, әр уақытта автордың білім аясы, идеясы, ойы, санасы т.б. мәтінде өз көрінісін табады, белгілі қарым-қатынас аясының ерекшелігі танылады, барлық уақытта адресатқа бағытталады, информация таратады, стилистикалық амал-тәсілдерді қолданады, осының арқасында прагматикалық тиімділікті жүзеге асырып отырады [86, 21].

Тарихи шежірелердің синтаксистік құрылысын зерттеген ғалым Т.Қордабаев уа жалғаулығы туралы былай дейді: “Уа жалғаулығы қазақ тілі жазбаларында ХХ ғасырдың басына дейін қолданылып келді. Ол ХҮІІІ ғасырдағы қазақ хандарының, би, сұлтандарының қатынас қағаздарында, ХІХ ғасырдың аяқ кезіндегі мерзімді баспасөздерде едәуір жиі қолданылғанымен, қазақ тіліне сіңісе алмады. Оны қазіргі да (де, та, те), мен, пен, я, не деген тәрізді жалғаулықтар ығыстырып шығарып тастады. Сөз болып отырған еңбекте уа жалғаулығы дара түрде, һәм (уа һәм) , яна (уа яна), тақы (уа тақы) ләкін (уа ләкін) жалғаулықтарымен бірігіп күрделенген түрде өте жиі кездеседі және оның мағынасы мен қолданылу орны да түрлі-түрлі” [79, 55]. Мысалы: 1. *Уа тақы Гурбасу хатун ерді, ол найман ның Тайан хан (ы) ның улуғ хатуны ерді.* 2. *Чиңгиз хан Тайан хан ны өлтүрген дін соң ол хатунны Чиңгиз хан моғол дәстүрінче никак қылыб алды.* 3. *Тақы таңқут ның падшаһы ның қызыны Чиңгиз хан га сауқат келтүрүб берүб ерді.* 4. *Аны һәм кім ерсә гә бахшиш қылды.* 5. *Уа тақы Чиңгиз хан ның алған хатун лары һәр бірі бір уилайат ның һәр бір қаум ның улуғы ның қызы ерді.* 6. *Нечә*

анлар улуғлар қызы болса, бу баш хатун дын оздурмады лар (Жами ат-Тауарихтан). – Аудармасы: 1. Және тағы Гурбасу хатун еді, әуелі Таян ханның үлкен хатуны еді. 2. Шыңғыс хан Таян ханды өлтіргеннен соң, ол хатунды Шыңғыс хан могол дәстүрінше неке қылып алды. 3. Тағы да таңғұт патшасының қызын Шыңғыс ханға сауқат (сыйлық) ретінде әкеліп берді. 4. Сондай-ақ Шыңғыс ханның хатундары әрқайсысы бір уәлаяттың әлдебір қауымның ұлықтарының қызы еді. 5. Олар қанша ұлықтың қыздары болғанмен, әлгі бес хатуннан оздырмады, яғни олармен тең дәрежеде жете алмады. Бұл жерде уа жалғаулығы уа тақы түрінде қолданылып, және мағынасында қайталанып келіп, контекстегі сөйлемдер арасын байланыстырушы мәнде қолданылып тұр. Немесе: 1. Бешінші оғлы Белғұтай ноиян ерді. 2. Аның анасы баиқа ерді. 3. Дайым Қутула хан, оның ұлы Жошы хан еді. 4. Өз әскерімен Чыңгиз хан ның хикматы дан айрылмады. 5. Аның оғлан лары көб ерді. 6. Қайм мақамында Жауту атлығ оғлы бар ерді. 7. Уа бу сабабдын Жауту ат берділер. 8. Аның йүз хатуны бар ерді. 9. Уа йүз оғлы бар ерді (Жами ат-Тауарихтан). – 1. Бесінші ұлы Белғұтай ноиян еді. 2. Оның бұлардан анасы басқа еді. 3. Қутула хан, оның ұлы Жошы хан еді. 4. Әрдайым Шыңғыс ханның қызметінен айрылмады. 5. Оның оғландары көп еді. 6. Каим Мукамындағы оның Жауту атты ұлы бар еді. 7. Және бұл Жаутуға осы себептен Жауту ат берді. 8. Оның жүз хатуны бар еді. 9. Және жүз ұлы бар еді. Осы мысалдағы уа (және) шылауы сол сөйлемге ерекше назар аудартып тұр және өзіне екпін түсіріп, әрі ерекше интонациямен айтылып, одан соң ой жалғастығын қажет етеді.

Тарихи жазбаларда кездесетін уа жалғаулығы және жалғаулығымен мағыналас келіп, қазірде тілімізде қолданылатындығын байқадық.

Және жалғаулығы жай сөйлемдерді құрмаластыруда өте жиі қолданылады, ал құрмалас сөйлемдердің сыңарларының

мағыналық қатынастары жағынан өзара бір-біріне жақын болып келеді және ондағы айтылған ойды толықтыра, айқындай түседі.

Ұсақ балалардың көпшілігі жеке-жеке тайға мініп, бірен-сарандары екі-екіден мінгесіп алып Абайларға ілесе шыққан және жұрттың бәрінен артынан қалған Оспан болды. (М.Ә.). Мысалда және жалғаулығы құрмалас сөйлемдердің сыңарларының арасын байланыстырып тұр.

Жалғаулықтардың құрмалас сөйлем компоненттерін байланыстыруы мен дербес сөйлемдерді байланыстыруының арасына теңдік белгісін қоюға болмайды. Дербес сөйлемнің синсемантикалылығының көрсеткіші ретінде жалғаулықты қолдануда айтушының-жазушының субъективті-коммуникативтік мүддесі болады. Қарапайым айтқанда, жазушы жалғаулықты жеке сөйлемге жіберіп я бас әріппен жазуына қайтсе де белгілі бір мақсат болады, ал ауызша сөйлеуде сөйлемнің басты белгілерінің бірі интонация құрмалас сөйлем жағдайына қарағанда өзгеше болады [58, 52-б]. Ғалым пікірін тілдік деректер арқылы дәлелдеп көрейік.

1.Ал Сүйіндік сол сөзді оп-оңай, бір айналмай айтып салса ертеңгі тауқымет мұнда. 2.Және алдымен Қодардың сол Құнанбай айтқандай айыптылығына да көзі жеткен емес.3. Ол Қаратайдың шапшаңдығынан бір пайда тапқандай болды. (М.Ә.) Немесе: 1.Бүгін түсте шешелері Абайды шақырып алып, мәлім етіп еді: қонақтар ертең түстеніп аттанатын болса, ет аздық етеді. 2.Ұялып қалмас үшін қазірден қаи ету керек. 3.Абайдың ас қызығына бармай қалғаны сол болатын. 4.Ол Ызғұтты мен Мырзаханды Ботақандағы Құдайбердіге шаптырды. 5.Бөгелмей, тез гана қысырдың бес тайын ұстатып жіберсін деп тапсырды. 6.Сол сойысты күтті. 7.Және арттағы ауылдар ас бітті деп салақсып қалып, ертеңгі қымыздан құр тастамасын. 8.Өзге жұрттың дені кешке

тараса да, Абай қонақтары қайтпайды. 9.Соны білдіріп қадағалау керек (М.Ә.). Бірінші үзіндінің екінші сөйлеміндегі және шылауы сол сөйлемге айрықша назар аудартып тұр, оның үстіне осы контексте бұл жалғаулықта ыңғайластықтан басқа үстеме мағына байқалады, әрі осы жалғаулықтың салдарынан бұл сөйлем логикалық жағынан тиянақсыз. Сол сияқты екінші контекстің 7-сөйлеміндегі және шылауы да алдыңғы ойларды жалғастыру үшін қолданылған. Мұндай жағдайды поэзия тілінен де көре аламыз:

Қолда қалам, көзде жас, толқындап ой,
Шіміркеніп, тітіреп, салқындап бой,
Тозған мола сықылды сұм көрініп,
Өткен күнде қызыққан сауық пен той.

Қаның қашып, жасаурап екі көзің,
Не болдым деп табалап өзінді-өзің.
Өткен іс ойға түсіп ұялтады,
Қисынсызды қызық деп қуған кезің.

Және ойыңа келгенде алдыңғы жақ,
Сұм жүрегін кетеді қозғалып-ақ.
Артың анау, алдың су, көз жетпейді,
Өтетұғын қамынды ойланып бақ. (Шәкәрім. Өзіме).

Шумақтардың арасын байланыстыруда және жалғаулығының қызметі айқын көрініп тұр.

Шылаудың осындай қасиетін төмендегі пікірден де байқауға болады: «Особую группу составляют такие лексические единицы, которые в каждом языке специализированы на выполнение одной единственной функции, а именно, на связи предложений, сверхфразовых единств и больших отрезков текста между собой. К ним относятся вводные слова, союзы и союзные слова, наречия, десемантизированные предложные сочетания» [84, 78].

Кейде және жалғаулығы не бірыңғай сөйлем мүшесі де емес, не құрмалас сөйлем де емес, өзара аралас бір топтарды да жалғастырады [87, 126]. Біз бұл пікірден автордың және шылауының күрделі синтаксистік бірліктердің арасын байланыстырушылық қасиетін айтып тұрғанын аңғарамыз. Осы көзқарастың дұрыстығын жоғарыдағы мысалдар дәлелдей алады.

Жалғаулықтарды дербес сөйлемді контекске тәуелді ету үшін жұмсағанда олардың өздеріне тән мағынасы даралана, айқындала түседі. Осыдан болар, есімдік негізгі жалғаулықтар дербес сөйлемде қолданылғанда, сөйлем мүшесінің қызметін атқара алады. Мысалы: *Абай әкесінің сөз желісін, түп мәнісін түсінген жоқ. Кейбір мақалдарын ғана таңдана шешіп отыр. Осы бар үлкеннің мұндай жердегі салты бойынша, әкесі де тұспалдап, орағытып ұқтырмай сөйлейді. Бір сөзімен бір сөзін жалғастыруға Абай үлгірмей, адасып қап отыр. Өзіне салса, жаңағы көңілді үйге, шешесінің жанына қазір кетер еді. Бірақ әкесі шақырған соң енді шығып болмайды.*

Сондықтан бір уақыт ол әке сөзінің сыртын, ағымын тыңдайды (М.Ә.). Берілген үзіндінің соңғы сөйлеміндегі сондықтан жалғаулығы өзінің алдындағы контексте берілген ойларды бойына жинақтап тұрғандықтан “неліктен” деген себеп пысықтауыштың сұрағына жауап бере алатынын байқауға болады.

Құнанбай ұзақ сөйлеп отырған кезде, Бәжсей қыбыр етіп қозғалған жоқ. Көзін де төмен салған қалпынан бір көтермеді. Сондықтан оның ұйықтап отырғаны, я ойланып отырғаны мәлім емес. Қалың етті, салбыраңқы қабағы кішкене көзін көрсетпей, тасалап алған сияқты. (М.Ә.). Бұл мысалдан да жоғарыда айтылған жайды аңғаруға болады.

1.Оспан әкесі ұрғанда жыламаса да, шешесі ұрған уақытта тіпті жылауық. 2.Әкесі жылағанға қарамайды. 3.Ал, шешесіне қарсы кейде бұның емі бар. 4.Бас

қорғаудың жылауы. 5.Қазірде де бақырып, бар даусымен шырқап, азан-қазан қылды. 6.Шешесінен босап барып сол жақтағы биік сүйек төсектің үстіне секіріп шығып, етпетінен жатып ап жылады. 7.Бірақ бұл жолы қанша жыласа да, оған қайысып, уатам деген шеше жоқ. 8.Оны біледі. 9.Сондықтан аяқ кезде көзде жас болмаса да, өтірік анда-санда бір бақырып қойып жатыр. (М.Ә.). Мәтіндегі 9-сөйлемнің сондықтан шылауы алдыңғы ойларды айқындау мақсатында, яғни Оспанның не себепті бақырып жатқандығын білдіріп, әрі сөйлем қызметін (пысықтауыш) атқарып тұр. Сондықтан салдарлық жалғаулығының да мәтінтүзімдік қасиеті байқалады.

1- мысал:

Танбаймын, шәкіртімін Толстойдың,

Алдампаз, арам сопы кәпір қойдың.

Жанымен сүйді әділет, ардың жолын,

Сондықтан ол иесі терең ойдың. (Шәкәрім. Жасымнан

жетік білдім түрік тілін). Немесе:

Сөйтіп ақыл бере алмай адал көмек,

Зұлымдықпен адамды адам жемек.

Адал еңбек, ақ пейіл, мейірім жоқ –

Осы болар таза ақыл өлді демек.

Сондықтан адам – залым, әлемге жау,

Ебін тапса, қоймайды ешкімді сау.

Жер білсе адамзаттың бұл қылығын

Үстінен бәрін төгіп тастар еді-ау. (Шәкәрім. Ақыл деген өлшеусіз бір жарық нұр...).

2-мысал:

Ескіден қалған бір жұрнақ

Жақпаса қойсын жастарға.

Жырлаймын ойлы мастарға,

Мен өлсем, сарын жоғалар,

Қимадым көміп тастарға.

Сондықтан айтқан бұл жұмбақ сарын
Тез жайылар бойға.

Айдап түсірер сен білмеген тіпті жат ойға.

Жын бақсыларға келер сондықтан,

Жас жиналғандай тойға. (Шәкәрім. Қорқыттың сарыны).

Бірінші мысалда *сондықтан* жалғаулығы тармақтардың арасын қатыстырып тұрса, екінші, үшінші мысалдарда шумақтардың арасын байланыстырып күрделі синтаксистік тұтастық жасауға атсалысып тұр.

Сол себепті жалғаулығы да мәтін байланыстыруда ерекше қызмет атқарады. Оны төмендегі мысалдардан байқауға болады.

1.Құнанбай – өз басы бір шешеден жалғыз, бәйбішенің жалғызы. 2.Қара шаңырақ иесі. 3.Қалың дәулет пен әмір, билік иесі. 4.Жасқа да көп туысынан өзі үлкен. 5.Сол себепті үлкен әкесі Ырғызбайдан тараған осы мына жиырма ауылдың мынандай топтарының ішінен бірде-бір жан әлі күнге Құнанбайдың алдынан көлденең шығып көрген емес. Тіпті, өкпе-назы болса да, ашып-жарып айта алмайтын. (М.Ә.). 5-сөйлемдегі сол себепті шылауы өзінен бұрын ойдың болғандығын көрсетіп, Құнанбайдың алдынан көлденең шықпауының себебін өзінен бұрынғы сөйлемдер аңғартып тұр.

Тағы бір мысал келтіріп көрейік.

1.Алишынбай достығы арқылы аз ғана Тобықтының Құнанбайы аға сұлтандықты алған. ...2.Және Бөжейді жауғып қуа берсе, астында жатып та аяғын шайнайтын түрі бар. 3. Аңғар солай боп барады. 4.Онан соң істесе Бөжейге бұл істеді. 5.Бөжей бұған әлі не істеді?.. 6.Алишынбай сұраса бергеннен абзалы жоқ екен деген байлауға кеп еді. 7. Өздігімен «тез келермін» деген байлауы емес екені рас. 8.Алишынбай емес, өзге кісі айтса да бүйтіп тез қайтпа еді. 9.Енді мына тұс оның бәрінен бөлек.... 10.Сол себепті Құнанбай бекінді де:

– Алшеке, айналаны көріп, болжап айтып отырсың зой. Достықпен айтып отырсың. Аңғармасам айыпты болар ем. «Қайтпас-ақпын» деп едім. Бірақ жалғыз мен болайын ба? Ақыры құдай білсін, өзің біл, өзің аяқта! – деді. (М.Ә.).

Бұл жерде де сол себепті шылауының мәтінтүзімдік қасиеті көрінеді. Бұл шылаудың екі жай сөйлем арасында немесе алдыңғы айтылып кеткен бір ой мен кейінгі ойды ұштастыру, қосу үшін сөйлем басында қолданылады. Қолданылу орнына қарап себептік мағынаны да, сол себептен туған салдарлық мағынаны да байкатады, яғни қазіргі тілімізде әр түрлі жалғаулықтар арқылы берілетін мағынаны бір өзі береді. Мұнда сол себепті жалғаулығы сөйлемдер арасында себептік мағына тудыру үшін қолданылған. Өзінен бұрынғы сөйлемдерде айтылған ойдың себебін 10-сөйлемде тиянақтап, қорытып беру үшін жұмсалған.

Өйткені (үйткені) жалғаулығы да тұтастық арасын байланыстыра алады.

1.Оның ата-тегінде бар Тобықты, бар Қарқаралы “Қаракөк” деп атайды. 2.Алшынбай белгілі би Тіленшінің баласы, одан арғы атасы – Қазыбек би. 3.Осының бәріне қарағанда Абайдың қалыңдығы Ділді, тіпті бір үлкен, асқақ жердің қызы тәрізденеді. 4.Сол қалыңдықтың қалың малы да осал болмаған болу керек. 5.Үйткені Құнанбай аулынан Қарқаралыға қарай шығатын топ-топ жылқы, түйе, көбінше, осы Алшынбай аулына барушы еді. 6.Жалғыз ғана құлдық па, жоқ басқа ілік пе, әйтеуір Алшынбай, Құнанбай әбден айқасқан, ішек-қарын араласқан дейтін жақындардың өздері. (М.Ә.)

Немесе: 1.Қадырбай көбінше өзі сөйлеп, қонақтардан оқта-текте ғана жұт жайын, кәрілер жайын сұрастырды. 2.Абай өздігінен жазылып сөйлеген жоқ. 3.Қадырбайдың сұраған сөздеріне орнықты, қысқа ғана жауаптар беріп, сыпайылық сақтап отырады. 4.Бірақ үй

иесімен әңгімелесу, мәжіліс құру міндеті қазіргі халде Абай мойнында. 5. Үйткені Асылбек бұл ауылдың күйеуі болғандықтан, оншалық шешіліп кете алмайды. 6. Қадырбай да өзінің сөздерін, сұрауларын Абайға қарап айтады. (М.Ә.).

Екі мысалда да *үйткені* жалғаулығы сөйлемдер арасында себептік мағына тудырып, әрі сөйлемдер арасын байланыстыру үшін жұмсалып тұр.

Ей, жастар, қалай дейсің бұл дүние,
Мұны бүйтіп жаратқан қандай кие?
Білімсіз, мақсұтсыздан шыққан болса,
Мақсұт, білім, ой шығар бар ма жүйе?
Керексіз жаралған бір тозаңы жоқ,
Тәртібі таң қаларлық зор мәшине.
Алыстан іздемей-ақ ойласаңыз,
Көру үшін жаралған көзіңіз де.
Себебі толымдының ісі толық,

Ең түпкі жаратушы — мінсіз ие. (Шәкәрім. Ей, жастар, қалай дейсің бұл дүние). Бұл жерде себеп жалғаулығы өзінен бұрынғы ойды қорыту мақсатында қолданылған. Ал төмендегі шумақта мәтінаралық байланысты қалыптастыру үшін *өйткені* жалғаулығы жұмсалып тұр:

Пәнші мен дінші тыңдамас,
Жиреніп мұны ұнамас.
Өйткені олар бірезу,
Әдетін тастап шыдамас,

Арланбай бұған еруге. (Шәкәрім. Тіршілік, жан туралы). *Бірақ* жалғаулығы сөйлемдер арасын байланыстырып, қарсылықты мағынада қолданылып тұрғанын байқауға болады. Қарсылықты жалғаулықтар негізінде бұрынғы сөйлемде айтылған ойға соңғы сөйлемдегі ойдың мағына жағынан қарама-қарсы екенін аңғартуға дәнекер болады. Мысалы: *Алғашқыда арманның бәрі тәтті, бірақ та*

құнарсыз жерге шыққан гүлшешектей ерте солатыны да болады. (Ш.А.).

1.Жұмабайдың қалаға бұ жол не жұмыспен барғанын Абай дәлді білмейді. 2.Бірақ оның Байтасқа айтқан бір сөзінде Құнанбай тапсырған бір жұмыспен барып келе жатқаны мәлім еді. (М.Ә.).

1.Бұл Көтібақ ішінде Байсалдың жақын туысқаны Шоқанның баласы. 2.Байсал әрдайым қасына ертіп жүреді. 3.Әрі жігіті, әрі сөз ұғып, адам болар деген жасы. 4.Ол әңгіме атаулыны көп біледі. 5.Қызық көп айтады. 6.Өзі күлдіргі. 7.Абайды еркелетіп қоятын кезі бар-ды. 8.Қазіргі осы жиында Абайдың оңаша кездесуді іздейтін жалғыз ыңғайлы көрер адамы осы.

9.Бірақ оның шыны ма, я әдейі үлкендерге көз қыла ма, айтеуір қазір Құнанбай сөзінен басқа бар дүниені ұмытқан. 10.Сонымен бірге Абайды да былай қоя тұрған сияқты. (М.Ә.). Бірінші мысалда бірақ қарсылықты жалғаулығы күрделі синтаксистік тұтастық арасын байланыстыруда жұмсалса, екінші мысалда абзац арасын байланыстыру үшін қолданылған.

Бейіс, дозақ молда айтқан сияқты емес,

Ақылды адам оны анық сондай демес.

Құрсақтағы балаға осы өмірді

Ұқтыр десе, айтар ең қандай кеңес?

Сол сияқты мысал ғой ұқтыруға,

Дәл осындай қыз құшып, жеміс жемес.

Бірақ қатты қуаныш не кейіс бар,

Дәлелім – ұздан, зұлым бар тетелес.

Сондықтан бір тексеру болмай қоймас,

Мұнымды әділетпен ойла да шеш. (Шәкәрім. Бейіс, дозақ молда айтқан сияқты емес) деген шумақтардағы қарсылықты жалғаулығы алдыңғы ойды соңғы оймен байланыстыру мақсатын көздеп тұр. Кейбір тұстарда шумақ

соңында жұмсалып ойды бекіту үшін де тұстары кездеседі.
Мәселен:

Бетіме жылы тиеді
Күнгедейдегі күншуақ.
Жан жылыны сүйеді,
Жанға рахат осы уақ.
Өлі жердің сүйегін
Тірілтті жайнап жапырақ.
Жаралы менің жүрегім,
Жайнай алмас сол бірақ. (Шәкәрім. Өлген көңіл,
ындысыз өмір).

Жауап сол: өткен дәурен қайта келмес,
Қаншама өксігенмен тағдыр көнбес.
Бұл күнгі қарашыл қарт, парашыл би
Өткендер келгенмен де орнын бермес.

Сөйткенмен, қазақ көшін оңға бастап,
Жүруді өздігінен тағы білмес.
Мейлің көн, мейлің жыла соңғыларға,
Қайтсын- ай, қамықты-ау деп, көзіне ілмес. (Міржақып.
Алашқа). *Сөйткенмен* қарсылықты жалғаулығы екі
шумақтың арасын байланыстыра отырып, мәтінтүзімдік
қасиетке ие болып тұр. Төмендегі мысалдан да осындай
қасиетті аңғарамыз:

Бота, құлын, бұзау, лақ, қозы туып,
Қуанып ойнақтайды, олар да өсіп.
Сүйтсе де адам көзі бір тоймайды,
Құдайым берсе-дағы қанша несіп. (Шәкәрім. Жаз келер).
Әрі жалғаулығының да мәтінтүзімдік сипатын аңғаруға
болады. *Іштерінен осының бәріне жеткізіп, өзге*
қазақтан бұларды әрі жуан, әрі сыйлы қып жүрген
Құнанбайға дән риза. (М.Ә.). Мұнда әрі жалғаулығы
бірыңғай мүшелердің арасын байланыстырып тұр.

Балық аз түсіпті, әрі тайызға салған аудың арқалығы мұзға жабысып қатып қалған екен. (Ә.Н.). Әрі жалғаулығы құрмалас сөйлем компоненттерін байланыстыруға атсалысып тұр.

Енді әрі жалғаулығының сөйлемдер арасын байланыстырудағы қызметін мысалдар арқылы дәлелдеп көрейік.

1.Қадырбай бұл мәжілістер тұсында даңғыл жолға түскендей боп, жазылып кетті. 2.Кейде соқтырып өлең айтып кетеді. 3.Өзі жаңылып ұмытыңқырап қалған жерлер болса, жалт етіп Қуандыққа қарайды. 4.Әрі сұлу, әрі майда мінезді Қуандық әкесінің мүдірген жерлерін тез айтып, есіне түсіріп жібереді. (М.Ә.).

1.Мынандай жанның маңында күңгірт кеш те, жабық көңіл де болмау керек. 2.Оның аты – үлкен үміт. 3.Әрі сұлу, әрі сенімді, мықты үміт. 4.Оның бас иер күші жоқ. (М.Ә.).

Үзінділердегі *әрі* жалғаулығы өзінен бұрынғы ойды нақтылау үшін жұмсалып тұр.

Не, немесе жалғаулықтары контексте қолданылу ерекшеліктеріне қарай салалас құрмаластардың құрамындағы жеке сөйлемдердің арақатынастарын білдіру үшін де қолданылады.

Не Көкше, не оның балапан таулары, не көлдері еш уақытта Асқарды тойғызған емес. (С.М.). Бұл жерде бірыңғай мүшелерді байланыстыру үшін қолданылған.

Не ғылым жоқ немесе еңбек те жоқ. Ең болмағанда кеттің зой мал баға алмай. (Абай) дегенде, құрмалас сөйлемдерді байланыстыруда қызмет етіп тұр.

1.Отырғандар осы күйді танып қалды. 2.Құнанбайдың бұлай беттеп алғанда қайта оралар қайырымы жоқ, оны бәрі біледі.

3.Не айтысып, шарпысып кету бар. 4.Немесе іштен қоштамаған уақытта Байсал, Бөжейдің бір тәсілі:

міндет, мысалды Құнанбайдың өзіне бастатып, артын өзіне тастап кететін әдеті бар-ды (М.Ә.). Мұнда күрделі синтаксистік тұтастық арасын байланыстырып мәтінтүзімдік қызмет атқарған.

1.Піспеген адамның қолындағы билік жас баланың қолындағы ұстара пышақ есепті. 2.Не өзі арандайды. 3.Не өзгені арандатады. 4.Абай өзін аямаса да, бұған еріксіз күні түсетін халықты аяйды (М.Ә.). Бұл мысалда да не талғаулық шылауы автордың стильдік қолданысына байланысты мәтін байланыстыру мақсатында қолданылған.

Өлең жолдарынан мысал келтірсек:

Иесін білсең-дағы айта алмайсың,
Ұры мен мықты көрсең, қайқандайсың.
Бейшарасып, бейқамсып алдайтұғын,
Бейне сен де жәдігөй сайтандайсың.

Бір мықтының ұстайсың енді етегін,
Қайда апарса, сол билер көш жетегін.
«Пәленшенің үстінен арыз бер» деп,
Бір момынға соқтықтың тектен-тегін.

Немесе куә болдың арам іске,

Төбелесе, кірістің зорлық күшке.

Құдайды бар демедің, адам – Құдай,

Тәңірің ырза болды ма бұл жүріске. (Шәкәрім. Қорқақ бай). Күрделі синтаксистік тұтастықты қалыптастыру үшін *немесе* шылауының қызметі ерекше көрініс тапқан.

Л.Г.Бабенконың «Отображаемые в тексте предметы, явления, события, так же как и в действительности, взаимосвязаны, нерасторжимы, что репрезентируется не только на содержательном и композиционном уровнях, но и на уровне внетекстовых логико-смысловых связей. Основное средство таких связей – союзы (сочительные и подчинительные), выполняющие функцию соотнесения

текстовых фрагментов и самостоятельных высказываний, фраз» [85, 291] деген пікірі де бекер айтылмаған.

Шылаулардың ішінде жалғаулықтар мен демеуліктер сөйлемді синсемантикалы, контекске тәуелді етіп тұрады [57, 51]. Көркем шығармаларда сөйлем мүшелерін және сөйлемдерді бір-бірімен байланыстыру функциясында шылаулар да, шылау мәндес сөздер мен сөз тіркесі де қолданылған. Қазіргі тілдерде шылаулар өздеріне тән лексикалық, анықтауыштық мағыналары жоқ, көмекші сөздер ретінде қолданылады.

Септеуліктер деп объекті мен объектінің не предикаттың арасындағы түрлі грамматикалық қатынастарды білдіру үшін қолданылып, белгілі бір септік жалғауын меңгеріп тұратын көмекші сөздерді айтамыз [6, 371].

Қазіргі қазақ тіліндегі септеуліктер сөз бен сөзді, сөйлем мен сөйлемді бірін екіншісіне бағындыра, яғни сабақтастыра байланыстырып, өзінің алдында тұрған толық мағыналы сөздердің белгілі бір тұлғада тұруын талап етіп, әр түрлі грамматикалық, мезгілдік, мекендік, мақсаттық қатынастарды білдіреді [10, 559].

Септеуліктер өзара бағыныңқылық қатынастағы сөздерді байланыстыру үшін жұмсалады. Сондықтан қызметі жағынан септеуліктер септік жалғаулар сипаттас. Бұлар да сөз бен сөздің арасындағы мезгілдік, мекендік, себептік т.б. осы сияқты абстрактылы грамматикалық қатынастарды білдіреді. Септеуліктердің жұмсалуында да өзгешеліктер бар. Демеуліктер, жалғаулықтар өздері тіркесетін немесе байланыстыратын сөздердің грамматикалық тұлғасына селқос. Септеуліктер олай емес, атаушы сөздерді арнаулы грамматикалық формада тұруын қалап, меңгеріп барып тіркеседі. Мысалы, дейін септеулігі атаушы сөзге барыс септігі формасын

қабылдағанда ғана тіркеседі, ал кейін сөздің шығыс септікте тұруын талап етеді.

Септеуліктер қызметі жағынан септік жалғауларға ұқсас болғандықтан, көбінесе зат есім, есімдік, есімше, тұйық егістіктерге тіркеседі. Бұл сөздерге септеуліктер атау, барыс, шығыс, көмексет септік формасында меңгеріп тіркеседі.

Септеуліктер септік жалғаудың мағынасы мен атқаратын қызметіне ұқсайды. Олар сөйлемде мынадай қызмет атқарады. Біріншіден, түбір тұлғалы сөз бен барыс, шығыс, көмектес септіктеріндегі есім сөздермен тіркесіп келіп, оларды екінші сөзге сабақтастыра байланыстырып, мезгілдік, мекендік, себептік, мақсаттық қатынастағы сөз тіркестерін жасайды [10, 559].

1. *Асығат соғыстан жараланып қайтқаннан кейін бір орталық қызметке жауапты қызметке орналасқан* (І.Е.). Кейін шылауы қайтқаннан сөзімен тіркесіп мезгілдік қатынаста жұмсалып тұр.

2. *Тек осы күйді тыңдау үшін қысқы Сарыөзектің даласымен күні бойы жол шегіп жетуге татиды екен* (Ш.А.). Үшін шылауы тыңдау сөзімен тіркесіп, мақсаттық мағынада қолданылған.

3. *Көлденең ағайынның аузынан бұлардан бұрын алып қоятын, өзіне тартып әкететін қуаты бар* (М.Ә.). Бұрын шылауы да мезгілдік мәнде қолданылған.

4. *Кешке қарай ызғырық жел тұрып, күн суытып кетті.* (С.Ж.). Қарай септеулігі барыс септігіндегі кешке сөзімен тіркесіп, мезгілдік мағынаны білдіріп тұр.

5. *Әзімбай мен Мәніке, Ысқақ пен Әзімбай, Тәкежан мен Ысқақ болып жанталасқан күбір-сыбыр таңға шейін басылмады* (М.Ә.). Шейін, дейін септеуліктері де мезгілдік қатынаста жұмсалады.

Септеуліктердің басым көпшілігі абстрактылы-грамматикалық мағынаны білдіреді. Және бірқатар

септіктер негізгі мағынасымен қатар тіркесетін сөзінің ыңғайына қарай қосымша мағынаны да білдіріп жұмсалады.

Септеулік шылаулардың жеке тұрғанда мәтін байланыстырушылық қызметі байқалмайды. Олардың есімдіктермен тіркесуі арқылы мәтінтүзімдік қасиеті көрінеді. Мәселен, *Жамандықтан жүрегі шайлығып қалған қарт балықшы мына жігіттің жсаулыққа кеткен түрін жақтырмады. Тым құрыса Еламанды алдын ала сақтандырып қойғанды жөн көрді. Төлеудің қайырылмайтын түрін байқағасын шапанының шалғайын қағып бұ да түрегелді. Бүгін бұл ауылда оқшау бір қонақ бар. Ол – Құлтума. Ана жылы осы ауылдың кісілері мұзға ыққанда бұның бір аяғы үсіп ақсақ боп қалған-ды. Сонан соң ол балықты тастап өз еліне кеткен. Сонан бері қара үздіріп, хабар-ошарсыз жүріп, өткен аптада ойда жоқта келді (Ә.Нұрп.).* Мәтіннің соңғы сөйлемдеріндегі сонан соң, сонан бері есімдікпен тіркескен соң, бері септеуліктері алдыңғы сөйлеммен мағыналық жақтан байланысып, ойды бір тұтастыққа бағындыруда қызмет атқарып тұр.

Базаралы Сеитті аяғаннан зорға шыдап тұрған. Қасындағы Әбдіге ақырын сөйлеп: «Әттең қорлық-ай, мынаны естіп көргенше өлген артық-ау!» – деген-ді.

Сонымен қатар бұл күнде нашарлап кеткен жүрегі қаға түсіп, өкпесі аузына тығылғандай (М.Ә.). Есімдікпен көмектес септікті меңгеріп тұрған септеулік шылаудың да мәтінтүзімдік сипаты байқалады. Өзінен бұрынғы ойға қосымша хабар қосып, сөйлемдердің арасын жалғастырған.

Тәңірберген от жаққа қарай аударылып түсті. Бірақ бұл жақта бұртиып жатқан қар сұр бәйбішені көрді. Сонан соң үстіндегі торғын көрпені аяқ жаққа қарай ызалана серпіп атып түрегелді (Ә.Нұрп.). Мысалдағы есімдікпен шығыс септігі арқылы тіркескен соң септеулігі өзінің алдындағы ойды толықтырып, мәтінді байланыстырып тұр.

Тау басында бар қара ұсақ топырақ,
Қапқа толтыр кешікпей жылдамырақ.
Қап толған соң арқанға байлап жібер,
Саспай шешіп алғанша тоқта бірақ.

Сонан соң арқаныңды тасқа байла,
Түсетұғын ыңғайлы жерді сайла.
Арқаннан ұста дағы түс сырғанап,
Жарамайды, қылмасаң сүйтіп айла. (Абай. Әзім
әңгімесі). Екінші шумақтағы *сонан соң* септеулік шылау
арқылы жасалған сөз тіркесі өзінен бұрын ойдың бар
екендігін аңғартып тұр.

Демеуліктер – өзі шылауында тұрған сөздерге әр
түрлі грамматикалық мағына, реңк үстейтін сөздер. Олар
модальдық-экспрессивтік сипаты зор, семантикалық
мүмкіндігі мол сөздер.

Демеуліктердің білдіретін мағыналары сан алуан.
Олар өзі қатысты сөздерге я сөйлемге сұраулық, шектік,
нақтылық, күшейту, тежеу, болжалдық, күмән сияқты
грамматикалық мағыналар үстейді [10, 562].

Лексика-грамматикалық мағыналары жағынан демеулік
шылаулар: сұраулық, шектік, нақтылық, күшейткіш,
болжалдық, болымсыздық, қомсыну демеуліктері болып
бөлінеді. Әрине, демеуліктердің барлығы бірдей
мәтінтүзімдік қасиетке ие бола бермейді.

Сұраулық мәнде қолданылатын демеуліктердің
қатарына ма (ме, ба, бе, па, пе, ше) шылау сөздері жатады.
Бұл демеуліктер контексте қолданылу жүйесіне қарай,
әрқилы грамматикалық формадаға әр түрлі сөздермен
тіркесе береді. Біз осылардың ішінде мәтін түзуге қатысы
бар демеуліктерге тоқталайық.

Шылаулардың бір түрі ретінде қарастырылып жүрген
демеуліктердің де мәтінге қатысы ерекше.

Қазақ тіліндегі демеуліктердің сөздерді, сөйлемдерді байланыстыру үшін қызмет етпей, өзі тіркескен сөзге қосымша мағына ғана үстейтіні туралы көзқарас қалыптасқан. Ал олардың синтаксистік қызметіне мән берілмейді. Әйтсе де олардың (демеуліктердің) көмекші сөз ретінде басқа сөздермен тіркесіп келуі олардың синтаксистік қасиетін білдіретін белгілері. Қандай демеулік болса да өзімен тетелес бұрын келетін сөздерге тіркеседі де, сол сөздің құрамына кіреді, сөйтіп сол тіркескен сөзінің немесе сол тіркескен сөзімен бірге бүкіл сөйлемнің логикасына тікелей қатысып тұратындығы, жеке демеуліктер сөздер, сөйлемдер арасындағы қатынасты білдіру үшін де жұмсалатындығы туралы ишара, тұспал дәрежесіндегі екі пікір ғана бар [57, 53].

Демеуліктердің мағыналық түрлерінің өзінен синсемантикалық сипатты көруге болады:

– Сұраулық демеулік қатысқан сөйлемдер жауапты талап етеді:

– шектік, тежеу мағынасындағы демеуліктер қатысқан сөйлемдер оқиға, құбылыс, зат, сапаның толық, аяқталған күйін айтуды да қажет етеді;

– болымсыздық, салыстыру демеуліктері қатысқан сөйлемдерге логика бойынша оппозициялық салыстыру керек;

– күдік-күмән мәнді демеуліктер қатысқан сөйлемдер тиянақталу үшін шындықты іздеу керек болады;

– күшейту, даралау мәнді демеуліктер қатысқан сөйлем не ненің ішінен дараланып тұрғанын айтуды қажет етеді [57, 54].

Да, де, та, те демеуліктерінің жай сөйлемдер мен құрмалас сөйлемдерде қолданылуымен қатар мәтін аралығына қызмет ететін тұстары да жиі кездеседі.

1.Жиыны отызға тартатын нөкерлер сегіз үйде жатады. 2.Қарқаралының тап ортасы Тобықтының бір

аулындай болды. 3.Әке қасынан ерігейін десе, Абай андасанда осы үйді шетінен аралап, өзінше ермек тауып кететін.

4.Бүгін де таңертеңгі шайдан соң, Абай әке қасынан шығып, Майбасардың пәтеріне келе жатты. (М.Ә.). 4-сөйлемдегі де демеулігі арқылы одан бұрын іс-әрекет, оқиға болғандығы аңғарылады.

1.Үлкендер пұшақ тымақ кесе, соңғы жылдарда бозбаланың көбі осындай түлкі тымаққа ауысқан еді. 2.Үстінде тиін ішіктің сыртынан киілген, жағасы қайырма қара барқыт қаптал шапаны бар. 3.Құла түсті ықшам тігілген шапан. 4.Аса ұзын жең емес. 5.Кең қолтық, ұзын жең үлгіні осы қарқаралы қазағы гана киеді. 6.Олардың жағасы да Тобықты үлгісінен басқаша, Тобықты тымағы Қарқаралынікіндей төрт сай емес, алты ай болатын (М.Ә.). Да демеулігі бұл сөйлемнен бұрын жағасынан басқа жең туралы әңгіме болғандығын білдіріп, сөйлемді тиянақты етуге атсалысып тұр.

Да, де, та, те демеулігінің осы тәрізді мәтінтүзімдік сипатын тарихи жазбалардан да аңғаруға болады.

Бұл – дыбыстық құрамы, айтылуы жағынан қазіргі тіліміздегі да шылауының фонетикалық варианты сияқты. Бірақ, шындығында, олай емес, мұны қазіргі тілдегі да, та жалғаулымен шатастыруға болмайды [79, 50] деген ғалымның пікірін дәлелдеп көрейік. 1.Тарих Чиңгиз хан дын бурун аууал йад қылынды. 2.Нух 'алиа-ас-салам дын берү ол заман дын соң атрак алам китаб сыз қаум да тарих йоқ ерді. 3.Та Оғуз заманында тарих бар ерді. 4.Һәр китаблар да байан қылур лар. 5.Андын соң қытай ның Алтан хан тарихы бар ерді. 6.Уа тақы моголдың тарихы йоқ ерді (51). – 1.Шыңғыс ханнан бері әуел жатқа алынды, яғни жазылды. 2.Нұх галейһысаламнан бері және ол заманнан соң түріктер әлемі кітапсыз қауымында тарих жоқ еді. 3.Оғыз заманынан бастап тарих бар еді. 4.Әрбір кітаптарда баян етілетін.

5. *Онан соң Қытайдың Алтан ханының тарихы бар еді.*
6. *Және тағы монғолдың жазба тарихы әлі жоқ еді.*
Мұндағы *та* демеуі сөйлемнің басында келіп, іс-әрекеттің мезгілдік шегін білдіріп, алдыңғы сөйлеммен байланысты болып тұр. Десек те жоғарыда келтірілген мысалдан *та* демеуінің мәтінтүзімдік те қызметі байқалады.

С.Аманжолов шылауды синтаксистік бағытта қарастыра отырып, «шылаудың ішінен синтаксистік қызмет жалғаулықтардан гөрі демеуліктерде көп сияқты. Оның себебі жалғаулықтар септік жалғаулары сияқты қатар тұрған, өзінен кейінгі сөздермен тығыз байланысты. Олар болмаса, артқы сөздер былжырсыз құм сияқты ыдырап кетеді. Кейбір шылау демеулікті сөйлемнен алып тастау мүмкін емес» [88, 270] дейді. Ғалым демеуліктердің де ерекше қасиетін айтып тұр. «Шылаулардың лебізде атқаратын қызметі ерекше, сөз бен сөздің, сөйлем мен сөйлемнің арасын байланыстырып, тұлғалардың синтагматикалық қатынасын реттеушілік қасиетін, сөйлемдегі ойға үстемедемеушілік мән беретін жағдайын ерекше атау керек» [11, 271] деген пікірде де демеуліктердің мәтінмен байланысына көңіл аударып тұрғаны белгілі.

Ма, ме, ба, бе, па, пе сұраулық демеуліктері де екі сөйлемді бір-бірімен қатыстырып тұрады. Құрамында демеулік бар сөйлемдегі ой көбінесе инерциялы болып келеді, демеуліктер осы арқылы контекстегі екі сөйлемді бір-бірімен қатыстырып тұрады [57,54]. Осындай ерекшелікті сұраулық шылаулардың бойынан да көруге болады. Мысалы:

Аттарына жете алмай, жаяу қалған жігіттер, өздерінің үстіне барған қалың топтармен:

– Қайт, Қайт! – деп тұрып, жаяу қақұйде соғыспақ еді. Бірақ атты мен жаяу соғыса алсын ба? Аттың екпінімен кеп сойылды соққанда, ат үстіндегілер жаяуларды қағып жығып, домалатып-домалатып кетті (М.Ә.).

Кұнанбайға құдасының бұл бет алысы оқыс жаңалық еді.

– Алишеке! Бәжсей мен Байсал Тобықтыда аяғымнан алам десе, дуанға келіп жағамнан алмақшы. Аянар жерім қалмады ма осы? дей бері еді, Алишынбай сол қолын үстелден аз көтере беріп:

– Алысар болсаң, аянбассың. Алысқан соң о да аянбас. Бірақ жаңағы Майырды аңғарсаңшы!... деп, шетін нәзік жайға тұспал жасады (М.Ә.).

Бірінші, екінші мысалда да сұраулық шылаулар қатысқан сөйлемдерден кейін ой жалғасып тұр. Сұраулық демеулігі бар сөйлем тиянақсыз болады, одан кейін ойды қажет етеді. Оны жоғарыдағы мысалдардан аңғаруға болады.

Жалықты ма, кім білсін, кейбір жұлдыз,

Бес минуттық із тастап кетті ағып.

Ай да батты, ақырғы иек қақты,

Рас түн қараңғылық енді жапты. (М.Мақатаев. Түнгі лирика). *Ма* демеулігі қатысқан сөйлем өзінен кейін ой бар екендігін білдіріп тұр.

Суық боран есіріп,

Үрді де тұрды зәр шашып.

Қыс келді ме, япырмау!

Қарашы қардың ұшқынын! (М.Мақатаев. Көңілсіз күн). Ақынның бұл шумақтағы *ме* шылауын өзінен бұрынғы және кейінгі тармақтарды байланыстыру үшін қолданғандығы айқын.

Сөйлемді контекспен тәуелді етіп тұратын құралдардың бірі – шектік-тежеу мағынасындағы демеуліктер.

– Ақ демеулігінің сөйлемдерді қатыстырып тұратын қасиеті бар. Мысалы: *Борсақтың тағы бірнеше жас жігіттері аттарын тебініп, ілгері шыға берісті.*

– *Жер ашуы – жан ашуы!...*

– Бұдан арғы амандық садағам!...
– Бөкенші, Борсақ құмадан тумап па?!
– Етекбасты қып өлтірдіңдер зой осы, сендер-ақ!... – деп бәрі де Сүйіндік, Сүгірге қадалды(М.Ә.). «Сендер-ақ» деген демеулігі бар сөйлем арқылы басқа біреудің бар екендігі көрінеді.

1.Шыңғыстың қара желі өзге уақыттың бәрінде жақсы болғанмен, дәл күздігүні жайсыз-ақ. 2.Күнді суытып, аспанды сұрлантып келеді. 3.Бүгін қара жел басталысымен, қиыршықтап қар да түсе бастады. (М.Ә.). Мысалдағы 1-сөйлемдегі «жайсыз-ақ» сөзінен кейін ойдың жалғастығы сезіледі.

Қарызы бар еді деп мойын бұрмас,
Сол күні-ақ дұшпаныңмен болар сырлас.
Бұрынғы жақсылықтың бәрін ұмытып,
Не қылса, бір зияны тимей тұрмас. (Шәкәрім. Адамнан артық жәндік жаралмаған...).

Немесе: Айтқанмын: «Өлсем, жылама»,– деп,

«Туған жан өлмей тұра ма»,– деп,

Жер қояр кімді жалмамай.

Өкініш емес өлім маған,

Өткізіп қолдан қоштаспаған –

Жалғыз-ақ осы арман-ай.

Ішімді жалын қаптағаны-ай,

Шыбын жан тыным таппағаны-ай.

Қапыда дерттің шалғаны-ай.

Жәрдемші ешкім қасымда жоқ,

Басымды сүйер жарым да жоқ,

Жалғыздықта өткен жалған-ай! (Шәкәрім. Ойладым бір сөз жазайын да...). Олең шумақтарында асты сызылған демеуліктер ерекше әуенмен айтылып, сөйлемдердің арасын қатыстырып тұр.

Қана, ғана демеулігі қатысқан сөйлемде оқиғадан бұрын қандай оқиға болғанын білуді талап етеді. Мысалы: *Абай болса, күндіз өзін көңілдендірген күйін ұмытпаған болатын. Қарқаралының кейбір көше қазағы естіген татулық жайын Бөжей, Байсалдар әлі естіген жоқ-ты. Тек қана Алшынбай бұл үшеуіне кісі жіберіп, өз пәтеріне асқа шақырған екен.* (М.Ә.).

Тағы бір мысал: *Абай қонақ үйлердің есік-есігінен бір-бір қарағаны болмаса, ешқайсысына кірген жоқ.*

Бір есептен осы аралық бөлмеде қалып, жан-жағының бәріндегі өзгешеліктерді ести тұрудың өзі жақсы. Тек ашуланшақ Бзғұтты тағы қақпайламаса болғаны. (М.Ә.). *Тек* тежеулігі бұдан бұрын қандай оқиға болғандығын талап етеді. Шектік, тежеу мағынасындағы демеуліктер қатысқан сөйлемдер оқиға, құбылыс, зат, сапаның толық, аяқталған күйін айтуды да қажет ететіндігін көрсетеді.

Ұйқыға кеткен кең дала,

Шығарып самал тынысын.

Келемін жортып мен ғана,

Кетіріп түннің тынышын (М.Мақатаев. Түнгі жолда).

-Ды, ді, ты, ті демеулік шылауларының сөйлем синсемантикасына қатысы бар. Мысалы: *Кешегі Байсал бастаған үлкендер жиыны осы ауылдан тараған жоқ-ты. Олардың үстіне қазір маңайдағы бар Ырғызбайдың еркек кіндіктісі түгел аттанып келген. Шапқыншылар кеткен беттерден ондаған, жиырмалаған аттылар лек-лек, желе жортып келе жатыр.* (М.Ә.).

«Жоқ-ты» сөзіндегі –ды демеулігі қатысқан сөйлем тиянақсызданып, өзінен кейін ойды талап етіп тұр.

...Бұл ой Абайға ең алғаш келген ой еді де... және тіпті өз ойы сияқты көрінді. Анығында: «ақыл, қайрат...», «ақыл мен бақыт, байлық» дегендердің өзара дауы,

таласы деген «парсы, түрік» тіліндегі кітаптардан былтырлар бір оқыған нақыл әңгімесі бар-ды.

Қазірде Абай соны өмірден тапқанына да дән риза... (М.Ә.).

Әсіресе сөзі туралы әр түрлі пікірлер бар. Соларды келтіре кетейік. «Әсіресе сөзі белгілі бір сөз табына әлі мықтап таңылған жоқ. Нормативтік грамматикаларда «әсіресе» демеулік қатарында қаралып жүр. Ал демеулікті арнайы зерттеген Ф.Кенжебаева бұны модаль сөздерге жатқызады. «Өйткені модаль сөздер белгілі бір сөзге тіркесе келіп, сол сөздің ұғымына ортақтас болмайды. Модаль сөздердің көпшілігі сөйлемде сөйлеушінің көзқарасын аңғарту үшін келтірілгенімен, басқа сөздерден дауыс ырғағы арқылы да оңашаланып келеді және оқшау сөз ретінде сөйлемде үтірмен бөлініп отырады. Күшейткіш үстеу ретінде қаралып жүрген «тіпті» сөзінде де осындай сипат бар. «Тіпті» сөзін де «әсіресе» сөзі де осындай сипат бар. «Тіпті» сөзі де, «әсіресе» сөзі де күшейткіш мағынаға ие. «Тіпті» сөзі де, «әсіресе» сөзі сияқты модальдік қыстырма түрінде қолданылады. Сондықтан бұларды әртарап сөздерге жатқызған жөн болар еді. Қалай десек те, бұл сөздердің синтаксистік қызметінің бірі – сөйлем синсемантикасының белгісі болу» [57, 56] деген пікірге мысал бергенді жөн көрдік.

Қоңыр кеште осындай саналы бір саз тартқан қарт ақынның әні де өзгеше болатын. Әсіресе қайырмасы басқа. Ол Қадырбайдың көп жылдан бергі тауып алған, аумас, айнымас қайырмасы. (М.Ә.).

Немесе: Кешке шейін осы хабарды тегіс естіген Жігітек ауылдары үрпісіп қалды. «Заман не боп барады? Күн райы қалай бұзылды? Ит ашуын тырнадан алғаны ма» деп тіксінді. Сыбайлас Көтібақ, Бөкенші де мынау қимылдарды ұнатпады. Әсіресе батқаны – жазықсыз Қауменнің жаза шеккені. Бұның Балағаздан безіп

шыққанын жұрттың бәрі есіткен. (М.Ә.). Осы мысалдардан аңғарғанымыздай, әсіресе сөзінің басқа ойлардан күшейтіле айтылатыны, ал күшейтпелі дәрежесін білу үшін, алдыңғы сөйлемнің мазмұнын білуіміз керектігі көрініп тұр. Сондықтан да бұл сөздің мәтін байланыстырушылық сипаты ерекше.

Ұлжанның күз уақытында Зере мен балаларға әзірлеп отыратын ағы осы.

Оспан әдейі сол араға тығылып тұр. Абай қыспаққа ала берсе, сол шелектің бір септігін көрмек. Тінті болмаса шелекті құлатып, Абайдың өзін де шатаққа ұрындырмақ. (М.Ә.).

Төлепберді бағанадан бір ақыл ойлап алып еді. Тінті үлкен қысылшаң болса, ол Үркімбайды аударып тастап кетпек болатын. Осы ойын өзі орындағанша, Қараша кеп жетіп, еріксіз істетті. (М.Ә.).

Тіпті сөзінің қызметі жоғарыда аталғандай «әсіресе» сөзімен бірдей.

Қартаң бай, қатты сақ бол, тілге көнсең,

Мүйіз шығар қатынның тіліне ерсең.

Тіпті оңбассың, өзіңе өзің мәз боп,

Дастарқан мен қатынды мақтан көрсең. (Абай. Бір сұлу қыз тұрыпты хан қолында).

Күрделі синтаксистік тұтастық арқылы жазушының не кейіпкердің психологиялық жағдайы, көңіл күйі ашылады, белгілі бір оқиғаны суреттеу немесе кейіпкер портретін сипаттау ісі жүзеге асады.

Күрделі синтаксистік тұтастық құрамындағы сөйлемдердің бір-бірімен байланысу тәсілдерін жазушының стилі белгілейді. Өз кезегінде сөйлем құрылысы, сөйлемдердің байланысу амалдары, мәтіннің жалпы құрылысы автор баяндауының жалпы мазмұнына әсер етпей қоймайды.

Жоғарыда айтылғандай, шылаулардың, оның ішінде, жалғаулықтар мен демеуліктерді контекст аясында алып қарау оның коммуникативтік мәнін неғұрлым толық ашып бере алатындығын көрсетеді.

С содержательной точки зрения категории основания рассматривается как семантический инвариант ряда смысловых отношений, выражаемых в наиболее полной и эксплицитной форме с помощью сложных предложений причины, следствия, условия, цели и результата. В состав таких предложений входят как минимум два простых предложения, одно из которых содержит показатель связи – союз или наречие [89, 33] деген көзқарас та біздің жоғарыда айтылған ойларымызды дәлелдей түскендей.

2.3 Сан есімдер мен үстеудің мәтін түзудегі ерекшеліктері

Сан есімдер – сандық ұғымды білдіретін, есімдер тобына жататын сөз табы. Сан есімдер заттың сандық белгісін білдіретін болғандықтан, ол белгіні білдіретін сөздер тобына жатады. Бұл тұрғыдан сан есім сын есімге жақын, өйткені сын есім де заттың белгісін білдіретін сөз табы. Бірақ сан есім заттың сандық белгісін білдірсе, сын есім заттың сындық белгісін білдіреді. Осы ұқсастығына қарай сан есім де белгіні білдіретін болғандықтан, ол да дерексіз мағыналы сөз табы, оның мағынасы зат есіммен тіркескенде ғана нақтыланады [7, 164].

Шындық өмірде заттардың көбі түрлі мағынада, түрлі сандық құрамда қолданылады да, олар түрлі сан есім сөздермен көрсетіледі. Бұл сан есімнің зат есіммен тіркесте қолданылуын қалыптастырған. Алайда, сөйлемде сан есімдер зат есімге тіркеспей, сан атауы ретінде жеке де қолданылады.

Сан есімдер туынды сын есімдердің сан мөлшерін білдіре қолданылғанда, сөйлемдегі белгілі бір анықтайтын атрибутивтік сөздің анықтаушысы, яғни анықтаушының анықтаушы ретінде де қолданылады.

Сан есімдер зат есімдерге тіркестірілмей жеке айтылғанда абстракт сандық ұғымдардың атаулары ғана болатындықтан, нақты мағыналары басқа сөздермен қарым-қатынасқа түсу кезінде, оларды сан жағынан анықтау барысында айқындалатын сөз табы деп саналады [90, 103.].

Сан есім конексте қолданылуына қарай заттың нақты санын, ретін, мөлшерін, бөлшегін білдіреді, сандық мағынаны тұспалдап, болжап көрсетеді. Осымен байланысты сан есімдерге сөзтүрленім жұрнақтарының жалғануы да да біркелкі емес.

Сан есімнің негізгі қызметі заттық ұғымдар мен құбылыстардың сандық жағынан анықтау болғандықтан, әдетте морфологиялық өзгерістерге түспей қолданылады [10, 471].

Сан есім – адам санасының абстракциялау қызметінің жемісі. Санды білдіретін сөздер бастапқы төркінінде басқа сөздермен (зат есім, етістік) байланысты болған. Сан атаулары зат, кимыл жайындағы конкретті ұғымнан дамып, абстракцияланған.

Түркі тілдері өздерімен көршілес халықтармен салыстырғанда, сан, санақ жайлы ұғымды ежелгі кезеңде қалыптастырған. Ондай қорытынды жасауға дәлел – ондық атаулары мен мыңдық атауының түркі сөздерінің негізінде қалыптасуы.

Сан есімдердің негізгі тобы – бірден онға дейінгі сандар. Сан есімнің дамуы жайлы әр түрлі пікірлер бар. Түркі тіліндегі сан есімдер о баста ескі үнді, қытай тілдерінен ауысқан дейтін жорамал болған. Бұған қарап түркі тілдерінде сан есім болмаған деген пікір қалыптаспау керек. Сан есімнің

ескі түркі тілінде болатын көне ескерткіш фактілері дәлелдейді. YI-YIII ғасырда өмір сүрген Орхон-Енисей түркілері мәдениетті тайпалардың бірі болған. Адам баласы қазіргі біз түсінетін сандарды үйренуге талай ғасырларды бастан кешірген. Әуелі олар табиғи сандарды (1,2,3,4...9) меңгерсе, нөлдің пайда болуынан кейін сандарға революция жасалған, сөйтіп сандарды игеруге жаңа жүйелерді өмірге әкелді. Олар ондық санау жүйелері еді.

Сан – ел өмірі экономикасының көрсеткіші. Сонда адам өмірінің қай саласы болмасын санмен өлшенеді, сансыз ойыңды жеткізу мүмкін емес, сөзбен сапырылысқан заттық ұғымдардың бәрі де санмен араласып келсе, сан адам ғұмырымен дүниеге келіп, аяқталады.

Тіпті адам баласы дүниеге келген әр түрлі таңбалардан бұрын, санды меңгерместен-ақ, сөздердің мағыналарын халықтың сөздік қорларынан жиі аңғарамыз. Сан, санау әдістері әуелде әр халықта әр түрлі жолдармен дамығанын да байқаймыз [91, 159].

Сан есім сөз таптарының ішінде стильдік мәні бейнелі көркемдік тәсілдің аумағында емес, тура және нақты мағына беруде жиі қолданылады. Сан есім әр уақытта өзінің семантикалық күшін тұрақты сақтайды, ауыспалы мағынаға өзінің стильдік қуатын жібермейді, сонымен қатар метафоралық мағынаға да жиі жұмсалмады, яғни кейбір ауыспалы мағынаға ауысуға ерекше белсенділік танытпайды, соған қарамастан өзінің нақты, дәлелді, сандық қасиетімен барлық стильде бірізділік пен стильдік тәртіптілік мәнерін түзуде сөз таптарының ішінде сан есім бірінші орын алады [86, 151].

Дейктикалық қайталаулардың негізі проформалардың, яғни дейксистік сөздердің мәтінде қайталау мағынасын білдіру үшін қолданылатындығын айтады. Оларды есімдіктер, сын есімдер, етістіктер, үстеулер, сан есімдер қалыптастыратындығына тоқталады. Бұл сөздердің мәтіндік

табиғаты бар, демек, олардың басты қызметі мәтін қалыптастырушылық, орынбасарлық болып табылады [85, 291].

Мәтіндегі сан есімдер мәтіннің композициялық құрылымын ұйымдастыруда белсенді қызмет атқарады. Көркем мәтіндегі сан есімдердің мәтін құрылымындағы байланыстырушылық қызметі олардың айтылған хабардың ақпараттық кеңістігін бөлшектеуді, сипатталатын оқиға немесе фактілерді санамалау, материалды маңыздылығына байланысты ретімен беру сияқты қызметтерімен тығыз байланысты [64, 27].

Қазіргі қазақ тілі мәтіндеріндегі дербес сөйлемдердің арасын байланыстыруда сан есімнің де қызметі ерекше. Оны қазіргі қазақ тілінің фактілерінен байқауға болады. *1. Осында Сарбас пен Әбді сияқты еркек туған екі жігіт бар еді. 2. Қасыма сол екеуін аламын да, қалаға ертең жүремін* (М.Ә.) Егер соңғы сөйлемді жеке алсақ, онда ой түсініксіз болған болар еді. Екеуінің кім екені алдыңғы сөйлемдерден аңғарылады. Яғни олар контекстен байқағанымыздай, Сарбас пен Әбді екендігін аңғарамыз.

1. Дауды естуге енді келіп кірген Тәкежан, Оспан, Ысқақ – үшеуіне де есік жақта отырған би, болыстың бәрі де жапырлап амандасты (М.Ә.) деген сөйлемде үшеуі сан есімі бірыңғай мүшелердің арасын байланыстыру үшін қолданылған. Сан есімдердің жоғарыда көрсетілгендей мәтінтүзімдік қасиетіне мысалдар келтіріп өтейік.

Мысалы: 1. Алыста жігіттердің бет алдында үш-төрт көгілдір жоталар жатыр. 2. Ол: Шақпақ, Қазбала, Байқошқар жондары (М.Ә.) Мәтіндегі үш-төрт болжалдық сан есімін нақтылап айқындау үшін келесі сөйлемде олардың аттары аталып тұр. Егер екінші сөйлемді жеке алып қарастырсақ, әңгіменің не жөнінде айтылып тұрғаны белгісіз болар еді. Оны толық түсіну үшін алдыңғы сөйлемдердегі сан есімнің орны ерекше. Бұл сан есім

өзінен бұрынғы сөйлемнен іргелес байланыс жасау арқылы көрінеді.

Төмендегі үзіндіде де сан есімнің тізбекті байланыс құралы болып тұрғанын көреміз. 1. – *Еңбек елі Россия да екі үлкен қалың топ қой, біреуі – деревнядағы крестьян, екіншісі – осы күні өсіп молайған фабрик-завод жұмыскерлері.* 2. *Осының екі тобы да қазір өз еңбегі, тірлігі, елдің арманы үшін өзінің зорлықшыларына қарсы қатты тартыс, алысқа араласты, – деп сөз бастап еді (М.Ә.).* Мұнда бірінші сөйлемдегі *екі* есептік сан есімі алдымен құрмалас сөйлем компоненттерін байланыстырса, екінші сөйлемде *екі* сан есімі бірінші сөйлемдегі *крестьян мен фабрик-завод жұмыскерлері* деген сөздердің орнына қолданылып тұр.

1. *Жұмырдың екі жас баласы бар еді.* 2. *Біреуі – міне қазір он үшке келген – Бөрібасар, екіншісі – бұдан кіші кенжесі – ол әлі жас.* 3. *Соның екеуінің аты: Тәкежан, Ысқақ болатын (М.Ә.).* 1-сөйлемдегі *екі* сан есімінің орнын 2-сөйлемде Бөрібасар және кенжесі сөздері айқындаса, 3-сөйлемдегі екеуінің сан есімі нақтыланып тұр. Бұл жерде де біз сан есімдердің өзінен бұрынғы сөйлемде де, өзінен кейінгі сөйлемде де мәтін арасын байланыстырып тұрған қасиетін байқаймыз.

Төмендегі мысалға назар салсақ. 1. *Мұнда осы ауылдардың атасы, бұл күнде өзі қайтыс болған Махмұт деген ноғайдың бес баласының үшеуі отыр.* 2. *Солардың үлкені төрге жуық отырған мынау ерекше кесек денелі – Жақып.* 3. *Екіншісі – және де толық, биік келген, үлкен ақсұр жүзді қара қас, қара сақалды, үлкен қара көзді – Мұса.* 4. *Үшіншісі – бұл ауылдың кенжесі, осы үлкен үйдің иесі жас, толық, орта бойлы, ақшыл қызғылт, сұлу жүзді жігіт – Мұсабай (М.Ә.).* Күрделі синтаксистік бірліктің бірінші сөйлеміндегі *үшеуі* жинақтық сан есімі

өзінен кейінгі үш сөйлемнің орнына қолданылып, ойды біртұтас етіп, өзінен кейінгі ойды анықтап тұр.

1.Оспан әйелдерінің үлкені – Еркежан. 2.Ол Зереден, Құнанбай, Ұлжаннан қалған шаңырақта отыратын қаралы келін.

3.Екінші үйдегі қаралы әйел - Зейнеп үлкен әнші еді. 4.Әсіресе, жанынан жақсы жоқтау шығаратын, өз зарын өзінің әуенімен да айта білетін әйел.

5.Үшінші – Торымбала. 6. Бұл өзге әйелдерден жас және үлкен өнері білінбеген момын, бұйығы адам.

7.Осы үш әйелдің ерін жоқтаған даусын Ералыда отырған ауылдардың кәрі-жасы түгел біледі (М.Ә.). Мәтіндегі төрт абзацтың басын біріктіріп тұрған – соңғы сөйлемдегі үш сан есімі. Бұдан біз сан есімдердің мәтін арасын байланыстырушылық қасиетін аңғарамыз.

Сан есімдер өзінен бұрынғы сөйлемдердегі сөздерді де анықтауда қызмет ете алады. *1.Жігіттер сыйласқанмен сыйласып, сырласқанмен сырласып, өз әлдерінше ұстасқанмен ұстаса да білетін әрі әлуетті, әрі абыройлы жастар еді.*

2.Біреуі – Тоғалақтан шыққан Жомарт, екіншісі – шыққан Омар. 3.Осы екеуінің Сеитпен жастары да құрбы. 4.Жаз бойы Сеитті кезек күткенде үш сауықшыл ойыншы серік боп жүріскен-ді. 5.Өздері балуан жігіттер мынау Еспенің бойында отырған он бес-жиырма ауылдың бәріне аса ыстық, қадірлі жастар болған (М.Ә.). Күрделі синтаксистік тұтастықтың 3-сөйлеміндегі екеуінің жинақтық сан есімі өзінен бұрынғы сөйлемдердің орнына жұмсалса, 4-сөйлемдегі үш есептік сан есімі 2, 3-сөйлемдердегі Жомарт, Омар, Сеит сөздерінің орнына қолданылып, мәтін басын біріктіруге атсалысып тұр.

Қазіргі қазақ тілінде сан есімнің есептік, реттік, жинақтық топтары мәтін түзушілік қызметте жұмсалған.

Шәкәрімнің “Піскен мен шикі” өлеңінің екінші шумағындағы *екеуі* жинақтық сан есімі алдыңғы шумақтағы бай мен жарлы баласының орнына қолданылып тұр:

Бай мен жарлы баласы аңға шықты,
Жалаң қағып жарап тұр аты мықты.
Жортып жүрген түлкіні көрді-дағы,
Қуып барып еріксіз інге тықты.

Екеуі келді шауып атты қыстап,
Түлкіні аламыз деп отпен ыстап.
«Шылбырынан арқандап атты отқа қой,
Тойып қалсын болғанша біз жұмыстап».

Осы сан есім арқылы өлеңнің шумақтары тұтас мәтін жасауға қызмет етіп тұр. Өлеңнің төртінші шумағында:

От жағып, ыстап еді түгін салып,
Екі ат үркіп жөнелді үзіп алып.
Түлкің күрсын, айрылып көлігінен,

Сандалды екі бала жаяу қалып, – деп тағы да екі есептік сан есімі тіркес арқылы мәтін түзген. Енді өлеңнің жетінші шумағында:

Екеуі елге қарай жүрді ентелеп,
Мырзасы жүре алмайды уайым жеп.
Қыл шылбырдың үзігін алды жарлы,

Бір нәрсеге керегі болар-ау деп. Екінші шумақтағы *екеуі* сан есімі байланыс жасаған.

Он үшінші шумақта:

Суға қанып алған соң желдей есіп,

Екеуі тағы жүрді құдай десіп.

Ентігіп екіндіде жетіп келсе,

Кетіпті көрген жерден ауыл көшіп, – десе, он жетінші шумақта:

Екеуі және жүрді зыр жүгіріп,

Кез болды бір өзенге талай жүріп.

Жарлы бала өзеннен балық алды,

Таспаны бау, инені қармақ қылып, – дегенде ақын *екеуі* сан есімінің мәтінтүзімдік қырын ерекше көрсеткен. Осының өзі сан есімдердің мәтін байланыстырушылық қасиетінің зор екендігін аңғартады.

Хақ мұсылман кім болар –
Айтса сөзі шын болар.
Рахым, ұят, ар, ынсап –
Төртеуі болса, дін болар.

Төртеуінің бірі жоқ,
Бойында иман нұры жоқ.
Құры айтқанмен бола ма,
Мұсылмандық түрі жоқ. (Шәкәрім. Абай марқұм өткен соң өзіме айтқан жырларым). Екі шумақтағы *төртеуі* сөзінің қайталануы арқылы сан есімдердің әртүрлі стильдік қызметі көрінеді. Бірінші шумақтағы *төртеуі* сан есімі бірыңғай мүшелердің арасын байланыстыру үшін жұмсалса, екінші шумақтағы *төртеуінің* сан есімі қайталану арқылы мәтінтүзімдік қасиетке ие болып тұр.

Дос мақтайды сең жақсы көрмек үшін,
Дұспан мақтар елерте бермек үшін.
Есептемей есірік елің мақтар,
Көп нені айтса, соны айтып ермек үшін.

Бұл үш мақтау берер ме саған пайда,
Мақтаулыны білерлік адам қайда?
Өзіңнен ілгерілер сүйсінерлік
Жол тап-тағы ақылды солай айда. (Шәкәрім. Мақтау мен сөгіс). Немесе:

Адамзат – бүгін адам, ертең топырақ.
Бүгінгі өмір жарқылдап алдар бірақ.
Ертең өзің қайдасың, білемісің,
Өлмек үшін туғансың, ойла, шырақ.

Дін де осы шын ойласаң, тағат та осы,
Екі дүние бұл тасдиқ— хақтың досы.

Осыларды бұзатын және үш іс бар:

Пайда, мақтан, әуесқой онан шошы. (Абай. Алланың сөзі де рас, өзі де рас). Алғашқы мысалдағы *үш* сан есімі анафоралық бағытты нұсқаса, екінші мысалда эпифоралық бағытты нұсқап тұр. Осы мысалдан байқағанымыздай, ғалымның төмендегі пікірі ойымызды нақтылап тұр: «Следующим сильным, отчетливо выраженным морфологическим средством с функцией прямонаправленности является числительное [92, 223]. ...Для системы порядковых числительных характерно, что независимо от отстояния отдельных вхождений начиная со второго числа натурального ряда возникает обязательная отсылочность, относящаяся к предыдущей ступени высказывания, которая обозначается числом или описательным оборотом» [92, 225].

Төмендегі мысалда *үш* сан есімінің қолданысында ерекше стильдік мән бар. Ол осы сан есімнің күрделі синтаксистік тұтастықтың басында және соңында қолданылуы арқылы мәтінтүзімдік қызметке ие болып тұрғандығы. Сөйлемнің басындағы сан есім өзінен соң ой жалғастығының бар екенін аңғартса, соңындағы сан есім ойды қорыту үшін қолданылып тұрғандығы даусыз. Мәселен:

Үш-ақ түрлі өмір бар: бәрі де – мас,
Бір рәуішті болады шал менен жас.
Ең керекті дегенің – ортаншы өмір,
Түгел қолың жетпейтін бір жанталас.

Қапы өткізбе сол кездің бір сағатын,
Өкініші қалмайды, кетсе ағатың.
Күні-түні дей көрме, ғылым ізде,
Қалсын десең артыңда адам атың.

Өмірдің басы – бала, ортасы – адам,
Қартайып, шал болған соң кетті шамаң.
Мақтап жүрген өмірің осы болса,
Үш-ақ ауыз өлеңмен болды тамам. (Шәкәрім. Өмір).

Тағы бір мысал:

Қырық пышақпен қыржындап тұрған түлкі,
О дағы осал жау емес қыран паңға.
Сегіз найза қолында, көз аудармай,
Батыр да аял қылмайды ертең таңға.
Қанат, құйрық суылдап, ысқырады,
Көктен қыран сорғалап құйылғанда.
Жарқ-жүрк етіп екеуі айқасады,
Жеке батыр шыққандай қан майданға.
Біреуі - көк, біреуі — жер тағысы,

Адам үшін батысып қызыл қанға. (Абай. Қансонарда
бүркітші шығады аңға). Бірінші тармақтағы түлкі және
алтыншы тармақтағы қыран сөздерінің орнына жетінші
тармақта екеуі жинақтық сан есімін ақын ойды тиянақтау,
әрі мәтін байланыстыру мақсатында қолданған.

Денеді қандай орын-жайда болмақ?
Білу, нану, ұнату – ақыл ісі,
Қайтсе зиян, қайткенде пайда болмақ?

Тән сезіп, құлақ естіп, көзбен көрмек,
Мұрын иіс, тіл дәмнен хабар бермек.
Бесеуінен мидағы ой хабар алып,
Жақсы, жаман әр істі сол тексермек.

Ой сонда неше толғау шимай салмақ,
Қайтсе жөні келер деп өлшеуге алмақ.
Дәл солай қылайын деп ұнағанда,
Әділетті жүрегің бір қозғалмақ.

Бір билік сол жүректен шығарылмақ,

Денеге ол шымырлап әсер қылмақ.
Ойынды дұрыс дей ме, теріс дей ме,
Сол арасын анықтап байқа, бірақ. (Шәкәрім. Анық пен танық).

Немесе:
Тапқыш ой ғой ақылдың мағынасы,
Түбі – жүрек, болады мида басы.
Орынсызға ұмтылтпай тоқтатуға
Талаптың алты түрлі бар ноктасы.

Ынсап, рахым, ар, ұят, сабыр, сақтық –
Талапқа алты түрлі нокта тақтық.
Алтауының ішінде ынсап әділ,
Өзгесінің тізгінін соған ұстаттық.

Ынсап деген аспайды, кем қалмайды,
Орнын таппай ол, сірә, қозғалмайды.
Рахым жақсы көреді аяғанды,
Адамға қаттылықты ойға алмайды.

Ар демек – адамшылық, намыс деген,
Арың кетпес жағына қарыс деген.
Теріс ұғып жүрмесін мұны біреу,
Сөз емес күншіл болып, алыс деген.

Намыс сол – өзің қорлан кемдігіңе,
Құрбыңмен ұмтылып бақ теңдігіңе.
Алмай өс алдыңғының аяғынан,
Соқтықпай өзің іздеп еңбегіңе.

Ұят сол – аулақта ұял көргендей-ақ,
Ұрлаған малың шығып, бергендей-ақ.
Орынсызды істеуге өлгенше ұял,
«Ұят күшті өлімнен» дегендей-ақ.

Сабыр деген – әр іске шыдамдылық,
Қатты керек адамға бұл бір қылық.
Қолы жетпей талай жан ізденеді,
Осыдан көп шығады адамшылық.

Сақтық деген – әрқашан байқап жүрмек,
Пайда ма, не залал ма, ескерілмек.
Көргенін, естігенін есепке алса,
Сонда оңай әрбір істі ойлап білмек.

Ойменен, талаппенен болды сегіз,
Айтылмай енді қалды неменеміз?
Өзге жақсы мінездің бәрі-дағы
Шығады осылардан түгел деңіз.

Сабыр, сақтық, ой, талап болмаған жан
Анық төмен болмай ма хайуаннан.
Ынсап, рахым, ар, ұят табылмаса,
Өлген артық дүниені былғағаннан! (Шәкәрім. Талап пен ақыл).
Өлең мәтініндегі *алты* сан есімі ынсап, рахым, ар, ұят, сабыр, сақтық деген бірыңғай мүшелердің орнына, әрі мәтін байланыстыруға қызмет етіп тұрғанын күрделі синтаксистік тұтастық мағынасынан көре аламыз. Осы бірыңғай мүшелердің әрқайсысына автор кейінгі шумақтарда жеке-жеке тоқталып өтеді. Соңғы шумақта осы сөздер (ынсап, рахым, ар, ұят, сабыр, сақтық) арқылы ойын жинақтайды. Бұл жерде тұтастықты біріктіруге *алтауы* сан есімінің маңызы айрықша байқалады.

«Ең әуел керек нәрсе иман»-деген,
«Ақырет істеріне (ишларына) инан!»- деген!
«Құдай кешірет!»-дегенмен, іс бітпейді,
«Иман шартын білмесе, есен(ибан)»- деген.

«Екінші керек нәрсе- ғақыл» – деген.
«Ғақылсызда тауық жағы (шағы) тақыр!»-деген.
«Аз іске ашуланып , дінін бұзар,
Иманын кәпірлікке сатар! – деген.

«Үшінші қымбат нәрсе- сабыр!»-деген,
«Сабырлысы Мұратын табар!»-деген.
«Әр істе сабырсыздың тәубе-зорлық,
Сабырсыздық басқа пәле салар!»-деген.

«Төртінші, қымбат нәрсе шүкір»-деген,
«Нығыметке шүкірсіздік-күпір!»-деген.
Жатқан жерден: «Құдай кешір!»- деген-қорлық,
«Себеп іздеп тура жолмен жүгір!»-деген.

«Бесінші, қымбат нәрсе-әдеп»- деген,
Әдепсізде иман тұру ғажап!»-деген.
«Кәпірлік- әдептіде тұрмағандай,

Әдеп деген Махаббатқа себеп!»-деген. (Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы. Бес қымбат). Мәтіндегі *екінші, үшінші, төртінші, бесінші* реттік сан есімдері өлеңнің тақырыбын ашу мақсатында, яғни «Бес қымбаттың» мәнін көрсетуде ерекше мән беріп тұр. Бұдан біз сан есімдердің де проза, поэзия тілдерінде белгілі бір стильдік мақсатта жұмсалыуымен бірге, мәтіндер арасын байланыстыруға атсалысатынын көрдік.

Үстеу – қимылдың жай-күйін, әртүрлі белгілерін сипаттайтын сөз табы. Оған қимылдың болған я болатын мезгілі, орны, мекені, мөлшері, қалай жасалғаны, мақсаты, себебі сияқты алуан түрлі мағыналар жатады.

Үстеудің грамматикалық категориясы жоқ, сондықтан үстеуде сөздерді түрлендіретін грамматикалық көрсеткіштер де жоқ. Осымен байланысты үстей түрленбейтін сөз табы саналады. Бұл – үстеу сөйлемде

лексикалық мағынаны білдіретін түбір тұлғада қолданылады деген сөз. Демек, сөйлем үстеудің тұлғасына әсер ете алмайды. Сондықтан оны үстеудің өзіндік морфологиялық белгісі деп қарауға болады [7, 322-323].

Есім сөз таптарының ішінде оқшау тұратын – үстеулер. Үстеулер шығу төркіні, қалыптасу тәсілі жағынан да әр қилы. Үстеу шығу тегі жағынан алып қарағанда, басқа сөз таптарынан келіп шыққан грамматикалық категория. Сөздер мен сөз тіркестері өздерінің ұзақ тарихи қолданылу процесінде алғашқы мән ерекшеліктерін жойып, бірте-бірте көнереді де, үстеуге келіп қосылады. Өздерінің тура мағынасынан ажырап, абстракцияланып кеткен қосымшалар да кіріккен түбірлерімен бір бүтін тұлға болып, үстеу категориясына өтіп отырады. Сондықтан да олардың сөйлемдер мен сөзтіркестерінің құрамындағы орны да, тұлғасы да тиянақты, берік болады. Әрине, өздерінің о бастағы лексика-семантикалық қасиетімен үстеуге жататын сөздер де жоқ емес. Бірақ олардың белгілі бір сөз тіркестерінде, белгілі бір сөздердің қоршауында тұрғанда ғана ажыратуға болады. Осы аталғандардан-ақ үстеулердің жаңадан жасалмайтынын, өйткені олардың өзіндік тұлғалық көрсеткіші болмайтынын, грамматикалық дайын тұлғасымен үстеуге айналатынын байқауға болады. Сондықтан да үстеу сөздер морфологиялық көрсеткіштеріне қарап емес, мағыналық ерекшеліктеріне қарай жіктеледі [93, 225].

Морфологиялық жағынан үстеулер бірде есім негізді болса, бірде етістік негізді болып отырады. Осындай әр тұлғалылық оларды біршама кеш қалыптасқан грамматикалық класс деп қарауға мүмкіндік береді. Бүгінгі тілдегі көпшілік үстеу сөздердің құрама бөлшектерге оңай ажырауы да соған дәлел. Үстеулердің қалыптасуының шамамен екі түрлі жолы бар деп айтуға болады: 1) сөздердің синтаксистік жолмен үстеуге айналуы, 2) белгілі бір

формалардың көнеріп, өз қызметі мен мәнінен ажырауы. Сөздердің синтаксистік қолданысы арқылы үстеуге айналуында, ең алдымен, олардың қандай мүшеге қатысты йтылуы шешуші роль атқарады. Сөйлем құрамында сөздердің белгілі бір тобының етістік баяндауышқа тұрақты қатысты айтылуы тілдің даму барысында олардың үстеу ретінде оқшаулануына алып келді. Екінші тәсіл де белгілі дәрежеде бірінші тәсілдің жалғасы сияқты. Белгілі бір тұлғадағы сөздер етістік баяндауышқа қатысты болып, пысықтауыштық қызметте тұрақты қолданылуының салдарынан үстеуге айнаған. Басты айырмашылық – сол тұлғалардың даму барысында көнеріп, түбірімен бірігіп кетуі, ал олардың кейбірінің әбден көнеріп тіл құрамында жиі қолданылу мүмкіндігінен айрылуы. Үстеулердің қалыптасып, дамуы, қысқаша айтқанда, осы жолмен жүрген.

Үстеулердің синтаксистік қызметі туралы оқулықта төмендегідей деңгейде ғана көрсетілген: “Мезгіл үстеулері есімдіктен жасалған үстеулер сияқты орынбасарлық қызмет атқармайды, олар әр жеке сөйлемдегі баяндалатын оқиғалардың уақыт жағынан бір ізді, жүйелі, жалғасты екенін білдіру үшін қолданылады. Осы себептен мезгіл үстеулері қатысқан сөйлемдер сол сөйлемдегі ойды басқа сөйлемдегі оймен салғастыруды қажет етеді де тиянақсыз болады” [53, 56-б.]. Ғалымның осы ойын дәлелдеу үшін мысалдар қарастырып көрейік.

Бүгін түн жарымына шейін ас ішпей, жолдан кейін тыным алмай, бірде-бір үйге де кірмей, қараңғы далада көп үйлердің сыртында тапжылмай жалғыз отырып, Абайдың тыңдап шыққандары көктемдегі бүліктің әлегін шеккен азабын арқалап қалған өңшең кедей-кепшік, жалшыжақыбайдың жайлары болатын.

Келесі күні Абайдан бұрын тағы да куәлік айтатын бірер кісі өтті де, түске тақай берген шақта ояз бен қалың топ билердің жиыны Самалбек үйінен Абайды шақыртты.

Қазір ояздың сегіз қанат үйіне Абай беттегенде, кешегі Бостандай сыртта жүрген барлық ел дөң басынан, тал тоғайдың арасынан андыздап шығып, қаптай бастады. Билер мен ояз отырған үйге Абай табалдырықтан аттап кіргенде, сол үйді әлденеше жүзден асқан қара халық еңсере қамап, басып кетті.

Енді біразда Абай үйдегі ұлықтар мен қазақтың әр тараптан келген, әр үлгілі киім киген әкімдермен амандасып тұр еді. Бірақ осы кезде үйге тоқтаусыз ағыла кіріп жатқан жұрттың дабыры мен шуы амандық сөздерді де естіртпеді. Абай отырарлық орынды да қалдырмайтын тәрізді (М.Ә.). Күрделі синтаксистік тұтастық төрт абзацты қамтиды. Бұлардың арасын бүгін, келесі күні, қазір, енді біразда тәрізді үстеулер байланыстырған. Бірінші абзацтағы бүгін үстеуі ойды бастап тұрса, екінші абзацтағы келесі күні аналитикалық тәсіл арқылы жасалған үстеуі ойды жалғастырып, үшінші абзацтағы қазір мезгіл үстеуі ойды толықтыруға қатысса, төртінші абзацтағы енді біразда үстеуі мәтіннің аяқталмағандығын көрсетеді.

Дейкис қызметін тек есімдіктер атқарады деген пікір тұмау керек. Ол қызметті мекен және мезгіл үстеулер (кеше, былтыр т.б.), үстеуленген етістіктер (жоғарыда айтқандай, жаңа көрсеткендей) есімдік пен шылаулардың тіркесуі (осыған дейін, соған қарай т.б.) атқарады [6, 31-б.].

1. Салден соң шапшаң қозғалып, насыбайын алып тастап бір тостаған қымыз жұтты да, тақиясын қозғай түсіп, сөйлей бастады:

2. Ең әуелі, сол іс көптің ісі? Жоқ жұлынған, бұлқынған бірдің ғана ісі ме? дегенге айтарым – бұл көптің көңілінде жүргені. Бірақ менің аңғаруымша, соны ақыл-санасымен түгел қорытқан көпшілік аз. Ал күнделік

іште қайнаған зығырымен бұны сезінуші аса көп. Яғни көптің тілі бармаса да, жүрегі сезіп жүрген шындық. Ендеше көптің кеудесіндегі аты аталмаған арман дер едім! Бірақ арман да, ұран да бар ғой! ...

Жым-жырт тыңдаған жиың Абайдың ойы енді қалай өрбитінін әлі де ынтыға күтіп отыр. Әбіш ойлы жүзбен бас изеді.

Абай тағы да қозғала түсіп, сөйлеп отыр:

– Екінші – Базаралы осыны түсініп істеді ме? – дедің. Мен, Базаралының кеудесінде осыған ұқсаған ойдың көптен оралып жүретінін білетұғым. Ал Сібірге каторгаға барып қайтқанын кеін Базаралы осыны айқын түсініп, ұғынып істеді дейім... Үшінші – сол іске мені қалай қарадың деп сұрадың ғой. Жаңағы айтқандарымнан менің ішімдегі ойым мен ниетім ол істен, сол адамдардан бөтен емес, бір тектес екенін аңғару қиын болмас! – деп, өз жайын қысқа қайырды (М.Ә.). Мәтіннің басындағы яғни 2-сөйлемдегі ең әуелі үстеуі өзінен кейін ойдың жалғасы бар екенін байқатады. Кейінгі ойлар санамаланып екінші, үшінші сан есімдерімен берілген. Сонымен қатар бұл мезгіл үстеу мәнді тіркес қатысып тұрған сөйлемдерді бір ой желісіне шоғырлап тұрған – 2-сөйлем. Оның ішінде өзектісі “ең әуелі” күрделі мезгіл үстеуі. Мәтіндегі санамаланып параллель күйде тұрған кейінгі сөйлемдер, бұл сөйлем болмаса тұйықталмас еді, оқиғалар уақыттық желіге байланбас еді де, сөйтіп ой тиянақталмай, нәтижесінде мәтіннің де түзілуі қиын болар еді. Күрделі синтаксистік тұтастық Абайдың сөзімен аяқталады. Әуелі үстеуінің тура осындай мағынада коданылуын поэзиядан да көруге болады:

*«Адамзаттың қылар ісін,
Иманын, ары, нәпсісін,
Жарамын, көрсетем ішін,
Ниеті мен ішер асын».*

Әуелі сопыны сойды,
Жүрегін алдыма қойды,
Көріп едім талай тойды,

Дедім мен: «Астапыралда!» (Шәкәрім. Қырық жылдан өтіп жасым...).

1...Бірақ сонда да мына жиырма жер егін быыл тамаша бойшаң, бітік шыққан...2.Тіпті аласы жоқ. 3. Оны да қрестьяндар көп тамашалады. 4.Топырақты әрқайсысы әр тұстан қолға салып, қымбат ұнды таңдағандай, тесіле қарап, таңсық етеді.

5.Кейін орысша ұғатын Базаралыға келгенде, Апанас, Сергей, Шодыр – үшеуі тіпті көп шалағайлықтарды санады. 6.Жер тегіс жыртылмаған. 7. Соқа терең жүрмеген. 8.Әсіресе, малалау нашар (М.Ә.). Мысалдағы 5-сөйлемдегі кейін үстеуі өзінен бұрын ойдың бар екендігін аңғартады.

1.Қонақ түсетін үйді күні бұрын әзірлеп қойған болатын. 2.Енді қазір есік алдының қарын күреп, топырақ сеуіп жатты.

– Күлшелі бала сүюге жақсы деген-ау!.. – деді Темірке.

– Апырай де! Тап бір губернаторды күткендей болдық қой, деп қостады Тәңірберген.

Осыдан кейін ешкім үндемеді (Ә.Нұрп.). 1-сөйлемдегі күні бұрын үстеуі өзінен кейінгі сөйлемдегі енді қазір үстеуімен ойды жалғастырса, соңғы сөйлемдегі осыдан кейін үстеуі мәтінді қорытып тұр.

Дәркембай бұл жолы Базаралының үйінде болған жоқты. Оған бөгде бір себеп болды. Орыстарға егінді көрсетіп жүріп кеш бата бергенде, атына мінерде Дәркембайдың көзі Ойқұдық жақтағы жақын жотаға түсіп еді. Сонда кіші Қасқабұлақ жақтан, осы жақын адырға қарай жайылып шыққан жылқы көрінген.

Жырақтау болса да, жотада жүрген жылқы дәркембай қарттың алысты жақсы көргіш көзіне айқын байқалды.

Содан кейін Абылғазы мен орыстарды ауылға қайырып, өзі желе жортып, сол жылқыға барған. Бұл – екінді кезі. Бірнеше ауылдың қалың шоғыр бойдақ жылқысы қанаттасып, жасайылып жүр екен. Мал ішінде жүрген көп бақташы көрінбеді. Тек біреу ғана балалау жігіт – күндізгі жылқышы бар (М.Ә.). Мысалдағы екінші абзацтағы содан кейін үстеуі өзінен бұрынғы ойдың анықтап, қандай оқиға болғандығын байқатады.

Арада жеті-сегіз күн өтті. Бүгін түсте Дәрмен мен Әбішке тілдескелі Өтегелді келінті. Оның арнап әкелген тапсырынды сәлемі жоқ. Бірақ өз көңілімен Мағышқа батып жүрген белгісіздік жайды анық сезетін... Тек былтырғы күзде Абайдан бұрын Ділдәнің Тұрайға және Мағрипаның шешесіне астыртын айтқан сәлемі бар.

«Бөтенге алаң болмасын, құдай қосса Әбіш пен Мағрипаның бақытын қызықтаймын деген ниетім – ниет. Тек шадаймын, сабырын сұраймын» деген.

Содан бері жаңғырған бір ауыз сөз жоқ. Жіңсіз байланғандай Мағрипа отыр (М.Ә.). Соңғы абзацтағы содан бері үстеуі өзінен бұрынғы абзацтардың басын біріктіруге қызмет етіп тұр.

Күн аяз еді. Перрон абыр-сабыр. Жолаушылар мен жүк көтерген кісілер вагонға жүгірді. Аяқ астында сары табан қар сықырлайды. Паровоз нысылдап жүруге әзір тұр. Онан әрі қарауытқан рельс таспадай созылып жатты. Ал оның арғы жағында сарылған ұзақ жол, қарлы дала, жып-жылы купе. Онан соң қарт Азия, киіз үй, меңіреу дала, қар, алдеқандай Арал теңізі, қырғыз-қайсақтар елі... Сонан соң әкесінен қалған мұра, түпсіз байлық, байлық...(Ә.Нұрп.). Мәтіндегі онан әрі, онан соң, сонан соң мезгіл мәнді үстеулер ой жалғастығын арттырып тұр.

Мұстапа - бойдақ, кедей біраз тұрған,

Кәсібін күннен-күнге тәңрі оңғарған.
Аздан соң қатын алып, үй салғызып,
Шаһарда сенімдінің бірі болған.

Пұл құрап, киім түзеп, қарны тойған,
Қағазға өрнек жасап, сурет ойған.
Құдайым кешіктірмей бір ұл беріп,
Молдалар оның атын Әзім қойған.

Бір жасап, екі жасап, Әзім өсті,
Сонан соң медресеге барып түсті.
Аз жылда жақсы ғылым нәсіп етіп,
Жас жігіт жүзі нұрлы, көңлі масты. (Абай.Әзім әңгімесі).

Аздан соң, сонан соң үстеулері мезгілдік қатынасты білдіре отырып, ойды мағыналық жағынан тұтастыруға қатысқан.

М.Беллерт мәтінді «жалғастырушы» немесе байланыстыратын элементтердің бар екендігін айта келіп, оған жалқы есімдерді, жіктеу немесе сілтеу (относительные) есімдіктерін, кейбір үстеулерді жатқызады [94, 186].

Адамзат — бүгін адам, ертең топырақ,
Бүгінгі өмір жарқылдап алдар бірақ.
Ертең өзің қайдасың, білемісің,

Өлмек үшін туғансың, ойла, шырақ дегенде (Абай. Нұрлы аспанға тырысып өскенсің сен) *бүгін* мезгіл үстеуі *ертең* мезгіл үстеуімен жалғасын тауып, мәтін түзіп тұр.

Мен адамның таппаймын өнерлісін,
Ерінбей еңбек қылған көп жұмысын.
Іш жарып, ішек жалғап, сүйек қиып,
Жамайды ерін, мұрын, түскен тісін.
Аэроплан, телефон, грамофон,
Электр, радий мен магнит ісін.
Терең оймен тексермес надандарды
Дегізген: «Сайтанбысың, Тәңірімбісің?»

Осынша өнер тауып асқан адам,
Әлемнің қиын сырын асқан адам.
Ол түгіл өмірге де айла табар,
Өлмей жетер бірталай жасқа да адам.
Бірақ адам өз жанын танымайды,
Біледі бір өзінен басқаны адам.
Тіршілік – жоғалатын жан сипаты,
«Жаным жок»,– деп болады масқара адам.
Жалам емес, жазыпты пән деп мұны,
Не демес ойы жетпей сасқан адам.
Жанының бастан барын байқамапты,

Психолог ғылымын шашқан адам. (Шәкәрім. Мен адамның таппаймын өнерлісін...). *Осынша* мөлшер үстеуі алдыңғы шумақтағы барлық тармақтардың орнына, яғни адамның түрлі өнер, кәсіпті меңгергендігін білдіру мақсатында жұмсалған.

Үстеулердің мәтін арасын байланыстырудағы қызметі ерекше.

Жалпы алғанда, тіліміздегі сөз таптарының, оның ішінде есімдіктің, сан есімнің, үстеудің, шылаудың күрделі синтаксистік тұтастық арасын байланыстырудағы қызметі ерекше екендігі байқалады.

Қорытынды

Сөз таптары тіл білімінде ертеден танылған. Тіліміздегі сөздерді таптастыру лексика-семантикалық, морфологиялық және синтаксистік сипаттарына қарай топтастырылады. Сөз таптарының ерекше қызметтерінің бірі мәтін арасын байланыстыру болып табылады.

Мәтін грамматикасы, ең алдымен, оның ұйымдасуында құрылымдық-мағыналық бірлігін айрықша көрсету мәселесімен шұғылданады. Мәтін және оның бөлшектері тіл сферасына жататынын баса айту керек. Егер де сөйлем үшін екі аспект қажет десек, тілдік фразадан тыс бірлік, ал мәтіннің әр түрлі жанрлары үшін белгілі бір құрылыстық семаларды көрсетуге келмейді, олардың моделіне инвентаризация жасауға да болмайды. Олар шексіз әр түрлі және қолданыстағы тілде көрінеді. Мәтіннің құрылымдық-мағыналық тұтастыққа оның басты қасиеттерінің бірі – байласым арқылы қол жеткізуге болады. Мәтін өзара байланысқан ой білдірулердің фразадан тыс бірліктерге топтасқан, біріккен жиынтығын құрайды.

Мәтін – коммуникативті деңгей бірлігі ретінде адамдар арасында қарым-қатынастың тәсілі.

Мәтіннің құрылымы мына талаптарға жауап бергенде ғана жүзеге асады: сыртқы тұлғалық байланыстарға, белгілі бір ішкі мағынаға (мазмұнға) және дер кезінде қабылдана алу мүмкіншіліктеріне ие болуы, қарым-қатынас жасауды іске асыру т.б. Мәтіндегі тілдік тұлғаларды байланыстырушы құралдарға қосымшалар, қыстырмалар, қайталаулар, сөздердің орын тәртібі, интонация, есімдіктер т.б. жатады.

Синтаксистік тұтас единица құрауда есімдіктер қатысады. Есімдіктердің барлық мағыналық топтары, болымсыздық есімдіктен басқалары мәтінтүзімдік қасиетке ие бола алады.

Шылау сөздер – ішкі мазмұндары жағынан да, сыртқы формалары жағынан да, қызметтері жағынан да өздерінің бастапқы шыққан төркіндерінен біржолата қол үзіп, өздерінің дербес мағыналарынан айырылып, өз алдына категория болып қалыптасқан және көмекші сөздер тобына негізгі ұйытқы есебінде қызмет ететін сөздер.

Шылау сөздер өздері тіркескен негізгі (атауыш) сөздердің мағыналарын я толықтырып, я анықтап, оларға әрқилы реңктер жамап, айқындай түсіп отырады.

Жалғаулықтардың құрмалас сөйлем компоненттерін байланыстыруы мен дербес сөйлемдерді байланыстыруының арасына теңдік белгісін қоюға болмайды. Дербес сөйлемнің арасын байланыстыруда жалғаулықтар мен демеуліктердің қызметі айрықша. Қазақ тіліндегі демеуліктердің сөздерді, сөйлемдерді байланыстыру үшін қызмет етпей, өзі тіркескен сөзге қосымша мағына ғана үстейтіні туралы көзқарас қалыптасқан. Ал олардың синтакситік қызметіне мән берілмейді. Әйтсе де олардың (демеуліктердің) көмекші сөз ретінде басқа сөздермен тіркесіп келуі – олардың синтаксистік қасиетін білдіретін белгілері. Шылаулардың, оның ішінде, жалғаулықтар мен демеуліктерді контекст аясында алып қарау оның коммуникативтік мәнін неғұрлым толық ашып бере алатындығын көрсетеді.

Сан есімнің мағыналық топтары мен мезгіл мәнді үстеулер мәтін байланыстырушылық қызметте қолданылады.

Қазіргі қазақ тіліндегі мәтін синтаксисін қарастыруда сөз таптарының да мәтін байланыстырушылық сипаты ерекше.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Смағұлова Г. Мәтін лингвистикасы. – Алматы: Қазақ университеті, 2002. – 112 б.
- 2 Оразбаева Ф., Сағидолда Г., Қасым Б...Қазіргі қазақ тілі. – Алматы: PrintS, 2005. – 535 б.
- 3 Мұхтаров С. Қазақ тіл біліміндегі сөздерді таптастыру мәселесі. – Алматы: Ғылым, 2001. – 70 б.
- 4 Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. – Алматы: Ана тілі. 1993. – 446 б.
- 5 Аханов К. Тіл білімінің негіздері.– Алматы: Мектеп, 1978. – 493 б.
- 6 Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. Морфология. – Алматы:
- 7 Оралбаева Н. Қазіргі қазақ тілінің морфологиясы. – Алматы: Инжу-Маржан. 2007, – 390 б.
- 8 Момынова Б. Тілдегі жаңа бағыттар мен типтік қатынастар. -Алматы, 2009, -160.
- 9 Суник О.П. Общая теория частей речи. – М., 1966. – 187 с.
- 10 Қазақ грамматикасы. Фонетика, сөзжасам, морфология, синтаксис. – Астана, 2002. –784 б.
- 11 Салқынбай А. Қазіргі қазақ тілі. – Алматы: Қазақ университеті, 2008. – 340 б.
- 12 Балақаев М. Қазіргі қазақ тілі. – Астана: Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, 2006, –237 б.
- 13 Байтұрсынұлы А. Тіл – құрал. – Алматы: Сардар, 2009. – 348 б.
- 14 Пешковский А.М. Русский язык в научном освещении. – М: Учпедгиз, 1956. – 410 с.
- 15 Мамажанов А. Сверхфразовое единство как синтаксико-стилистическая категория // Советская тюркология. – 1984. № 1. – С. 52-56.
- 16 Бахтин М.М. Эстетика словесного творчества. –М.: Наука, 1980. – 125 с.

- 17 Жинкин Н.И. Речь как проводник информации. – М.: 1982. – 97 с.
- 18 Вайнрайх Х. Лингвистика лжи // Язык и моделирование социального взаимодействия. - М., 1987. – 35-42 сс.
- 19 Гальперин И.Р. Текст как объект лингвистического исследования.– М: Наука, 1981. – 139 с.
- 20 Бабенко Л.Г., Казарин Ю.В. Лингвистический анализ художественного текста. – М.,Флинта:Наука, 2004, – 496 с.
- 21 Джубанов А.Х. Статистическое исследование казахского текста с применением ЭВМ: Автореф. канд. филол.наук. - Алматы, 1973. – 28 с.
- 22 Шалабай Б. Мәтін лингвистикасы // Қазақ тілі. Энциклопедия. -Алматы, 1998. – 455 б.
- 23 Ерназарова З.Ш. Сөйлеу тілі синтаксисінің прагмалингвистикалық аспектісі. – Алматы, 2001. – 215 б.
- 24 Қайшығұлова Ж.Т. Қазақ мәтінінің күрделі тұтасым//абзац деңгейінде мүшеленуі: Филология ғыл. канд. ...дисс. – Алматы, 2001. –128 б.
- 25 Бүркітов О. Қазақ тіліндегі қайталамалардың лингвостилистикалық жүйесі: Филол.ғыл.док. ...авторефераты. – Алматы, 2001. – 49 б.
- 26 Адилова А.С. Қазіргі қазақ көркем мәтіндеріндегі цитация құбылысы немесе мәтін ішіндегі мәтін. – Қарағанды: ҚарМУ баспасы, 2012. – 262 б.
- 27 Солганик Г.Я. Синтаксическая стилистика. – М: Высшая школа, 1991. –216 с.
- 28 Жакупов Ж.А. Синтаксис строфы. – Омск: БОУДПО «ИРООО», 2008. – 124 с.
- 29 Лосева Л.М. Текст как единое целое высшего порядка и его составляющие. (Сложные синтаксические целые) // Русский язык в школе. –1973. №1. – С.64-67.

- 30 Фигуровский И.А. Синтаксис целого текста и ученические письменные работы. – М: Государственное учебно-педагогическое издательство, 1961. –171 с.
- 31 Москальская О.А. Грамматика текста. – М: Высшая школа, 1981. –175 с.
- 32 Синтаксис современного русского языка. Под ред. С.В.Вяткиной. СПб: Факультет филологии и искусств СПбГУ, 2008. – 347 с.
- 33 Қордабаев Т. Тарихи синтаксис мәселелері. – Алматы: Ғылым, 1964. –244 б.
- 34 Серғалиев М. Синтаксис мәселелері. – Астана: Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, 2006. – 411 б.
- 35 Мустафина С.С.Текстообразующие средства казахского языка: Автореф. канд. филол.наук. – Алма-Ата, 1989. – 25 с.
- 36 Оразбаева Ф., Сағидолда Г., Қасым Б. Қазіргі қазақ тілі. – Алматы: Prints, 2005. – 535 б.
- 37 Қордабаев Т. Қазақ тіліндегі құрмалас сөйлемдер синтаксисі. – Алматы: Санат, 1995. – 176 б.
- 38 Шалабай Б. Қазіргі қазақ тілі синтаксисі. – Алматы: Қазақ университеті. 2012, -186 б.
- 39 Аташев С.М. Қазіргі қазақ тіліндегі сөйлемнің актуалды мүшеленуі: филология ғыл. кан. дисс. – Алматы, 1995. – 125 б.
- 40 Серкова Н.И. Сверхфразовое единство как функционально-речевая единица: Автореф. канд.филол. наук. – М, 1966. –23 с.
- 41 Амирова Ж.Г. Синтаксические функции различных типов сложного целого в контексте А.И.Куприна: Автореф....канд. филол. наук. – Алма-Ата, 1983. –25 с.
- 42 Лосева Л.М. Как строится текст. – М: Просвещение, 1980. – 96 с.
- 43 Ильенко С.Г. Синтаксические единицы в тексте. – Л, 1989. – 82 с.

- 44 Джавадов А.М. Порядок языковых единиц: Автореф. ...д-ра филол. наук, – Баку, 1975. – 67 с.
- 45 Золотова Г.А. Синтаксис текста // Роль ремы в организации и типологии текста. – М: Наука, 1979. – 368 б.
- 46 Ковтунова И.В. Современный русский язык. Порядок слов и АЧ предложения. – М: Просвещение, 1976. – 239 с.
- 47 Есенов Қ. Қазақ тіліндегі синтаксистік қатынастар. – Алматы, 1985. – 76 б.
- 48 Новиков А.И. Семантика текста и ее формализация. - М: Наука, 1983. –216 с.
- 49 Ставский В.И. Семантико-синтаксические связи предложений в речи: Автореф. ...канд. филол. наук. – Ташкент, 1978. – 22 с.
- 50 Сыздықова Р. Абай өлеңдерінің синтаксистік құрылысы. –Алматы: Ғылым, 1970. – 175 б.
- 51 Серғалиев М. Сөз сарасы. – Алматы:Жазушы, 1989, – 198 б.
- 52 Сыздықова Р. Сөз күдіреті. – Алматы: Санат, 1997, – 224 б.
- 53 В.А.Маслова Современные направления в лингвистике. – М: Издательский центр «Академия». 2008, - 272 с.
- 54 Шалабаев Б. Көркем әдебиет стилистикасы. – Алматы, 1999. – 196 б.
- 55 Шаяхметова М.Х. Қазіргі қазақ тіліндегі сөйлемнің бірыңғай мүшелері. - Алматы, 1980. - 106 б.
- 56 Абдуллаев К.М. Соотношение глубинного и поверхностного состояний структуры в предложениях параллельными компонентами. (на материале тюркских памятников) // Советская тюркология, 1974. №1.– С.74-80.

- 57 Жақыпов Ж.А. Сөйлеу синтаксисінің сипаттары. – Қарағанды, 1998. -158 б.
- 58 Жакупов Ж.А. Сложные синтаксические единства в современном казахском языке: Дисс. ...кан.фил.наук. – Алма-Ата, 1990. – 140 б.
- 59 Жакупов Ж.А. Қазақ тілінің функционалдық синтаксисі: филология ғыл. док. дисс. – Алматы: 1999. – 226 б.
- 60 Ибатов А. Қазақ тіліндегі есімдіктер тарихынан. – Алматы: Ғылым. 1966, – 73 б.
- 61 Таусоғарова А. Өлең мәтінінің синтаксистік ерекшеліктері. – Алматы: Қазақ университеті, 2004. –185 б.
- 62 Сыздықова Р. Абайдың сөз өрнегі. – Алматы: Санат, 1995. – 208 б.
- 63 Лотман Ю.М. Структура художественного текста. – М: Искусство, 1970. –384 с.
- 64 Р.С.Әмір., Ж.Р.Әмірова. Құрмалас сөйлемдер қазақ тілінің грамматикалық, функционалдық жүйесінде. – Алматы: Қазақ университеті, 2009, - 122б.
- 65 Сильман Т.И. Проблемы синтаксической стилистики (на материале немецкой прозы) – Л: Просвещение. 1967. – 152 с.
- 66 Селиверстова О.Н. Местоимения в языке и речи. М: Наука, 1988, - 151 с.
- 67 Кузиков В.В. Лексико-грамматические средства выражения сверхфразового единства в древневерхненемецких памятниках // Проблемы сверхфразовых единств. Семантико-синтаксическая структура. (Межвузовский тематический сборник) – Уфа: Башкирский университет. 1985. – 152 с.
- 68 Пфютце М. Грамматика и лингвистика текста // Новое в зарубежной лингвистике. – М: Прогресс, 1978. – 479 с.

- 69 Трахова А. Семантико-синтаксические функции линейного и вертикального контекстов в художественной прозе А.С.Пушкина: Автореф.канд.дис. ...филол.наук. - Краснодар, 1999. - 20 с.
- 70 Кононов А.Н. О проминализации в турецком языке // Вопросы грамматики и истории восточных языков. - М. - Л., 1958. С.168-196.
- 71 Абикенова Г. Көркем мәтін түзуші мағыналық-құрылымдық бірліктердің теориялық негіздері. - Алматы, 2010. Ф.ғ.д. ғылыми дәрежесін алу үшін дайындаған дисс.авторефераты. - 40 б.
- 72 Молғаждаров Қ. Көне түркі тіліндегі шылау сөздердің лексика-грамматикалық сипаты: Филол. ғыл. канд... ғылыми дәрежесін алу үшін дайындаған дисс.. авторефераты. - Алматы, 2000. - 28 б.
- 73 Әміров Р. Жалғаулықтардың шығу тарихы // Қазақ тілі мен әдебиеті. 1959. Б. - 37-45.
- 74 Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. - Алматы: Ғылым, 1999. - 58 б.
- 75 Жұбанов Қ. Шылаулар // Ауыл мұғалімі, 1937. №3. - 33-39 бб.
- 76 Балақаев М. Қазақ тілі грамматикасының кейбір мәселелері. - Алматы: Ғылым, 1991. - 247 б.
- 77 Қазақ тілі грамматикасы бойынша зерттеулер. - Алматы: Ғылым, 1975. - 224 б.
- 78 Мұсабаев Ғ. Қазақ тілі мен грамматикасы тарихы, I бөлім. - Алматы, 1966. - ...
- 79 Қордабаев Т. Тарихи синтаксис мәселелері. - Алматы: Ғылым, 1964. - 244 б.
- 80 Молғаждаров Қ. Руника жазбаларындағы шылау сөздерді зерттеудің тиімді жолдары // Көне түркі жазуларының зерттелуі: бүгінгі мен болашағы. (Дөңгелек үстел материалдары). - Астана, 2004. - 230 б.

- 81 Бейсенбаева К.А. Сопоставительная грамматика русского и казахского языка. Алматы: Ана тілі. 1994. – 240 с.
- 82 Оралбаева Н., Мадина Ғ., Әбілқаев А. Қазақ тілі. Алматы: Қазақ университеті. 1993. – 336 б.
- 83 Сариева К. Қазақ тілі. Алматы: Білім, 1997. – 104 б.
- 84 Салищев В.А. К проблеме лексики как средства выражения связности текста // Проблемы сверхфразовых единств. Семантико-синтаксическая структура. (Межвузовский тематический сборник) – Уфа: Башкирский университет. 1985. – 152 с.
- 85 Бабенко Л.Г. Филологический анализ текста. Основы теории, принципы и аспекты анализа. – М.: Академический Проект, 2004. – 464 с.
- 86 Әлкебаева Д. Қазақ тілінің прагмастистикасы. – Алматы: Қазақ университеті, 2008, -258 б.
- 87 Иманалиева Ғ.Қ. Қазіргі қазақ тіліндегі шылаулардың синтаксисі. Филол. ғыл. канд. ... дисс. - Алматы, 1994. – 117 б.
- 88 Аманжолов С. Қазақ тілі теориясының негіздері. – Алматы, 2002. – 366 б.
- 89 Зеленщиков А.В. Функциональная семантика обоснования // Лингвистические средства текстообразования. – Барнаул: Алтайский государственный университет, 1985, - 186 с.
- 90 Момынова Б., Саткенова Ж. Қазіргі қазақ тілі морфологиясы. Есімдер. – Алматы: Арыс. 2007, – 120 б.
- 91 Томанов М. Қазақ тілінің тарихи грамматикасы. – Алматы, Мектеп, 1981, -205 б.
- 92 Пфютце М. Грамматика и лингвистика текста // Новое в зарубежной лингвистике. – М: Прогресс, 1978. – 479 с.
- 93 Айдаров Ғ., Құрышжанов Ә., Томанов М. Көне түркі жазба ескерткіштерінің тілі. -Алматы, 1977. -265 б.

94 Беллерт М. Об одном условии связности текста // Новое в зарубежной лингвистике. – М: Прогресс, 1978. – 479 с.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН КӨРКЕМ ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Әуезов М. Абай жолы. – Алматы: Жазушы, 1989.
- 2 Нұрпейсов Ә. Қан мен тер: Трилогия. – Алматы: Жазушы, 1991.
- 3 Мұратбеков С. Екі томдық таңдамалы шығармалар. – Алматы: Жазушы, 1991.
- 4 Жүнісов С. Ақан сері. – Алматы: Жазушы, 1981.
- 5 Жұмабаев М. Шығармалар жинағы. – Алматы: Жазушы, 2002.
- 6 Құнанбаев А. Екі томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Жазушы, 1986.
- 7 Құдайбердіұлы Шәкәрім. – Алматы: Жалын, 1988.
- 8 Дулатов М. Шығармалары. – Алматы: Жазушы, 1991.

Репозиторий КАРГУ